

Б.2.2 Ақса
Қ 77

Алтыншаш Құрманәлі

**АҒЫЛШЫН
ТІЛІНІҢ
ГРАММАТИКАСЫ**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Сулейман Демирель атындағы университет

Алтыншаш Құрманәлі

**АҒЫЛШЫН ТІЛІНІН
ГРАММАТИКАСЫ**

(Оқу құралы)



Алматы
2013

УДК 811.111(075.8)
ББК 81.2-2 АҒЫЛ
Қ77

Баспаға Сулейман Демирель атындағы университеттің Ғылыми Кеңесі ұсынған
(Хаттама № 11, 28.06.2013 ж).

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің
«Шетел тілдері» мамандықтар тобы бойынша республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі
ұсынған (Хаттама № 1, 19.09.2013 ж).

Пікір жазғандар:

Ф.ғ.д., профессор Зәуреш Қанашқызы Ахметжанова
Ф.ғ.к., асоц. профессор Майра Шорақызы Сарыбай
П.ғ.к., доцент Аида Кеңесбекқызы Садықова

Құрманәлі Алтыншаш Арыстанбекқызы

Қ77 Ағылшын тілінің грамматикасы: Оқу құралы. -Алматы: С. Демирель атындағы
университет, 2013. – 250 б.

ISBN 9965-792-67-4


Ұсынылып отырған оқу құралында қазақ бөлімі студенттері мен магистранттарының ағылшын тілінің грамматикасы бойынша теориялық білімдерін тереңдетумен қатар, олардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасауға қажетті біліктерін дамыту мақсаты көзделіп отыр. Оқу құралын жазуда сыныптағы уақыттың тапшылығы ескеріліп, білімгерлердің өз бетінше жұмыс істеуіне баса назар аударылды.

Грамматиканы оқытудағы басты мақсат білімгерлердің грамматикалық құбылыстарды сөз әрекетінің әрбір түрінде қолдана білу дағдыларын қалыптастырып, одан әрі дамыту болғандықтан, грамматикалық материалдарды бекітуге арналған жаттығулар мен тестер көптеп қамтылды.

Ұсынылып отырған кітап жоғары оқу орындарының тілдік емес факультеттерінің қазақ бөлімінің 1-курс студенттері мен магистранттарына «Ағылшын тілін» базалық пән ретінде оқыту барысында ағылшын тілінің грамматикасын меңгертуде көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға арналған.

УДК 811.111(075.8)
ББК 81.2-2 АҒЫЛ

ISBN 9965-792-67-4



© Құрманәлі А.А., 2013
© «Таңбалы», 2013

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі таңда егеменді еліміз әлемдік өркениетті елдердің қатарына қосылып, өзге елдермен саяси, экономикалық, мәдени және достық қарым-қатынастары нығайып, әлемдік қауымдастықта ықпалының артуына байланысты жастарымыздың бірнеше тіл білуі, әсіресе ғылым, білім және халықаралық қарым-қатынас тілі болып табылатын ағылшын тілін жетік меңгеруі заман талабына айналып отыр. Осы орайда, елімізде ағылшын тілін үйрету мақсатында кітаптар көптеп жазылуда. Алайда студенттер мен магистранттарға ағылшын тілінің грамматикасын ана тілімізде оқытуға арналған кітаптар жоқтың қасы. Қазақ тілді білімгерлер үшін ағылшын тілінің грамматикалық құрылысын тікелей ағылшын тілінде немесе орыс тілі арқылы үйрену айтарлықтай қиындықтар туғызады. Орыс тілінде жазылған оқулықтарда болса, қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері ескерілмейді немесе қазақ тілді білімгерлер үшін онай кейбір грамматикалық тұлғалар күрделі тәсілдермен түсіндіріледі.

Ұсынылып отырған оқу құралы осы олқылықтардың орнын толтыра отырып, ағылшын тілінің грамматикасын тілдік смес факультеттердің қазақ бөлімі студенттері мен магистранттарына ана тілімізде түсіндіру нәтижесінде жылдам, әрі берік меңгерту мақсатында жазылып отыр.

Оқу құралын жазуда сыныптағы уақыттың тапшылығы ескеріліп, білімгерлердің өз бетінше жұмыс істеуіне баса назар аударылды. Теориялық білімді практикамен ұштастырғанда ғана тілді жетік үйренуге болатындықтан, білімгерлердің ағылшын тілі грамматикасы бойынша теориялық білімдерін тереңдетумен қатар, олардың тікелей ағылшын тілінде қарым-қатынас жасауға қажетті біліктіліктері мен дағдыларын дамыту мақсатында күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын сөздермен және сөз тіркестерімен сөйлем құрауға аса мән берілді. Грамматикалық тұлғалар жүйелі түрде қолға алынып, есте сақтауға қолайлы кестелер және сызбалар арқылы көрсетілді, сондай-ақ мүмкіндігінше қарапайым тілмен түсіндірілді.

Оқу құралында білімгерлердің практикалық дағдыларын дамыту мақсатында мысалдар мен жаттығулар көптеп берілді. Грамматиканы оқытудағы басты мақсат білімгерлердің грамматикалық құбылыстарды сөз әрекетінің әрбір түрінде қолдана білу дағдыларын қалыптастырып, одан әрі дамыту болғандықтан, грамматикалық материалдарды бекітуге арналған жаттығулардың маңызы ескеріліп, грамматикалық материалдарды бекітуге арналған жаттығулар мен тестер көптеп қамтылды. Атап айтқанда, әрбір грамматикалық тақырып жаттығулармен және тестермен түйінделді.

Оқу құралын жазуда Betty Schramper Azar'дың “Fundamentals of English Grammar. Longman, 2003”, John Eastwood'тың “Oxford Practice Grammar. Oxford University Press, 1993” және Raymond Murphy'дің “English Grammar in Use. Cambridge University Press, 2004” оқулықтары негізге алынды және “Oxford Wordpower” (Dictionary, for Learners of English Oxford University Press, 2004); “Oxford Student’s Dictionary”, Oxford University Press, 1988; “English-Kazakh Dictionary” (S.G. Akhmetova, J.B. Tursunbaeva, J.I. Iskakova, E.Ph. Yarova, Almaty, 2004); В. Франк. Орысша-қазақша-ағылшынша пәндік-тақырыптық сөздік”, 2000; “Langenscheid’s Grand Dictionary English-Turkish”, Istanbul, 1994; “Longman Dictionary of Contemporary English”, 1993 т.б. сөздіктер пайдаланылды.

Ұсынылып отырған кітап жоғары оқу орындарының тілдік емес факультеттерінің қазақ бөлімінің 1-курс студенттері мен магистранттарына «Ағылшын тілін» базалық пән ретінде оқыту барысында ағылшын тілінің грамматикасын меңгертуде көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға арналған.

Автор

PLURAL FORMS of NOUNS (ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ КӨПШЕ ТҮРІ)

Қазақ тілінде көптік ұғым - тар / -тер, - дар / -дер, -лар / -лер жалғаулар арқылы білдірілетін болса, ағылшын тілінде зат есімдерге көптік мағына үстеу үшін **-s** және **-es** жалғаулары жалғанады.

Ескерту: Ағылшын тілінде зат есімдер саналатын (Countable Nouns) және саналмайтын (Uncountable Nouns) болып екіге бөлінеді. Саналатын зат есімдердің көпше түрінде бір мағынасын үстейтін, яғни жалқылық ұғымын білдіретін **a / an** белгісіз артиклі қолданылмайды. Ал саналмайтын зат есімдердің көпше түрі болмайды, сондықтан олар ешқашан көптік жалғауын қабылдамайды.

I. Зат есімдердің көпше түрі көбінесе зат есімдердің жекеше түріне **-s** көптік жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы:

a book	→	books	(кітап → кітаптар)
a picture	→	pictures	(сурет → суреттер)
a window	→	windows	(терезе → терезелер)
a chair	→	chairs	(орындық → орындықтар)
a student	→	students	(студент → студенттер)
a teacher	→	teachers	(мұғалім → мұғалімдер)
a president	→	presidents	(президент → президенттер)

II. **S, ss, ch, tch, sh, x, z** әріптерімен аяқталған зат есімдерден кейін **-es** жалғауы жалғанады. Мысалы:

a bus	→	buses	(автобус → автобустар)
a dress	→	dresses	(көйлек → көйлектер)
a waitress	→	waitresses	(даяшы → даяшылар)
a church	→	churches	(шіркеу → шіркеулер)
a peach	→	peaches	(шабдалы → шабдалылар)
a watch	→	watches	(қол сағат → қол сағаттар)
a match	→	matches	(сіріңке → сіріңкелер)
a wish	→	wishes	(тілек → тілектер)
a brush	→	brushes	(щетка → щеткалар)
a box	→	boxes	(жәшіктер → жәшіктер)
a tax	→	taxes	(салық → салықтар)

III. **'O'** әрпімен аяқталған зат есімдерден кейін де **-es** жалғауы жалғанады. Мысалы:

a tomato	→	tomatoes	(қызанақ → қызанақтар)
a potato	→	potatoes	(картоп → картоптар)
a hero	→	heroes	(батыр → батырлар)

Ескерту: **'O'** әрпімен аяқталған кейбір халықаралық зат есімдерге тек қана **-s** жалғауы жалғанады. Мысалы:

a photo	→	photos	(сурет → суреттер)
a radio	→	radios	(радио → радиолар)
a kimano	→	kimanos	(кимано → киманолар)
a zoo	→	zoos	(зоопарк → зоопарктар)
a studio	→	studios	(студия → студиялар)

IV. Соңғы әрпі (жазылуы немесе айтылуы) ‘f’ әрпімен аяқталған зат есімдердің көпше түрінде болса, алдымен ‘f’ әрпі ‘v’ әрпіне ауысады, содан кейін -es жалғауы жалғанады. Мысалы:

f → v + es

a shelf	→	shelves	(сөре → сөрелер)
a leaf	→	leaves	(жапырақ → жапырақтар)
a knife	→	knives	(пышак → пышактар)
a wife	→	wives	(әйел → әйелдер)

Ескерту: ‘f’ әрпімен аяқталған кейбір зат есімдерге тек қана -s жалғауы жалғанады.

Мысалы:

a safe	→	safes	(сейф → сейфтер)
a cliff	→	cliffs	(жартаc → жартаcтар)
a belief	→	beliefs	(сенім → сенімдер)
a roof	→	roofs	(шатыр → шатырлар)

V. ‘y’ әрпімен аяқталған және ‘y’ әрпінен бұрын дауыссыз дыбыс келген зат есімдердің көпше түрі төмендегідей жасалады:

y → i + es

a city	→	cities	(қала → қалалар)
a nationality	→	nationalities	(ұлт → ұлттар)
a lady	→	ladies	(ханым → ханымдар)
a dictionary	→	dictionaries	(сөздік → сөздіктер)

Ескерту: ‘y’ әрпінен бұрын дауысты дыбыс келген зат есімдерге тек қана -s жалғауы жалғанады. (Дауысты дыбыстар: a, o, e, u, i)

a day	→	days	(күн → күндер)
a holiday	→	holidays	(мейрам → мейрамдар)
a toy	→	toys	(ойыншык → ойыншықтар)
a key	→	keys	(кілт → кілттер)

VI. Ережеден тыс:

a man	→	men	(еркек → еркектер)
a woman	→	women	(әйел → әйелдер)
a foot	→	feet	(аяқ → аяқтар)
a tooth	→	teeth	(тіс → тістер)
a goose	→	geese	(қаз → қаздар)
a child	→	children	(бала → балалар)
a person	→	people	(адам → адамдар)
an ox	→	oxen	(өгіз → өгіздер)
a mouse	→	mice	(тышқан → тышқандар)

a deer	deer	(киік → киіктер)
a sheep	sheep	(қой → қойлар)
a fish	fish	(балық → балықтар)

Мысалдар:

one notebook	(бір дәптер)	→ two notebooks	(екі дәптер)
one waitress	(бір даяшы)	→ two waitresses	(екі даяшы)
one diary	(бір күнделік)	→ two diaries	(екі күнделік)
one fireman	(бір өрт сөндіруші)	→ two firemen	(екі өрт сөндіруші)
one child	(бір бала)	→ two children	(екі бала)
one tomato	(бір қызанақ)	→ two tomatoes	(екі қызанақ)
one piano	(бір пианино)	→ two pianos	(екі пианино)
one thief	(бір ұры)	→ two thieves	(екі ұры)
one ashtray	(бір күл салғыш)	→ two ashtrays	(екі күл салғыш)

Exercise 1. Write the below given nouns in Plural Form:

- | | | |
|---------------------|-----------|--------------------|
| 1. a school | → schools | 21. a peach |
| 2. a secretary | | 22. a policeman |
| 3. a desk | | 23. a dish |
| 4. a holiday | | 24. a baby |
| 5. a fox | | 25. a zoo |
| 6. a housewife | | 26. a cliff |
| 7. a brush | | 27. a butterfly |
| 8. a fish | | 28. a deer |
| 9. a lorry | | 29. a sandwich |
| 10. a boy | | 30. a library |
| 11. a boss | | 31. a person |
| 12. a wolf | | 32. a holiday |
| 13. a mouse | | 33. a potato |
| 14. a monkey | | 34. a sheep |
| 15. an ox | | 35. a leaf |
| 16. a photo | | 36. a horse |
| 17. a thief | | 37. an air-hostess |
| 18. an actress | | 38. a donkey |
| 19. a hero | | 39. a child |
| 20. a businesswoman | | 40. a month |

Exercise 2. Write the Plural Forms of the following Nouns.

Example: one brush → two brushes

- | | |
|----------------------------------|------------------------------------|
| 1. one businesswoman → two | 11. one dress → thirty |
| 2. one envelope → three | 12. one goose → forty |
| 3. one diary → four | 13. one box → fifty |
| 4. one tomato → five | 14. one shelf → sixty |
| 5. one key → six | 15. one fish → seventy |
| 6. one dictionary → seven | 16. one chief → eighty |
| 7. one postman → eight | 17. one fireman → ninety |
| 8. one child → nine | 18. one baby → one hundred |
| 9. one waitress → ten | 19. one glass → one thousand |
| 10. one family → twenty | 20. one photo → one million |

Exercise 3. Change the following sentences from singular to plural as in the example:

Example: He is a clever boy. **They are clever boys.**

- | | |
|------------------------------|-------|
| 1. She is a waitress. | |
| 2. It is an old shelf. | |
| 3. He is a policeman. | |
| 4. It is a new building. | |
| 5. It is a new city. | |
| 6. He is a kind person. | |
| 7. It is an old church. | |
| 8. She is a housewife. | |
| 9. It is a rich country. | |
| 10. She is a beautiful lady. | |

Exercise 4. Change the following sentences from singular to plural as in the example:

Example: The bus is full. **The buses are full.**

- | | |
|-----------------------------------|-------|
| 1. The window is closed. | |
| 2. The child is in the garden. | |
| 3. The shelf is full of books. | |
| 4. The watch is expensive. | |
| 5. The baby is crying. | |
| 6. The potato is rotten. | |
| 7. The secretary is absent today. | |
| 8. The knife is dull. | |
| 9. The sandwich is delicious. | |
| 10. The sportsman is healthy. | |

UNCOUNTABLE NOUNS (САНАЛМАЙТЫН ЗАТ ЕСІМДЕР)

Саналмайтын зат есімдер әрқашан жекеше түрде қолданылады және жекеше етістікті талап етеді. Төменде саналмайтын зат есімдердің тізімі беріліп отыр.

Food and drinks

food
bread
cheese
butter
sugar
honey
jam
salt
pepper
meat
rice
flour
soup
oil
fruit
tea
coffee
juice
milk
yoghurt
cream
coke
wine
beer
champagne
whisky

Games

darts
billiards
checkers
draughts
dominoes

Science and Subjects of study

linguistics
politics
mathematics
physics
economics
electronics

The other words

time
money
news
work
homework
information
advice
furniture
weather
light
air
paper
weather
chalk
sand
grass
energy
perfume
vocabulary
medicine
noise
hair
soap
rain
snow
fog
ice
knowledge
accommodation
luggage
baggage
health
love
happiness
honesty
luck
experience
patience
silence
confidence
courage

PERSONAL PRONOUNS (ЖІКТЕУ ЕСІМДІКТЕРІ)

I	→	мен	we	→	біз
you	→	сен / сіз	you	→	сендер / сіздер
he / she / it	→	ол	they	→	олар

TO BE КӨМЕКШІ ЕТІСТІГІНІҢ ОСЫ ШАҚТА (SIMPLE PRESENT) ЖІКТЕЛУІ

I am	...	→	Мен ...	-пын /-пін (- бын / - бін, -мын /-мін).
You are	...	→	Сен ...	-сың /-сің.
He (she / it) is	...	→	Ол ...	Ø.
We are	...	→	Біз ...	-пыз /-піз (- быз /-біз, -мыз /-міз).
You are	...	→	Сендер ...	-сындар /-сіндер.
They are	...	→	Олар ...	Ø.

I am Kazakh.	(I'm Kazakh.)	Мен – қазақпын.
You are very clever.	(You're very clever.)	Сен – өте ақылдысың.
He is a dentist.	(He's a dentist.)	Ол – тіс дәрігері.
She is in Egypt now.	(She's in Egypt now.)	Ол қазір Египетте.
It is very expensive.	(It's very expensive.)	Ол – өте қымбат.
We are in class now.	(We're in class now.)	Біз қазір сабақтамыз.
You are very lazy.	(You're very lazy.)	Сендер өте жалқаусындар.
They are on holiday now.	(They're on holiday now.)	Олар қазір демалыста.

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

I am a student.	Мен – студентпін.
You are a doctor.	Сен – дәрігерсің.
He is an engineer.	Ол – инженер.
She is a teacher.	Ол – мұғалім.
We are journalists.	Біз – журналиспіз.
You are businessmen.	Сіздер – іскер адамдарсыздар.
They are cooks.	Олар – аспаздар.


Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

I'm not a cleaner.	Мен тазалықшы емеспін.
You aren't a writer.	Сен жазушы емессің.
He isn't an actor.	Ол актер емес.
She isn't an actress.	Ол актриса емес.
We aren't pensioners.	Біз зейнеткер емеспіз.
You aren't policemen.	Сендер полиция емессіндер.
They aren't waitresses.	Олар даяшы емес.


WORD ORDER in INTERROGATIVE SENTENCES (СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДЕГІ СӨЗ ТӘРТІБІ)

Ағылшын тілінде сұраулы сөйлемдер сұрау есімдігі бар және сұрау есімдігі жоқ сұраулы сөйлемдер болып екіге бөлінеді. Сұрау есімдігі бар сұраулы сөйлемдер сұрау есімдігімен басталады, ал сұрау есімдігі жоқ сұраулы сөйлемдер көмекші етістікпен басталады. Екі сөйлем түрінде де қалған сөз тәртібі бірдей. Атап айтқанда, ағылшын тілінде сұраулы сөйлемдер төмендегідей сөз тәртібімен жасалады.

A. Сұрау есімдігі бар сұраулы сөйлемдер:



Ә. Сұрау есімдігі жоқ сұраулы сөйлемдер:



Positive Interrogative Sentences (Болымды сұраулы сөйлемдер):

Am I your servant?	Мен сенің қызметшіңмін бе?
Are you a lawyer?	Сен адвокатсың ба?
Is he a minister?	Ол министр ме?
Is she a poet?	Ол акын ба?
Are we porters?	Біз жүк тасушымыз ба?
Are you singers?	Сендер әншісіңдер ме?
Are they reporters?	Олар тілшілер ме?

Negative Interrogative Sentences (Болымсыз сұраулы сөйлемдер):

Aren't I your friend?	Мен сенің досың емеспін бе?
Aren't you a manager?	Сіз директор емессіз бе?
Isn't he a rector?	Ол ректор емес пе?
Isn't she a dean?	Ол декан емес пе?
Aren't we students?	Біз студент емеспіз бе?
Aren't you nurses?	Сендер мейірбике емессіңдер ме?
Aren't they journalists?	Олар журналистер емес пе?

W- Question Sentences (Сұрау есімдігі бар сұраулы сөйлемдер):

Who are you?	Сен кімсің?
Who is he / she?	Ол кім?
How are you?	Жағдайың қалай?
How is he / she?	Оның жағдайы қалай?
How old are you?	Жасың нешеде?
How old is he / she?	Оның жасы нешеде?
What is your name?	Атың кім?
What is his / her name?	Оның аты кім?

GETTING INTRODUCED (ТАНЫСУ)

- | | |
|---------------------------------|------------------------|
| 1. – What’s your name? | – Сенің атың кім? |
| – My name’s Magzhan. | – Менің атым – Мағжан. |
| 2. – What’s your job? | – Мамандығың не? |
| – I’m a student. | – Студентпін. |
| 3. – How old are you? | – Жасың нешеде? |
| – I’m twenty-five. | – Жиырма бес жастамын. |
| 4. – Are you married? | – Үйленгенсің бе? |
| – No, I’m not. | – Жоқ, бойдакпын. |
| 5. – What country are you from? | – Қай елденсің? |
| – I’m from Kazakhstan. | – Қазақстаннанмын. |
| 6. – What city are you from? | – Қай қаладансың? |
| – I’m from Almaty. | – Алматыданмын. |
| 7. – What nationality are you? | – Ұлтың не? |
| – I’m Kazakh. | – Қазақпын. |

INTRODUCING PEOPLE (КІСІЛЕРДІ ТАНЫСТЫРУ)

- | | |
|--------------------------------|--------------------------|
| 1. – What’s her name? | – Оның аты кім? |
| – Her name’s Mary Brown. | – Аты-жөні Мэри Браун. |
| 2. – What’s her job? | – Мамандығы кім? |
| – She’s an English teacher. | – Ағылшын тілі мұғалімі. |
| 3. – How old is she? | – Жасы нешеде? |
| – She’s thirty-two. | – Оғыз екі жаста. |
| 4. – Is she married? | – Тұрмысқа шыққан ба? |
| – Yes, she is. | – Иә, тұрмысқа шыққан. |
| 5. – What country is she from? | – Қай елден? |
| – She’s from England. | – Англиядан. |
| 6. – What city is she from? | – Қай қаладан? |
| – She’s from London. | – Лондон қаласынан. |
| 7. – What nationality is she? | – Ұлты не? |
| – She’s English. | – Ағылшын. |

PRESENT SIMPLE of *TO BE*

Exercise 5. Complete the sentences with **am, is** or **are**.

1. I ... a student at Suleyman Demirel University.
2. This is Mary Smith. She ... an accountant.
3. My name is Fernando. I ... from Spain.
4. They ... on holiday now.
5. Naomi Campbell ... a model.
6. You ... very beautiful.
7. Angelina Jolie ... a famous film star.
8. We ... tourists.
9. John and Mike ... hardworking students.
10. Her brother ... a famous musician.
11. The Baiterek Tower ... in Astana.
12. My parents ... pensioners.
13. We ... the champions.
14. You ... very lazy today.
15. He ... good at mathematics.
16. London ... a capital of England.
17. Ahmet and Ali ... Turkish.
18. It ... Monday today.
19. They ... very successful.
20. The Lexus ... an expensive car.

Exercise 6. Write negative sentences.

Example: I'm a dentist. I'm not an optician.

1. He is Portuguese. Brazilian.
2. It's a restaurant. a café.
3. They are from Spain. from Italy.
4. It's a CD. a cassette.
5. We are architects. constructors.
6. She is a model. an actress.
7. They are in Greece. in Turkiye.
8. He is forty. fifty.

9. I am single. married.
10. You are a nurse. a doctor.

Exercise 7. Complete the sentences with *am / is / are*.

1. they at school?
2. I late?
3. you thirsty?
4. they on business here?
5. she a psychiatrist?
6. her parents on holiday?
7. he a millionaire?
8. you at home?
9. they from the USA?
10. you good at tennis?

Exercise 8 . Put the words in the right order to make questions.

Example: Where / you / from / are ?

Where are you from?

1. Name / is / what / your?
2. They / where / are / now?
3. You / old / are / how?
4. What / is / nationality / he?
5. They / Canadian / are?
6. City / what / you / are / from?
7. Is / engaged / she?
8. Country / are / what / from / they?
9. You / a / businesswoman / are?
10. He / married / is / or / single?

Exercise 9. Translate the following sentences into English:

1. – Сіздің атыңыз кім? – Аты-жөнім – Давид Арчер.
.....
2. – Мамандығыңыз не? – Дәрігермін.
.....
3. – Жасыңыз нешеде? – Жырма сегіз жастамын.
.....

4. – Үйленгенсіз бе? – Иә, үйленгенмін.

5. – Қай елденсің? – Англияданмын.

6. – Қай қаладансыз? – Оксфордтанмын.

7. – Ұлтыңыз не? – Ағылшынмын.

Exercise 10. Translate the following sentences into English:

1. – Оның аты кім? – Оның аты – Тони Мюллер.

2. – Мамандығы не? – Инженер.

3. – Жасы нешеде? – Қырық бес жаста.

4. – Үйленген бе? – Иә, үйленген.

5. – Қай елден? – Германиядан.

6. – Қай қаладан? – Берлиннен.

7. – Ұлты не? – Неміс.

Exercise 11. Translate the following sentences into English:

1. Мен қазір Лондондамын.

2. Бүгін күн жылы.

3. Сен қазір демалыстасың ба?

4. Біз қазір сабақтамыз.

5. Олар егіз.

6. Сіз тіс дәрігерісіз бе?

7. Сен тым өзімшілсің.

8. Ағаң үйде ме?

9. Оның әкесі атакты сәулетші.

10. Сен Атыраудансың ба?

11. Олар студент емес.

12. Ол неміс пе, әлде ағылшын ба?

13. Бастық қазір кеңседе емес.

14. Олар қазір жиналыста ма?

15. Олар қай қаладан?

PREPOSITIONS OF PLACE (МЕКЕН КӨМЕКШІ СӨЗДЕРІ)


Ағылшын тілінде мекен-жайды білдіру үшін зат есімдердің алдында **in, on, at, under, near, next to, in front of, behind, opposite, between, among, in the middle of** т.б. көмекші сөздер (предлогтар) қолданылады. Мысалы:

in → ішінде, -да / -де

- | | |
|--|------------------------------|
| – Where is the teapot? | – Шәйнек қайда? |
| – It's in the cupboard. | – Шкафтың ішінде. |
| – Where are the cups? | – Кеселер қайда? |
| – They're in the cupboard, too. | – Олар да шкафтың ішінде. |
| – Where are the children? | – Балалар қайда? |
| – They're in the garden. | – Бақшада. |
| – Where is your dictionary? | – Сөздігің қайда? |
| – It's in my bag. | – Сөмкемеде. |
| – Where is your boss? | – Бастығың қайда? |
| – He's in China. | – Қытайда. |
| – Where is Mr Askar Bolatov? | – Асқар Болатов мырза қайда? |
| – He's in Astana. | – Астанада. |
| – Where are Ainur and Ardak? | – Айнұр мен Ардақ қайда? |
| – They're in the car (in the taxi). | – Машинада (таксиде). |

on → үстінде, -да / -де

- | | |
|---|------------------------------|
| – Where are the books? | – Кітаптар қайда? |
| – They're on the desk. | – Жазу үстелінің үстінде. |
| – Where are the new magazines? | – Жаңа журналдар қайда? |
| – They're on the shelf. | – Сөреде. |
| – Where are the pictures? | – Суреттер қайда? |
| – They're on the wall. | – Қабырғада. |
| – Where is the carpet? | – Кілем қайда? |
| – It's on the floor. | – Еденде. |
| – What floor is your flat on ? | – Пәтеріңіз қай қабатта? |
| – It's on the first floor. | – Бірінші қабатта. |
| – Where are you? | – Қайдасың? |
| – I'm on the bus (on the train). | – Автобустамын (пойыздамын). |



at → -да, -де

- | | |
|---------------------------------|-------------------------------|
| – Where is your mother? | – Анаң қайда? |
| – She is at home. | – Үйде. |
| – Where is your father? | – Әкең қайда? |
| – He is at work. | – Жұмыста. |
| – Where are the students? | – Студенттер қайда? |
| – They are at the conference. | – Конференцияда. |
| – Where is Mr Mukhtar Nurtayev? | – Мұхтар Нұртаев мырза қайда? |
| – He is at the meeting. | – Жиналыста. |
| – Where is your sister? | – Әпкең қайда? |
| – She is at the hairdresser's. | – Шаштаразда. |
| – Where is the manager? | – Директор қайда? |
| – He is at the doctor's. | – Дәрігерде. |
| – Where are your parents? | – Әке-шешен қайда? |
| – They are at the wedding. | – Тойда. |

under → астында

- | | |
|--------------------------|-----------------------|
| – Where is the cat? | – Мысық қайда? |
| – It's under the table. | – Үстелдің астында. |
| – Where are the boxes? | – Қораптар қайда? |
| – They're under the bed. | – Кереуеттің астында. |

near → маңында

- | | |
|----------------------------------|------------------------|
| – Where is your hostel? | – Жатақханаң қайда? |
| – It's near the hospital. | – Аурухананың маңында. |
| – Where is Saken's house? | – Сәкеннің үйі қайда? |
| – It's near the museum. | – Мұражайдың маңында. |

next to → жанында

- | | |
|---|--------------------------------|
| – Where is Erdaulet's school? | – Ердәулеттің мектебі қайда? |
| – It's next to the national library. | – Ұлттық кітапхананың жанында. |
| – Where is the new bus station? | – Жаңа автовокзал қайда? |
| – It's next to the stadium. | – Стадионның жанында. |

in front of → алдында

1. – Where are you? – Қайдасың?
– I'm **in front of** the museum. – Мұражайдың алдындамын.
2. – Where is your car? – Машинаң қайда?
– It's **in front of** the factory. – Фабриканың алдында.

behind → артында

1. – Where is the post-office? – Пошта қайда?
– It's **behind** the shopping centre. – Сауда орталығының артында.
2. – Where is the bookshop? – Кітап дүкені қайда?
– It's **behind** the cinema. – Кинотеатрдың артында.

opposite → қарама-қарсысында

1. – Where are you? – Қайдасындар?
– We're **opposite** the museum. – Мұражайдың қарама-қарсысындамыз.
2. – Where is the Auezov theatre? – Әуезов театры қайда?
– It's **opposite** the Kazakh Circus. – Қазақ циркінің қарама-қарсысында.

between → (екі заттың) арасында

1. – Where is the Art Gallery? – Өнер галереясы қайда?
– It's **between** our house and the station. – Біздің үй мен вокзалдың арасында
2. – Where is the restaurant? – Мейрамхана қайда?
– It's **between** the pharmacy and the college. – Дәріхана мен колледждің арасында.

among → (екіден көп заттың) арасында

1. – Where is the villa? – Вилла қайда?
– It's **among** the apple-trees. – Алма ағаштарының арасында.
2. – Where is the lecturer? – Оқытушы қайда?
– He is **among** the students. – Студенттердің арасында.

in the middle of → ортасында

1. – Where is the pool? – Бассейн қайда?
– It's **in the middle of** the garden. – Бақшаның ортасында.
2. – Where is the table? – Үстел қайда?
– It's **in the middle of** the living- room. – Қонақ бөлменің ортасында.

**PREPOSITIONS of PLACE (IN, AT, ON)
(IN, AT, ON МЕКЕН КӨМЕКШІ СӨЗДЕРІ)**

Көмекші сөздердің ішінен көбінесе **in, on, at** мекен көмекші сөздері айтарлықтай қиындық туғызады. Бұл мәселені жеңілдету мақсатымен, төменде аталған көмекші сөздермен қолданылатын сөздерді ұсынып отырмыз.

IN мекен көмекші сөзімен қолданылатын сөздер:

- | | |
|--|---------------------------------|
| 1. in Kazakhstan | 26. in the water |
| 2. in Astana | 27. in the river |
| 3. in the city | 28. in the lake |
| 4. in the country | 29. in the sea |
| 5. in the village | 30. in the ocean |
| 6. in the centre | 31. in the car |
| 7. in the street | 32. in the taxi |
| 8. in Zheltoksan Street | 33. in the world |
| 9. in the west of / in the east of ... | 34. in the sky |
| 10. in mosque | 35. in the newspaper |
| 11. in church | 36. in the magazine |
| 12. in hospital | 37. in the book |
| 13. in prison | 38. in the picture |
| 14. in class | 39. in the photograph |
| 15. in the villa | 40. in the mirror |
| 16. in the house | 41. in the field |
| 17. in the flat | 42. in a chair |
| 18. in the bag | 43. in an arm-chair |
| 19. in the cupboard | 44. in the corner of (the room) |
| 20. in the fridge | 45. in the front / back row |
| 21. in the room | 46. in the queue |
| 22. in the classroom | 47. in the rain (in the snow) |
| 23. in the kitchen | 48. in a foggy weather |
| 24. in the garden | 49. in the sun |
| 25. in the pool | 50. in the dark |

АТ мекен көмекші сөзімен қолданылатын сөздер:

1. at home
2. at work
3. at school
4. at high school
5. at college
6. at university
7. at the port
8. at the airport
9. at the station
10. at the bus station
11. at the police station
12. at the petrol station
13. at the bus stop
14. at the traffic lights
15. at 25 Zheltoksan Street
16. at the cinema
17. at the 'Arman'(Cinema)
18. at the theatre
19. at the concert
20. at the party
21. at the wedding
22. at the stadium
23. at the football match
24. at the Sports Centre
25. at the meeting
26. at the conference
27. at the congress
28. at the reception
29. at my brother's (house)
30. at the doctor's
31. at the hairdresser's
32. at the chemist's (pharmacy)
33. at the baker's (= bakery)
34. at the butcher's
35. at the grocer's (= grocery)
36. at the greengrocer's
37. at the stationer's (=stationery)
38. at the jeweller's (= jewellery)
39. at the dry cleaner's
40. at the office
41. at the shop
42. at the hotel
43. at the restaurant
44. at the zoo
45. at the garage
46. at the customs
47. at the top **of** (the letter / the list)
48. at the bottom **of** (the letter / the list)
49. at the beginning **of** the concert
50. at the end **of** the concert

ON мекен көмекші сөзімен қолданылатын сөздер:

1. on the shelf
2. on the wall
3. on the ceiling
4. on the floor
5. on the first floor
6. on the balcony
7. on the roof
8. on the ground
9. on the tree
10. on the grass
11. on the beach
12. on the coast
13. on the island
14. on the road
15. on the corner of (the street)
16. on the bicycle (bike)
17. on the motor-bike
18. on the horse
19. on the donkey
20. on the plate
21. on the farm
22. on the bus
23. on the train
24. on the plane
25. on the boat
26. on the ship
27. on the ferry
28. on holiday
29. on the tour
30. on the excursion
31. on the trip / journey
32. on a cruise
33. on strike
34. on a diet
35. on television (TV)
36. on the radio
37. on the phone
38. on the computer
39. on the Internet
40. on the camera
41. on one's arm
42. on one's finger
43. on one's nose
44. on the notice board
45. on the envelope
46. on page nine
47. on the list
48. on the map
49. on the menu
50. on the right

Exercise 12. Choose the correct preposition to complete the sentences.

1. The computer is ... the desk.
2. The sofa is ... the armchair and the bookcase.
3. The letters are ... the drawer of the computer desk.
4. Our university is ... Abai Street.
5. There are some birds ... the tree.
6. The toys are ... the toybox.
7. They live ... the second floor.
8. There is a good film ... TV tonight.
9. Malika's school is ... the Baikonur Cinema and the market.
10. We are ... the theatre now.
11. The children are swimming ... the pool.
12. Akbota's house is ... 52 Auezov Street.
13. My aunt isn't at home. She is ... the hairdresser's.
14. There are a lot of people ... the wedding.
15. There are 58 passengers ... the plane.

Exercise 13. Translate the following sentences into English:

1. – Анаң қайда? – Ас бөлмеде.
2. – Орындықтар қайда? – Балконда.
3. – Оның үйі қайда? – Жаңа мешіттің маңында.
4. – Қайдасындар? – Театрдың алдындамыз.
5. – Жаңа стадион қайда? – Автовокзал мен әуежайдың арасында.
6. – Қайдасыз? – Жұмыстамын.
7. – Кілт қайда? – Кілемшенің астында.
8. – Мұхтардың мектебі қайда? – «Сарыарқа» кинотеатрының артында.
9. – Қонақтар қайда? – Мәжіліс залында.
10. Жаңа сауда орталығы «Жібек-Жолы» мейрамханасының қарама-қарсысында.
11. «Алтын-Орда» кафесі Орталық демалыс паркінде.
12. Олардың виллалары шырша ағаштарының арасында.
13. Біздің жатақханамыз Мұқанов мұражайының қарама-қарсысында.
14. Біз қазір пойыздамыз.
15. Азаматтың офісі екінші қабатта.

TEST on PREPOSITIONS of PLACE (IN, AT, ON)

1. **There were a lot of people ... the concert.**
A. in B. at C. on
2. **Our school is ... Al - Farabi Street.**
A. in B. at C. on
3. **There is a good programme ... TV tonight. Let's watch together.**
A. in B. at C. on
4. **We were ... Serik's house last weekend.**
A. in B. at C. on
5. **-Where is your aunt? - She's ... the hairdresser's.**
A. in B. at C. on
6. **They met each other ... the plane.**
A. in B. at C. on
7. **Her grandparents live ... a small village.**
A. in B. at C. on
8. **Write your names ... the top of the page.**
A. in B. at C. on
9. **There are too many clouds ... the sky. It's going to rain.**
A. in B. at C. on
10. **You should put the desk ... the corner of the room.**
A. in B. at C. on
11. **The address of the hotel is ... the bottom of the letter.**
A. in B. at C. on
12. **Translate the passage ... page 25.**
A. in B. at C. on
13. **He has been ... hospital for a week.**
A. in B. at C. on
14. **Their office is ... the ground floor.**
A. in B. at C. on
15. **They live ... 25 Auezov Street.**
A. in B. at C. on
16. **I like walking ... the rain.**
A. in B. at C. on
17. **There is a bookshop ... the corner of the street.**
A. in B. at C. on
18. **We couldn't find your surname ... the list.**
A. in B. at C. on

19. We would like to spend our holiday ... the island.
A. in B. at C. on
20. There isn't a label ... the bottle.
A. in B. at C. on
21. Did you come ... your car or by taxi?
A. in B. at C. on
22. We are having a great time ... the party.
A. in B. at C. on
23. Leave your key ... the reception.
A. in B. at C. on
24. The garden is ... the back of the house.
A. in B. at C. on
25. Aigul: Have a piece of cake, please. Arai: Thanks, I'm ... a diet.
A. in B. at C. on
26. I last saw Michael ... his aunt's wedding.
A. in B. at C. on
27. I listen to music ... the computer in my free time.
A. in B. at C. on
28. Why weren't you ... the meeting yesterday?
A. in B. at C. on
29. I read an interesting article about the whales ... yesterday's newspaper.
A. in B. at C. on
30. He usually comes to school ... the bike.
A. in B. at C. on
31. I'm afraid of driving ... a foggy weather.
A. in B. at C. on
32. We won't be at home tonight. We'll be ... the theatre.
A. in B. at C. on
33. Their new store is ... Fifth Avenue.
A. in B. at C. on
34. Wait for me ... the bus stop, will you?
A. in B. at C. on
35. They will go ... an excursion to Turkestan this weekend.
A. in B. at C. on

**PREPOSITIONS of TIME (IN, AT, ON)
(IN, AT, ON МЕЗГІЛ КӨМЕКШІ СӨЗДЕРІ)**

Жыл, ай және жыл мезгілдері атауларында **in** көмекші сөзі қолданылады. Мысалы:

Жылдар → **in** 1734, **in** 1875, **in** 1999, **in** 2005
Айлар → **in** February, **in** April, **in** June, **in** August
Жыл мезгілдері → **in** winter, **in** spring, **in** summer, **in** autumn

Сағаттарда **at** көмекші сөзі қолданылады. Мысалы:

at five o'clock, **at** half past seven, **at** quarter past nine, **at** quarter to ten

Аптаның күндерінде **on** көмекші сөзі қолданылады. Мысалы:

on Monday, **on** Wednesday, **on** Thursday, **on** Saturday

IN

in the morning	таңертен
in the afternoon	түстен кейін
in the evening	кешке
in March (in May)	наурыз айында (мамыр айында)
in the future	болашақта
in the Stone Ages	тас дәуірінде
in two days (in three weeks)	екі күннен кейін (үш аптадан кейін)

AT

at dawn	таң атқанда
at sunrise	күн шыққанда
at noon	тал түсте
at sunset	күн батқанда
at night	түнде
at midnight	түн жарымда
at the weekend	апта соңында
at the same time	бір уақытта
at the moment / at present	дәл қазір, қазір

ON

on Tuesday morning	сейсенбі күні таңертен
on Friday afternoon	жұма күні түстен кейін
on Sunday evening	жексенбі күні кешке
on a summer day	жаздың бір күнінде
on his / her birthday	туған күнінде
on the New Year's Eve	Жаңа жыл қарсаңында

TEST on PREPOSITIONS of TIME

1. **The next meeting is ... 20 April.**
A. in B. at C. on
2. **What do you do ... the evenings?**
A. in B. at C. on
3. **He will come to Almaty ... Wednesday.**
A. in B. at C. on
4. **She finished high school ... the age of 17.**
A. in B. at C. on
5. **See you ... Saturday afternoon.**
A. in B. at C. on
6. **What do you usually do ... the weekend?**
A. in B. at C. on
7. **We went on holiday ... June last year.**
A. in B. at C. on
8. **They will move into their new flat ... next week.**
A. in B. at C. –
9. **The dean came to work ... twelve o'clock today.**
A. in B. at C. on
10. **Take care of yourself. See you ... ten days.**
A. in B. at C. on
11. **They often have a short holiday ... Christmas.**
A. in B. at C. on
12. **Our English teacher went to Denmark yesterday. He'll back ... a month.**
A. in B. at C. on
13. **My cousin was born ... the first of January 2008.**
A. in B. at C. on
14. **He often comes home ... midnight.**
A. in B. at C. on
15. **I met her in the park ... a spring day. She was riding a bike.**
A. in B. at C. on
16. **We arrived in Shymkent ... sunset.**
A. in B. at C. on
17. **I like walking in the park ... the mornings.**
A. in B. at C. on
18. **They came for a holiday ... the Eve of Ramadan Holiday.**
A. in B. at C. o

19. They moved to Taldykorgan ... 1997.
A. in B. at C. on
20. She goes to the English course ... Thursdays.
A. in B. at C. on
21. We will go on a Europe tour ... the New Year's Eve.
A. in B. at C. on
22. The General Manager is busy ... the moment. Could you ring later, please?
A. in B. at C. on
23. My nephew is in the USA now. He will return ... next month.
A. in B. at C. –
24. My friends are on their way to Astana. They left Almaty ... dawn.
A. in B. at C. on
25. They have been engaged for 5 months. They are going to get married ... spring.
A. in B. at C. on
26. She was born ... 25th of August.
A. in B. at C. on
27. They will have a party ... Saturday evening.
A. in B. at C. on
28. Mr Kennedy will come to Almaty ... 2 weeks.
A. in B. at C. on
30. We will go to the club ... Magzhan's birthday.
A. in B. at C. on
31. My niece started school ... the age of five.
A. in B. at C. on
32. He's afraid of walking alone ... night.
A. in B. at C. on
33. The Express Train will arrive in Moscow ... Tuesday morning.
A. in B. at C. on
34. She usually does her homework ... the afternoons.
A. in B. at C. on
35. Let's meet in front of the theatre ... o'clock.
A. in B. at C. on

HAVE GOT ... / HAS GOT ... → Бар

I have got ...	Менің ... бар.	We have got ...	Біздің ... бар.
You have got ...	Сенің ... бар.	You have got ...	Сендердің ... бар.
He has got ...			
She has got ...	Оның ... бар.	They have got ...	Олардың ... бар.
It has got ...			

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

I have got two English-Kazakh dictionaries.	Менің екі қазақша-ағылшынша сөздігім бар.
You have got an English lesson on Monday.	Сенің дүйсенбі күні ағылшын тілі сабағың бар.
He has got a flat in the city centre.	Оның қала орталығында пәтері бар.
She has got a lot of money in the bank.	Оның банкіде көп ақшасы бар.
The house is very big. It has got five rooms.	Үй өте үлкен. Бес бөлмесі бар.
We have got a country house in Kaskelen.	Біздің Қаскелеңде саяжайымыз бар.
You have got two exams tomorrow.	Ертең сендердің екі емтихандарың бар.
They have got eight children.	Олардың сегіз баласы бар.

HAVEN'T GOT ... / HASN'T GOT ... → Жоқ

I haven't got ...	Менің ... жоқ.	We haven't got ...	Біздің ... жоқ.
You haven't got ...	Сенің ... жоқ.	You haven't got ...	Сендердің ... жоқ.
He hasn't got ...			
She hasn't got ...	Оның ... жоқ.	They haven't got ...	Олардың ... жоқ.
It hasn't got ...			

Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

I haven't got much free time this week.	Менің бұл аптада көп бос уақытым жоқ.
You haven't got many lessons this term.	Сенің бұл семестрде көп сабағың жоқ.
He hasn't got any money in the bank.	Оның банкіде еш ақшасы жоқ.
She hasn't got a car.	Оның машинасы жоқ.
The house is very small. Moreover, it hasn't got a balcony.	Үй өте кішкентай, мұнымен қоса балконы да жоқ.

We **haven't got** many lessons this week.

Біздің бұл аптада көп сабағымыз жоқ.

You **haven't got** any exams next week.

Сендердің келесі аптада ешқандай емтихандарың жоқ.

They **haven't got** any children.

Олардың еш баласы жоқ.

HAVE ... GOT... ? / HAS ... GOT ... ? → Бар ма?

Have I got ... ?	Менің ... бар ма?	Have we got ... ?	Біздің ... бар ма?
Have you got ... ?	Сенің ... бар ма?	Have you got ... ?	Сендердің ... бар ма?
Has he got ... ?		Have they got ... ?	Олардың ... бар ма?
Has she got ... ?	Оның ... бар ма?		
Has it got ... ?			

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

Have I got a History lesson tomorrow?	Менің ертең тарих сабағым бар ма?
Have you got a Kazakh-German dictionary?	Сенің қазақша-немісше сөздігің бар ма?
Has he got a flat in Almaty?	Оның Алматыда пәтері бар ма?
Has she got much money in the bank?	Оның банкіде көп ақшасы бар ма?
Have we got a Chinese lesson next term?	Біздің келесі семестрде қытай тілі сабағымыз бар ма?
Have you got any questions?	Сұрақтарыңыз бар ма?
Have they got many exams next week?	Олардың келесі аптада көп емтихандары бар ма?

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

<u>How many brothers and sisters</u> have you got?	Қанша бауырыңыз бар?
<u>How many cars</u> has your boss got?	Бастығыңның қанша көлігі бар?
<u>How many exams</u> have you got tomorrow?	Ертең қанша емтихандарың бар?
<u>How many lessons</u> have they got today?	Олардың бүгін қанша сабағы бар?
<u>How much money</u> have you got in the bank?	Банкіде қанша ақшаң бар?
<u>How much drinking water</u> have they got?	Олардың қаншалықты ауызсуы бар?

A LOT OF, SOME, MANY, MUCH, ANY, HOW MANY, HOW MUCH

A lot of, some, many, much, any, how many, how much зат есім көрсеткіштерінің қолданысын қолға алайық.

I. A lot of және **some** зат есім көрсеткіштері саналатын зат есімдермен де, саналмайтын зат есімдермен де қолданылады. **A lot of** да, **some** да тек қана болымды сөйлемдерде қолданылады. Мысалы:

a lot of + саналатын зат есім (көпше түрі)	→ көп
a lot of + саналмайтын зат есім	→ көп

I have got **a lot of foreign friends**.
He has got **a lot of money** in the bank.

Менің көп шетелдік достарым бар.
Оның банкіде көп ақшасы бар.

some + саналатын зат есім (көпше түрі)	→ бірнеше
some + саналмайтын зат есім	→ біраз

I have got **some foreign friends**.
He has got **some money** in the bank.

Менің бірнеше шетелдік достарым бар.
Оның банкіде біраз ақшасы бар.

II. Many зат есім көрсеткіші саналатын зат есімдермен, **much** зат есім көрсеткіші болса, саналмайтын зат есімдермен қолданылады. Бұл зат есім көрсеткіштері болымсыз және сұраулы сөйлемдерде қолданылады. Мысалы:

many + саналатын зат есім (көпше түрі)	→ көп
much + саналмайтын зат есім	→ көп

I haven't got **many foreign friends**.
He hasn't got **much money** in the bank.
Have you got **many foreign friends**?
Has he got **much money** in the bank?

Менің көп шетелдік достарым жоқ.
Оның банкіде көп ақшасы жоқ.
Сенің көп шетелдік достарың бар ма?
Оның банкіде көп ақшасы бар ма?

III. Any саналатын зат есімдермен де, саналмайтын зат есімдермен де болымсыз және сұраулы сөйлемдерде қолданылады. Мысалы:

any + саналатын зат есім (көпше түрі)	→ еш
any + саналмайтын зат есім	→ еш

I haven't got **any foreign friends**.
He hasn't got **any money** in the bank.
Have you got **any foreign friends**?
Has he got **any money** in the bank?

Менің еш шетелдік досым жоқ.
Оның банкіде еш ақшасы жоқ.
Сенің шетелдік достарың бар ма?
Оның банкіде ақшасы бар ма?

IV. How many саналатын зат есімдермен, **how much** болса саналмайтын зат есімдермен сұраулы сөйлемдерде қолданылады. Мысалы:

how many + саналатын зат есім (көпше түрі)	→ қанша? неше?
how much + саналмайтын зат есім	→ қанша? неше?

How many foreign friends have you got?
How much money have you got in the bank?

Сенің қанша шетелдік досың бар?
Банкіде қанша ақшаң бар?

Exercise 14. Put have, has, haven't, hasn't instead of the points.

1. Nurdaulet ... got some dictionaries.
2. ... you got a red pencil?
3. ... Aliya got a camera?
4. I ... got a terrible headache.
5. You ... got any message.
6. ... he got any money in the bank?
7. The baby ... got many toys.
8. ... you got an umbrella?
9. ... he got any chance?
10. Aidana, you got a calculator?

Exercise 15. Translate the following sentences into English:

1. Айжанның бір әпкесі және екі ағасы бар.
2. Жанымда төлқұжатым жоқ.
3. Оның пәтері бар ма?
4. Сенің қанша сөздігің бар?
5. Сіздің балаларыңыз бар ма?
6. Біздің Қапшағайда үйіміз бар.
7. Концертке билетің бар ма?
8. Ағанның қанша баласы бар?
9. Оның күйеуі жоқ.
10. Менің бір пікірім бар.
11. Қалтаңда қанша ақшаң бар?
12. Олардың жазғы демалыста көп бос уақыттары бар.
13. Сенің жүргізуші куәлігің бар ма?
14. Шолпанның ертең қанша сабағы бар?
15. Ерболдың жаңа Мерседесі бар.
16. Сенің фотоаппаратың бар ма?
17. Олардың соңғы кезде ешқандай бос уақыттары жоқ.
18. Оның бұл аптада ешқандай емтиханы жоқ.
19. Сенің ыдыс-аяқ жуатын машинан бар ма?
20. Оның қанша немересі бар?

THERE IS... / THERE ARE... → Бар

There is жекеше түрдегі және саналмайтын зат есімдерде қолданылады. **There are** болса, көпше түрдегі зат есімдерде қолданылады.

Есте сақтаңыз: Саналмайтын зат есімдердің көпше түрі болмайды.

There is <u>a book</u> on the shelf.	Сөреде бір кітап бар.
There are <u>ten books</u> on the shelf.	Сөреде он кітап бар.
There are <u>a lot of books</u> on the shelf.	Сөреде көп кітап бар.
There are <u>some books</u> on the shelf.	Сөреде бірнеше кітап бар.
There is <u>a lot of money</u> in the wallet.	Әмиянда көп ақша бар.
There is <u>some money</u> in the wallet.	Әмиянда біраз ақша бар.

Exercise 16. Put *there is / there are* instead of the points.

- a little water in the jug.
- five rooms in our house.
- a nice clock on the wall.
- four seasons in a year.
- about fifty states in the USA.
- some sugar in the bowl.
- two hundred and fifty pages in this book.
- a bookshop at the corner of the street.
- 16 players in the team.
- a new TV set in the kitchen.
- four glasses on the table.
- a lot of traffic in the street today.
- a few envelopes on the desk.
- a red carpet on the floor.
- some policemen in front of the hotel.

Exercise 17. Translate the following sentences into English.

- Бақта бір алма ағашы бар.
- Бақта бес алма ағашы бар.
- Бақта көп алма ағашы бар.
- Бақта бірнеше алма ағашы бар.
- Шәйнекте көп шай бар.
- Шәйнекте біраз шай бар.

Exercise 18. Translate the following sentences into English.

1. Біздің ауылда бір мектеп бар.
2. Біздің көшеде екі кітап дүкені бар.
3. Астанада көптеген университет бар.
4. Біздің қалада бірнеше кітапхана бар.
5. Сәмкеде көп ақша бар.
6. Бөтелкеде біраз шарап бар.
7. Қытайда көп қазақ бар.
8. Алматыда бірнеше шіркеу бар.
9. Кәрзеңкеде көп жеміс бар.
10. Тоңазытқышта біраз ет бар.

Exercise 19. Translate the following sentences into English:

1. Бір ғасырда жүз жыл бар.
2. Бір жылда 365 күн бар.
3. Бір жылда 4 жыл мезгілі бар.
4. Бір жылда 12 ай бар.
5. Бір айда 30 күн бар.
6. Бір айда 4 апта бар.
7. Бір аптада 7 күн бар.
8. Бір күнде 24 сағат бар.
9. Бір сағатта 60 минут бар.
10. Бір минутта 60 секунд бар.

THERE ISN'T... / THERE AREN'T ... → Жок

Many зат есім көрсеткіші көпше түрдегі зат есімдерде, **much** зат есім көрсеткіші болса, жекеше түрдегі зат есімдерде қолданылады. Мысалы:

There isn't a balcony in our house.
There aren't any balconies in our hostel.

Біздің үйде балкон жоқ.
Біздің жатақханада еш балкон жоқ.

There aren't many apples in the basket.
There aren't any eggs in the fridge.

Кәрзеңкеде көп алма жоқ.
Тоңазытқышта еш жұмыртқа жоқ.

There isn't much rice in the sack.

Қапта көп күріш жоқ.

There isn't any milk in the bottle.

Бөтелкеде еш сүт жоқ.

Exercise 20. Put *there isn't* / *there aren't* instead of the points.

1. a library in our university.
2. many mistakes in your exam paper.
3. any butter in the fridge.
4. a television in our kitchen.
5. any flowers in the vase.
6. many foreign students in our class.
7. a balcony in her flat.
8. any pictures on the wall.
9. much money in the purse.
10. any factories in my town.
11. much water in the jug.
12. many passengers on the bus.
13. any salt in the salt-shaker.
14. any books on the shelf.
15. much fruit in the fridge.

Exercise 21. Translate the following sentences into English.

1. Бөлмемде телефон жоқ.
2. Офисімде еш телефон жоқ.
3. Біздің ас бөлмеде телевизор жоқ.
4. Жатақханамызда еш телевизор жоқ.
5. Бүгін көшеде көп машина жоқ.
6. Мұздатқышта ет жоқ.
7. Тоңазытқышта көп ірімшік жоқ.
8. Кәрзеңкеде еш жеміс жоқ.
9. Алматыда көп мешіт жоқ.
10. Аудиторияда еш студент жоқ.
11. Бүгін көшеде көп қар жоқ.
12. Тоңазытқышта еш сары май жоқ.
13. Троллейбуста көп жолаушы жоқ.
14. Біздің пәтерде балкон жоқ.
15. Графинде көп шырын жоқ.

IS THERE ... ? / ARE THERE ... ? → Бар ма?

Is there a library in your village?	Ауылыңызда кітапхана бар ма?
Are there any libraries in your village?	Ауылыңызда (еш) кітапхана бар ма?
Are there many shopping centres in Taraz?	Таразда көп сауда орталығы бар ма?
Are there any balconies in your house?	Үйіңізде (еш) балкон бар ма?
Is there much oil in Kazakhstan?	Қазақстанда көп мұнай бар ма?
Is there any water in the jug?	Графинде (еш) су бар ма?

Exercise 22. Change the affirmative form into the interrogative form.

Example:

There are some students in the classroom. Are there any any students in the classroom?
There is some cheese in the fridge. Is there any cheese in the fridge?

1. There is a television set in my room.
.....?
2. There are a lot of cars in the street.
.....?
3. There is a clock on the wall.
.....?
4. There are some biscuits on the plate.
.....?
5. There are eight teachers in the staff room.
.....?
6. There is some salt in the shaker.
.....?
7. There are some dirty glasses on the table.
.....?
8. There is a picture on the wall.
.....?
10. There is some water in the glass.
.....?

Exercise 23. Translate the following sentences into English.

1. Аудиторияда мұғалім бар ма?
2. Мұғалімдер бөлмесінде (еш) мұғалім бар ма?
3. Сіздің зауытыңызда көп жұмысшы бар ма?
4. Факультетіңізде (еш) шетелдік студент бар ма?
5. Су қоймасында көп су бар ма?
6. Сейфте (еш) ақша бар ма?

HOW MANY ... ? / HOW MUCH ... ?

<u>How many students are there</u> in your department?	Бөліміңізде қанша студент бар?
<u>How many children are there</u> in your nursery?	Балабақшаңызда қанша бала бар?
<u>How much money is there</u> in the wallet?	Әмиянда қанша ақша бар?
<u>How much sugar is there</u> in the sack?	Қапта қанша құмшекер бар?

Exercise 24. Put there is ... / there are ... instead of the points.

1. How many flowers ... in the vase?
2. How much cheese ... in the fridge?
3. How many days ... in a week?
4. How much bread ... on the dining table?
5. How much money ... in the purse?
6. How many cars ... in the carpark?
7. How much flour ... in the sack?
8. How many people ... at the party?
9. How much meat ... in the freeze?
10. How many pears ... in the basket?

Exercise 25. Change the affirmative sentences into the intorrogative sentences.

Example:

There are ten peach-trees in the garden.
There is some soup in the pan.

How many peach-trees are there in the garden?
How much soup is there in the pan?

1. There are a lot of bananas in the basket.
2. There is some milk in the bottle.
3. There are five rooms in their house.
4. There is a lot of fruit in the basket.
5. There are some books on the shelf.
6. There are a lot of people at the concert.
7. There are four seasons in a year.
8. There is some jam in the jar.
9. There are a lot of trees in our garden.
10. There are some oranges in the fridge.

Exercise 26. Translate the following sentences into English:

1. Бір ғасырда қанша жыл бар?
2. Бір жылда қанша күн бар?
3. Бір жылда қанша жыл мезгілі бар?
4. Бір жылда қанша ай бар?
5. Бір айда қанша күн бар?
6. Бір айда қанша апта бар?
7. Бір аптада қанша күн бар?
8. Бір күнде қанша сағат бар?
9. Бір сағатта қанша минут бар?
10. Бір минутта қанша секунд бар?

Exercise 27. Translate the following sentences into English:

1. Қазақстанда қанша университет бар?
2. Графинде қанша су бар?
3. Үйіңізде қанша бөлме бар?
4. Алматыда қанша театр бар?
5. Банкада қанша бал бар?
6. Англияда қанша қала бар?
7. Бұл зоопаркте қанша түлкі бар?
8. Бөтелкеде қанша шабдалы шырыны бар?
9. АҚШ-та қанша штат бар?
10. Қазақ әліпбиінде қанша әріп бар?
11. Қапта қанша ұн бар?
12. Су қоймасында қанша су бар?
13. Тоңазытқышта қанша сары май бар?
14. Қазанда қанша сорпа бар?
15. Сыныпта қанша оқушы бар?
16. Бөтелкеде қанша сұйық май бар?
17. Себетте қанша жеміс бар?
18. Шәйнекте қанша шай бар?
19. Бақта қанша алма ағашы бар?
20. Сіздің университетте қанша студент бар?

POSSESSIVE FORM of NOUNS (ЗАТ ЕСІМДЕРДЕ ТӘУЕЛДІЛІК)

Қазақ тілінде тәуелділікті білдіру үшін *-тың / -тің, -дың / -дің, -ның / -нің* жалғаулары қолданылады. Ағылшын тілінде болса, тәуелділікті білдіру үшін **'s** жалғауы, тек қана **'** (апостроф) және **of** көмекші сөзі қолданылады.

I. Зат есімдердің жекеше түрінде тәуелділік **'s** жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы:

Her sister's name is Asem.

Оның әпкесінің аты – Әсем.

Aigul's computer is very old.

Айгүлдің компьютері өте ескі.

His friend's father is a doctor.

Оның досының әкесі – дәрігер.

II. Зат есімдердің ережеге сай көпше түрінде тәуелділік тек **'** (апостроф) арқылы жасалады. Мысалы:

Her sisters' names are Asem and Asel.

Оның әпкелерінің аттары – Әсем және Әсел.

Babies' clothes are very expensive.

Сәбилердің киімдері өте қымбат.

The ladies' clothes are on the first floor.

Әйелдердің киімі бірінші қабатта.

III. Зат есімдердің ережеден тыс көпше түрінде тәуелділік жекеше түрдегідей зат есімдерге **'s** жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы:

The children's room is upstairs.

Балалардың бөлмесі жоғарғы қабатта.

The men's clothes are on the second floor.

Ер кісілердің киімі екінші қабатта.

Women's rights are always on the agenda.

Әйелдердің құқықтары әрдайым күн тәртібінде.

Есте сақтаныз: **'** (апостроф) зат есімдердің жекеше және ережеден тыс көпше түрінде **'s** әрпінен бұрын, ал зат есімдердің ережеге сай көпше түрінде болса, **'s** әрпінен кейін жалғанады.

IV. Жансыз зат есімдерде тәуелділік **of** көмекші сөзі арқылы жасалады.

зат есім + **of** + зат есім

the name of the street

көшенің аты

the manager of the school

мектептің директоры

the garden of the hotel

қонақ үйдің бақшасы

the capital of Kazakhstan

Қазақстанның астанасы

the map of the city

қаланың картасы

the dean of our faculty

факультетіміздің деканы

the success of the company

компанияның жетістігі

the border of the country

елдің шекарасы

the flag of our team

біздің команданың жалауы

the result of the examination

смитханның нәтижесі

the colour of his car

оның көлігінің түсі

the secret of success

жетістіктің сыры

the power of love

махаббаттың күші

the picture of happiness

бақыттың суреті

Мысалдар:

1. – **Whose dictionary** is it? – Бұл кімнің сөздігі?
– It's **Bakdaulet's** dictionary. – Бақдәулеттің сөздігі.
2. – **Whose car** is it? – Бұл кімнің машинасы?
– It's **my boss's** car. – Бастығымның машинасы.
3. – **Whose glasses** are they? – Бұл кімнің көзілдірігі?
– They're **my grandmother's** glasses. – Әжемнің көзілдірігі.
4. – **Whose shoes** are they? – Бұл кімнің аяқ-киімі?
– They're Samat's **cousin's** shoes. – Саматтың бөлесінің аяқ-киімі.
5. – Who is the President of Russia? – Ресейдің президенті кім?
– The President of Russia is V.Putin. – Ресейдің президенті – В. Путин.
6. – Who is the manager of your school? – Сіздің мектептің директоры кім?
– The manager of our school is Mr Edilov. – Біздің мектептің директоры – Еділов мырза.
7. – What's the capital of Switzerland? – Швейцарияның астанасы қай қала?
The capital of Switzerland is Geneva. – Швейцарияның астанасы – Женева.
8. – Where is the dean of your faculty? – Факультетіңіздің деканы қайда?
– He is on holiday. – Демалыста.

Exercise 28. Translate the following sentences into Kazakh.

1. Zhanar's husband's office is in Kurmangazy Street.
2. Who is the President of Turkey?
3. What's the secret of your success?
4. The students' parents whose children study at that school are very pleased.
5. Who is the owner of this car?
6. What's the capital of Spain?
7. The girls' points are higher than the boys' points.
8. The children are in the garden of the school.
9. Whose mobile phone is it?
10. Whose gloves are they?

Exercise 29. Translate the following sentences into English.

1. Бекзаттың әкесі – жазушы.
2. Оның машинасының түсі ақ.
3. АҚШ-тың президенті кім?
4. Азаматтың әпкесінің бастығы – миллионер.
5. Түркияның астанасы қай қала? Ыстамбұл ма, әлде Анкара ма?
6. Сіздің компанияның директоры кім?
7. Ас үйдің есігі кілттеулі.
8. Бұл кімнің қолшатыры?
9. Мұғалімдердің жалақысы өте аз.
10. Бұл кімнің сөмкесі?
- 11.

IMPERATIVE (БҰЙРЫҚ РАЙ)

Бұйрық райдың болымды түрі

Бұйрық райдың болымсыз түрі

Етістік ...	Don't + етістік ...
Read. → Оқы. (Оқыңдар.) Оқыңыз. (Оқыңыздар.)	Don't read. → Оқыма. (Оқымандар.) Оқымаңыз. (Оқымаңыздар.)
Read this text. → Мына мәтінді оқы.	Don't read my letter. → Хатымды оқыма.

Мысалдар:

Read this article.	Мына мақаланы оқы.
Don't read that novel.	Ол романды оқыма.
Write a letter to Jennifer.	Джениферге хат жаз.
Don't write your surnames.	Фамилияларыңды жазбандар.
Open your notebooks.	Дәптерлеріңді ашыңдар
Don't open your books.	Кітаптарыңды ашпаңдар.
Close the door.	Есікті жап.
Don't close the window.	Терезені жаппа.
Come to Almaty on Sunday.	Жексенбі күні Алматыға кел.
Don't come after eight o'clock.	Сағат сегізден кейін келмеңдер.
Go to the library on Saturday.	Сенбі күні кітапханаға барыңдар.
Don't go to work tomorrow.	Ертең жұмысқа барма.
Take my dictionary.	Менің сөздігімді ал.
Don't take your sister's umbrella.	Әпкеңнің қолшатырын алма.
Give me a ruler.	Маған бір сызғыш бер.
Don't give him any money.	Оған еш ақша берме.
Teach us German.	Бізге немісше үйретіңіз.
Don't teach them English.	Оларға ағылшынша үйретпе.
Translate this article into Kazakh.	Мына мақаланы қазақшаға аудар.
Don't translate the texts.	Мәтіндерді аудармаңдар.
Be clever.	Ақылды бол.
Don't be stupid.	Ақымақ болма.
Be modest.	Қарапайым бол.
Don't be proud.	Тәкаппар болма.
Be a doctor.	Дәрігер бол.
Don't be a singer.	Әнші болма.

Exercise 30. Make sentences as in the example.

Example: Books / open / your. Open your books.

1. Eyes / your / close.
2. A mobile phone / me / buy / please.
3. A noise / not / make.
4. Careful / be / please.
5. Not / please / disturb / us.
6. For / at the bus-stop / wait / me.
7. Article / this / English / translate / into.
8. Not / here / smoke.
9. Go / tomorrow / the library / to
10. Sleep / not / too much.

Exercise 31. Translate the following sentences into English:

1. Мына журналды оқындар.
2. Күнделігімді оқыма.
3. Бүгін Джейнге хат жаз.
4. Аттарыңды жазбаңдар.
5. Терезелерді аш.
6. Есікті жаппа.
7. Ертең курсқа келмеңдер.
8. Бүгін кешке театрға барыңдар.
9. Менің қаламсауытымды алма.
10. Маған бір қалам бер.
11. Маған французша үйретіңіз.
12. Мына сөйлемдерді ағылшыншаға аударыңыздар.
13. Мұқият бол.
14. Жалқау болмаңдар.
15. Инженер бол.
16. Футболшы болма.
17. Сабақта тек қана ағылшынша сөйлеңдер.
18. Қазақша-ағылшынша сөздік сатып алыңдар.
19. Мына суретке қараңдар.
20. Менің компьютерімді қолданбаңдар.

TENSES (ШАҚТАР)

Ағылшын тілінде 12 шақ бар. Шақ категориясын жетік меңгеру өте маңызды, себебі төлеу сөз, өзгелік етіс, ырықсыз етіс т.б. көптеген грамматикалық категориялар шақтармен тығыз байланысты. Қазір сол шақтарды кезегімен қолға алайық.

THE PRESENT CONTINUOUS TENSE

am / is / are + V- ing

Жасалуы:

The Present Continuous Tense to be көмекші етістігінің осы шақта жіктелуімен (**am / is / are**) және негізгі етістікке **-ing** жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Бұл шақ қазақ тіліне нақ осы шақтың күрделі түрімен, яғни **-ып / -іп / -п / отыр (жатыр / тұр / жүр)** жалғауларымен аударылады. Мысалы:

I am reading a novel.	Мен роман оқып отырмын.
You are reading a magazine.	Сен журнал оқып отырсың.
He is reading a newspaper.	Ол газет оқып отыр.
She is reading a tale.	Ол ертегі оқып отыр.
We are reading a text.	Біз мәтін оқып отырмыз.
You are reading a story.	Сендер әңгіме оқып отырсындар.
They are reading an article.	Олар мақала оқып отыр.

The Present Continuous Tense'тің жасалуында назар аударарлық жайттар:

1. 'e' әрпімен аяқталған етістіктерде 'e' әрпі түсіп, **-ing** жалғауы жалғанады. Мысалы:

write	→	writ – ing	translate	→	translat–ing
smoke	→	smok – ing	type	→	typ –ing

2. 'ie' әріптерімен аяқталған етістіктерде 'ie' әріптері 'y' әрпіне айналады, содан кейін **-ing** жалғауы жалғанады. Мысалы:

lie	→	ly – ing	die	→	dy – ing
tie	→	ty – ing	vie	→	vy – ing

3. Ал жалғыз, әрі бітеу буынды кейбір етістіктерде соңғы әріп жұптаса отырып, **-ing** жалғауы жалғанады. Мысалы:

put	→	putt – ing	sit	→	sitt – ing
cut	→	cutt – ing	get	→	gett – ing
chat	→	chatt – ing	shut	→	shutt – ing
knit	→	knitt – ing	swim	→	swimm – ing
stop	→	stopp – ing	drop	→	dropp – ing
clap	→	clapp – ing	win	→	winn – ing
run	→	runn – ing	plan	→	plann – ing

The Present Continuous Tense'пен бірге қолданылатын мезгіл үстеулері:

now / at the moment / at present	→	қазір
right now / just now	→	дәл қазір
for now / for the time being	→	әзірше
today	→	бүгін
this week (this month, this year)	→	бұл аптада (бұл айда, биыл...)

Қолданылуы:

The Present Continuous Tense әдетте дәл сөйлеу сәтінде болып жатқан іс-әрекет және оқиғаларды білдіру үшін қолданылады. Мысалы:

I'm writing a letter to my friend in England *now*. Мен қазір Англиядағы досыма хат жазып отырмын.

He's working in a Turkish construction company *now*. Ол қазір бір түрік құрылыс компаниясында жұмыс істеп жүр.

– Where is Maқpal? – She's having a rest in her room. – Мақпал қайда? – Ол бөлмесінде демалып жатыр.

He's listening to the news on the radio *at the moment*. Ол қазір радиодан хабарларды тындап отыр.

I'm waiting for my friends in front of the library *just now*. Мен дәл қазір кітапхананың алдында достарымды күтіп тұрмын.

The Present Continuous Tense дәл сөйлеу сәтінде болып жатқан іс-әрекет пен оқиғаларды білдірумен қатар, сирек болса да, сөйлеу сәтінен кейін жүзеге асатын іс-қимылдарды білдіру үшін де қолданылады. Алайда, аты аталған шақтың бұл функциясында міндетті түрде келер шақты меңзейтін мезгіл үстеулері қолданылуы тиіс. Мысалы:

I'm staying at home *tonight*. Бүгін кешке үйде боламын.

Aigerim is flying to Australia *tomorrow*. Айгерім ертең Австралияға ұшады.

They're getting married *next weekend*. Олар келесі аптаның соңында үйленеді.

Kanat is meeting his parents at the station *tomorrow morning*. Қанат ертең таңертең вокзалда ата-анасын күтіп алады.

We're doing the cleaning *tomorrow*. Біз ертең үйге тазалық жасаймыз.

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

- | | |
|--|--|
| 1. The manager is waiting for you in his room. | Директор кабинетінде сіздерді күтіп отыр. |
| 2. The students are translating a text from English into Kazakh. | Студенттер ағылшыншадан қазақшаға мәтін аударып жатыр. |
| 3. Murat's playing a game on the computer right now. | Мұрат дәл қазір компьютерде ойын ойнап отыр. |
| 4. I'm not ready yet. I'm getting ready. | Әлі дайын емеспін. Дайындалып жатырмын. |
| 5. It's raining cats and dogs outside. | Далада шелектеп жаңбыр жауып тұр. |
| 6. They're still waiting for the dean. | Олар әлі деканды күтіп отыр. |
| 7. We are looking for a three- room flat. | Үш бөлмелі пәтер іздеп жүрміз. |
| 8. I'm not free today, I'm doing the cleaning. | Бүгін қолым бос емес, үйге тазалық жасап жатырмын. |
| 9. He is working as an interpreter for now. | Ол әзірше аудармашы болып жұмыс істеп жүр. |
| 10. Ersultan is translating the minister's speech into English. | Ерсұлтан министрдің сөзін ағылшыншаға аударып отыр. |

Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

- | | |
|---|--|
| 1. I'm not laughing at you, I'm laughing at myself. | Мен саған күліп отырған жоқпын, өзіме күліп отырмын. |
| 2. You aren't listening to me carefully. | Сендер мені ынтамен тыңдап отырған жоқсыңдар. |
| 3. He isn't doing his homework, he's having a chat on the Internet. | Ол үй жұмысын орындап отырған жоқ, интернетте сұхбаттасып отыр. |
| 4. I'm not using my computer now, you can use it. | Мен қазір компьютерімді қолданып жатқан жоқпын, қолдануына болады. |
| 5. They aren't speaking Spanish now, they are speaking French. | Олар қазір испанша сөйлесіп жатқан жоқ, французша сөйлесіп жатыр. |

- | | |
|---|--|
| 6. She isn't swimming in the pool, she is swimming in the sea. | Ол бассейнде жүзіп жүрген жоқ, теңізде жүзіп жүр. |
| 7. They aren't doing the test, they're playing chess. | Олар тест шешіп жатқан жоқ, шахмат ойнап отыр. |
| 8. I'm not painting the windows, I'm painting the doors. | Мен терезелерді бояп жатқан жоқпын, есіктерді бояп жатырмын. |
| 9. She isn't crying, she is laughing. | Ол жылап жатқан жоқ, күліп жатыр. |
| 10. They aren't going to the theatre, they are going to the museum. | Олар театрға бара жатқан жоқ, мұражайға бара жатыр. |

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

- | | |
|---|---|
| 1. Are they staying at the "Alatau" Hotel? | Олар «Алатау» қонақ үйінде тұрып жатыр ма? |
| 2. Are you doing your homework or writing a poem? | Сен үй жұмысыңды жасап жатырсың ба, әлде өлең жазып отырсың ба? |
| 3. Is he still looking for a job? | Ол әлі жұмыс іздеп жүр ме? |
| 4. Are you going to the library? | Сендер кітапханаға бара жатырсыңдар ма? |
| 5. Is she still cleaning the kitchen? | Ол әлі ас бөлмені тазалап жатыр ма? |
| 6. Are you waiting for the dean? | Сіз деканды күтіп отырсыз ба? |
| 7. Are you listening to the evening news? | Сендер кешкі хабарларды тыңдап отырсыңдар ма? |
| 8. Is Mary still doing the cleaning? | Мэри әлі тазалық жасап жатыр ма? |
| 9. Is Asem looking after her sister's baby today? | Әсем бүгін әпкесінің бөпесіне қарап жатыр ма? |
| 10. Are the students writing a composition or doing a test? | Студенттер шығарма жазып жатыр ма, әлде тест шешіп отыр ма? |

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

- | | |
|---|---------------------------------|
| 1. What are you reading? | Не оқып отырсыз? |
| 2. What is Amina reading? | Әмина не оқып отыр? |
| 3. Where are you working now? | Қазір қайда жұмыс істеп жүрсің? |
| 4. Where is your brother working? | Ағаң қайда жұмыс істеп жүр? |
| 5. What are you translating? | Не аударып отырсың? |
| 6. What is Balnur translating? | Балнұр не аударып отыр? |
| 7. Where are you staying now? | Қазір қайда тұрып жатырсыңдар? |
| 8. Where is your friend staying? | Досың қайда тұрып жатыр? |
| 9. Why are you crying? | Неге жылап отырсың? |
| 10. Why is the baby crying? | Бөпе неге жылап отыр? |
| 11. Where are you going to ? | Қайда бара жатырсың? |
| 12. Where is David going to ? | Давид қайда бара жатыр? |
| 13. Who are you waiting for ? | Кімді күтіп тұрсыңдар? |
| 14. Who is Jim waiting for ? | Джим кімді күтіп тұр? |
| 15. What are you listening to ? | Не тыңдап отырсың? |
| 16. What's Askar listening to ? | Асқар не тыңдап отыр? |
| 17. Where are you coming from ? | Қайдан келе жатырсыңдар? |
| 18. Where are they coming from ? | Олар қайдан келе жатыр? |
| 19. What are you waiting for ? | Не күтіп тұрсың? |
| 20. What are they waiting for ? | Олар не күтіп тұр? |
| 21. Who are you looking for ? | Кімді іздеп жүрсіндер? |
| 22. Who is Michelle looking for ? | Мичель кімді іздеп жүр? |
| 23. Which language are you learning? | Қай тілді үйреніп жүрсің? |
| 24. Which language are they learning? | Олар қай тілді үйреніп жүр? |
| 25. Whose song are you listening to ? | Кімнің әнін тыңдап отырсыңдар? |
| 26. Whose song are they listening to ? | Олар кімнің әнін тыңдап отыр? |
| 27. Why are you boiling the water? | Суды не үшін қайнатып жатырсың? |
| 28. Why is she boiling the water? | Ол суды не үшін қайнатып жатыр? |
| 29. Where are you phoning from ? | Қайдан телефон соғып тұрсың? |
| 30. Where is Saule phoning from ? | Сәуле қайдан телефон соғып тұр? |

Есте сақтаныз!

Кейбір етістіктер үздіксіз қимыл-әрекетті білдіретін шақтарда, яғни Continuous Tense-терде (мысалы **Present Continuous, Past Continuous, Present Perfect Continuous, Past Perfect Continuous**'та) қолданылмайды. Бұл етістіктерде **Simple Present, Simple Past, Present Perfect, Past Perfect** сияқты шақтар қолданылады. **Present Perfect Continuous** туралы мағлұмат берілгенде, бұл қолданысқа арнайы тоқталамыз (92-бет). Аталған етістіктерде **Present Continuous**-тың орнына **Simple Present** қолданылады. Мысалы:

I love you.	I'm loving you.	Мен сені сүйемін (жақсы көремін).
He hates me.	He is hating me.	Ол мені жек көреді.

Continuous Tense-терде қолданылмайтын етістіктер:

- | | |
|-------------|----------------|
| 1. adore | 16. love |
| 2. believe | 17. mean |
| 3. belong | 18. need |
| 4. care | 19. own |
| 5. consider | 20. possess |
| 6. consist | 21. prefer |
| 7. contain | 22. realise |
| 8. depend | 23. remember |
| 9. deserve | 24. resemble |
| 10. dislike | 25. seem |
| 11. doubt | 26. suppose |
| 12. forget | 27. trust |
| 13. hate | 28. understand |
| 14. know | 29. want |
| 15. like | 30. worship |

Мысалдар:

I know your parents.

He adores his Literature teacher.

We don't believe his explanations.

This villa belongs to my grandfather.

He prefers tea to coffee.

I like him very much.

She likes playing chess in my free time.

They don't know the city very well.

I don't understand what they are talking about.

She doesn't resemble either of her parents.

THE SIMPLE PRESENT TENSE

V₁ (do / does)

Жасалуы:

The Simple Present Tense'тің болымды түрінде көмекші етістік қолданылмайды, бастауыштан кейін тікелей етістіктің бірінші формасы (V₁) қолданылады. Аталған шақтың болымсыз және сұраулы түрлерінде болса, **do** және **does** көмекші етістіктері қолданылады. **The Simple Present Tense**'тің қазақ тіліндегі баламасы – ауыспалы осы шақ.

I go to work every day.	Мен күнде жұмысқа барамын.
You go to work every day.	Сен күнде жұмысқа барасың.
He goes to work every day.	Ол күнде жұмысқа барады.
She goes to work every day.	Ол күнде жұмысқа барады.
We go to work every day.	Біз күнде жұмысқа барамыз.
You go to work every day.	Сендер күнде жұмысқа барасындар.
They go to work every day.	Олар күнде жұмысқа барады.

I go to work every day.	Мен күнде жұмысқа барамын.
I don't go to work every day.	Мен күнде жұмысқа бармаймын.
Do you go to work every day?	Сіз күнде жұмысқа барасыз ба?
How many days a week do you go to work?	Сіз бір аптада қанша күн жұмысқа барасыз?

He / she goes to work every day.	Ол күнде жұмысқа барады.
He / she doesn't go to work every day.	Ол күнде жұмысқа бармайды.
Does he / she go to work every day?	Ол күнде жұмысқа бара ма?
How many days a week does he / she go to work?	Ол аптасына қанша күн жұмысқа барады?

The Simple Present Tense'те тек қана жекеше түр 3-жақтағы етістік **-s** немесе **-es** жалғауын қабылдайды, ал басқа жақтық формадағы етістіктер еш жалғау қабылдамайды.

I. Жекеше түр 3-жақта негізгі етістікке көбінесе **-s** жалғауы жалғанады. Мысалы:
translate → translates live → lives work → works

II. *s, ss, ch, tch, sh, x* әріптерімен аяқталған етістіктерге **-es** жалғауы жалғанады. Мысалы:

miss → misses	teach → teaches	watch → watches
finish → finishes	wish → wishes	mix → mixes

III. 'y' әрпімен аяқталған және 'y' әрпінен бұрын дауыссыз дыбыс келген етістіктерде 'y' әрпі 'i' әрпіне ауыса отырып, **-es** жалғауын қабылдайды. Мысалы:

study → studies	carry → carries	cry → cries
try → tries	deny → denies	worry → worries

Ескерту: Ал 'y' әрпінен бұрын дауысты дыбыс келген етістіктерге тек қана **-s** жалғауы жалғанады. Мысалы:

pay → pays	play → plays	say → says
stay → stays	buy → buys	enjoy → enjoys

IV. Ерекше жайт:

go → goes	do → does	have → has
-----------	-----------	------------

Салыстырыңыз:

I live in the village.	He lives in the city.
I watch TV two hours a day.	He watches TV at least five hours a day.
I study at Suleiman Demirel University.	He studies at Kazakh National University.
I play the violin well.	He plays the piano well.
I go to the course twice a week.	He goes to the course three times a week.
I do my homework in the afternoon.	He does his homework in the evening.
I have breakfast at seven o'clock.	He has breakfast at ten o'clock.

The Simple Present Tense’пен қолданылатын мезгіл үстеулері:

every day	күн сайын, күнде
every week (month / year ...)	апта сайын (ай сайын, жыл сайын...)
every morning/ every evening	күнде таңертең / күнде кешкісін
from time to time	анда-санда, оқта-текте
once (twice / three times) a week	аптасына бір рет (екі рет / үш рет)
once a month / a year	айына (жылына) бір рет

Қолданылуы:

I. The Simple Present Tense үнемі қайталанатын, үзбей болатын, дағдыға айналған іс-қимылдармен қатар, қабілеттілікті және салт-дәстүрлерді білдіру үшін қолданылады. Мысалы:

I <u>get up</u> at seven o'clock every day.	Мен күнде сағат жетіде тұрамын.
They <u>go</u> on holiday in winter.	Олар демалысқа қыста шығады.
My sister <u>plays</u> the guitar very well.	Әпкем гитараны өте жақсы тартады.
We <u>celebrate</u> the Nauryz Holiday on 22th of March.	Біз Наурыз мейрамын наурыздың жиырма екісінде тойлаймыз.

II. The Simple Present Tense ешқашан өзгермейтін, яғни уақытқа тәуелді емес ұғымдарды, табиғаттың заңды құбылыстары мен ғылыми заңдарды, ережелерді білдіру үшін де қолданылады. Мақалдар мен қанатты сөздер көбінесе **Simple Present**’те беріледі. Мысалы:

The Earth <u>goes</u> around the Sun.	Жер Күнді айналады.
Water <u>boils</u> at 100 °C.	Су 100 градуста қайнайды.
A barking dog seldom <u>bites</u> .	Көп үрген ит қаппайды.
A burnt child dreads the fire.	Аузы күйген үрлеп ішер.

III. The Simple Present Tense келешекте орындалуы уақыт кестесіне байланысты жоспарларды да білдіреді. Бірақ аты аталған шақ формасы бұл функциясында келер шақты меңзейтін мезгіл үстеулерімен немесе уақыт көрсеткішімен қолданылуы тиісті. Мысалы:

The Office Furniture Fair opens on the *fifteenth of September*. Кеңсе жиһаздары көрмесі қыркүйектің он бесінде ашылады.

The delegation leaves for Astana at nine a.m. *tomorrow*. Делегация ертең таңғы тоғызда Астанаға жолға шығады.

The train arrives in Oral at seven o'clock *tomorrow evening*. Пойыз Оралға ертең кешке сағат жетіде барады.

IV. The Simple Present Tense газеттегі мақала аттарында жедел өткен шақтың орнына қолданылады. Мысалы:

Real Madrid wins the cup. Реал Мадрид кубокты жеңіп алды.

Prince Charles visits the Central Asia. Принц Чарльз Орта Азияға барып қайтты.

About two hundred people die in the earthquake. Жер сілкінісінде екі жүздей адам өлді.

ADVERBS of FREQUENCY (ЖИІЛІК ҮСТЕУЛЕРІ)

Жиілік үстеулері **Simple Future**, **Simple Past** және **Present Perfect** сияқты шақтық формалармен бірге қолданылғанымен, олардың **Simple Present**'те қолданысы өте жиі кездеседі. Сондықтан жиілік үстеулерін **Simple Present**'пен бірге қолға алғанды жөн көрдік.

always	→ әрқашан	usually	→ көбінесе
often = frequently	→ жиі	sometimes	→ кейде
occasionally	→ анда-санда	seldom = rarely	→ сирек
never	→ ешқашан	ever	→ ешқашан

Жиілік үстеулері хабарлы сөйлемдерде әдетте көмекші етістіктерден кейін қолданылады. Алайда **The Simple Present Tense**'тің болымды түрінде көмекші етістік болмайтындықтан, жиілік үстеулері бастауыштан кейін қолданылады. Жиілік үстеулері сұраулы сөйлемдерде де бастауыштан кейін қолданылады. Мысалы:

I **always** get up early. Мен әрқашан ерте тұрамын.
 I don't **always** get up early. Мен әрқашан ерте тұрмаймын.
 Do you **always** get up early? Сен әрқашан ерте тұрасың ба?
 What time do you **always** get up? Сен әрқашан қаншада тұрасың?

Dina **usually** goes to bed late. Дина әдетте кеш жатады.
 Dina doesn't **usually** go to bed late. Дина әдетте кеш жатпайды.
 Does Dina **usually** go to bed late? Дина әдетте кеш жата ма?
 What time does Dina **usually** go to bed? Дина әдетте қаншада жатады?

We often go to the theatre.
We don't often go to the theatre.
Do you often go to the theatre?
How often go to the theatre?

Біз театрға жиі барамыз.
Біз театрға жиі бармаймыз.
Сендер театрға жиі барасыздар ма?
Сендер театрға қаншалықты жиі барасындар?

Жиілік үстеулерінің **to be** көмекші етістігімен қолданылуын қолға алайық.

You are beautiful.
You are **always** beautiful.

Сен әдемісің.
Сен әрқашан әдемісің.

She is very selfish.
She is **sometimes** very selfish.

Ол – өзімшіл.
Ол кейде өзімшіл.

They are very careful.
They are **always** very careful.

Олар – өте мұқият.
Олар әрқашан өте мұқият.

He is late for work.
He is **usually** late for work.

Ол жұмысқа кеш қалады.
Ол көбінесе жұмысқа кеш қалады.

Our Russian teacher is too strict.

Біздің орыс тілі мұғаліміміз тым қатал.

Our Russian teacher is **sometimes** too strict.

Біздің орыс тілі мұғаліміміз кейде тым қатал.

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

1. We live in a two-room flat in the city centre. Біз қала орталығында екі бөлмелі пәтерде тұрамыз.
2. Our boss speaks English fluently. Біздің бастық ағылшын тілінде еркін сөйлейді.
3. I like walking in the rain. Жаңбырда қыдырғанды жақсы көремін.
4. He always goes to work by taxi. Ол әрқашан жұмысқа таксимен барады.
5. They work for a construction company. Олар құрылыс компаниясында жұмыс істейді.
6. Jane visits her grandparents once a month. Джейн ата-әжесін көруге айына бір рет барады.
7. I sometimes listen to classical music. Мен кейде классикалық музыка тыңдаймын.
8. My sister studies at the Faculty of Medicine. Менің әпкем медицина факультетінде оқиды.
9. They rarely go to the theatre. Олар театрға сирек барады.
10. We go to the computer course twice a week. Біз аптасына екі рет компьютер курсына барамыз.

Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

- | | |
|--|---|
| 1. I don't usually have breakfast. | Мен көбінесе таңғы асты ішпеймін. |
| 2. She doesn't teach Maths, she teaches Chemistry. | Ол математикадан сабақ бермейді, химиядан сабақ береді. |
| 3. We don't have lunch in the canteen. | Біз түскі асты асханадан жемейміз. |
| 4. He sometimes doesn't go to work. | Ол кейде жұмысқа бармайды. |
| 5. This dress doesn't suit you. | Бұл көйлек саған жараспайды. |
| 6. Vegeterians don't eat meat. | Вегетариандар ет жемейді. |
| 7. We don't know the meaning of these verbs. | Біз мына етістіктердің мағынасын білмейміз. |
| 8. I don't like telling a lie. | Мен өтірік айтқанды ұнатпаймын. |
| 9. It doesn't snow in Antalya in winter. | Қыста Анталияда қар жаумайды. |
| 10. Eyes don't tell a lie. | Көздер өтірік айтпайды. |

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

- | | |
|--|--|
| 1. Do you always tell the truth? | Сен әрқашан шындықты айтасың ба? |
| 2. Does she live with her parents? | Ол әке-шешесімен бірге тұра ма? |
| 3. Do they often go to the cinema? | Олар кинотеатрға жиі бара ма? |
| 4. Does your brother speak Chinese fluently? | Сенің ағаң қытайша еркін сөйлей ме? |
| 5. Do you work on Saturdays? | Сіз сенбі күндері жұмыс істейсіз бе? |
| 6. Does your daughter study at college or at university? | Қызыңыз колледжде оқи ма, әлде университетте ме? |
| 7. Do they live in the city or in the village? | Олар қалада тұра ма, әлде ауылда ма? |
| 8. Does it ever snow in Antalya? | Анталияда еш қар жауа ма? |
| 9. Do you like listening to classical music? | Классикалық музыка тыңдағанды ұнатасыз ба? |
| 10. Does Aigerim go to work every day? | Айгерім күнде жұмысқа бара ма? |

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

- | | |
|---|-------------------------------------|
| 1. What do you do? | Қандай жұмыс істейсің? |
| 2. What does your father do? | Әкең қандай жұмыс істейді? |
| 3. Where do you live? | Қайда тұрасың? |
| 4. Where does your brother live? | Ағаң қайда тұрады? |
| 5. How many languages do you speak? | Сіз қанша тілде сөйлейсіз? |
| 6. How many languages does Jack speak? | Джек қанша тілде сөйлейді? |
| 7. What kind of books do you read? | Сен қандай кітаптар оқисың? |
| 8. What kind of books does she read? | Ол қандай кітаптар оқиды? |
| 9. Where do you study? | Қайда оқисың? |
| 10. Where does Martin's brother study? | Мартиннің ағасы қайда оқиды? |
| 11. What do you do in your free time? | Сен бос уақытыңда не істейсің? |
| 12. What does Erdaulet do in his free time? | Ердәулет бос уақытыңда не істейді? |
| 13. How much scholarship do you get? | Айына қанша степендия аласың? |
| 14. How much scholarship does he get? | Ол айына қанша степендия алады? |
| 15. Where do you work? | Қайда жұмыс істейсің? |
| 16. Where does your cousin work? | Бөлең қайда жұмыс істейді? |
| 17. What kind of music do you listen to? | Қандай музыка тыңдайсыз? |
| 18. What kind of music does he listen to? | Ол қандай музыка тыңдайды? |
| 19. Where do you spend our holiday? | Сен демалысыңды қайда өткізесің? |
| 20. Where does your boss spend his holiday? | Бастығың демалысын қайда өткізеді? |
| 21. Which languages do you speak? | Сіз қай тілдерде сөйлейсіз? |
| 22. Which languages does Dinara speak? | Динара қай тілдерде сөйлейді? |
| 23. How much money do you spend a month? | Айына қанша ақша жаратасың? |
| 24. How much money does Tom spend a month? | Том айына қанша ақша жаратады? |
| 25. What time do you usually get up? | Сіз көбінесе сағат нешеде тұрасыз? |
| 26. What time does Kulash get up? | Күләш сағат нешеде тұрады? |
| 27. How many hours a day do you study? | Күнде қанша сағат сабақ оқисың? |
| 28. How many hours a day does she study? | Ол күнде қанша сағат сабақ оқиды? |
| 29. What time do you leave work? | Сіз сағат қаншада жұмыстан шығасыз? |
| 30. What time does Dana leave work? | Дана сағат қаншада жұмыстан шығады? |

The Present Continuous Tense пен **The Simple Present Tense**'тің
ҚОЛДАНЫЛУ ТҰРҒЫСЫНАН САЛЫСТЫРЫЛУЫ

I. The Present Continuous Tense әдетте дәл сөйлеу сәтінде болып жатқан іс-әрекет және оқиғаларды білдіру үшін қолданылады. **The Simple Present Tense** болса, үнемі қайталанатын, үзбей болатын, дағдыға айналған іс-қимылдарды, қабілеттілікті, дәстүрлерді және салттарды білдіру үшін қолданылады. Мысалы:

- | | |
|---|--|
| a) I'm going to school now. | Мен қазір мектепке бара жатырмын. |
| b) I go to school five days a week. | Мен аптасына бес күн мектепке барамын. |
| a) He's having lunch in the canteen now. | Ол асханада түскі тамақты ішіп отыр. |
| b) He has lunch in the canteen every day. | Ол күнде түскі тамақты асханада ішеді. |
| a) My cousin is speaking German now. | Бөлем қазір немісше сөйлеп жүр. |
| b) My cousin speaks German fluently. | Менің бөлем немісше еркін сөйлейді. |

II. Үздіксіз іс-қимылды білдіретін шақтармен қолданылмайтын етістіктерде (қараңыз 48-бет) **Present Continuous**'тың орнына **Simple Present** қолданылады. Мысалы:

- | | | |
|-------------------------|---------------------------------------|-----------------------------------|
| He loves Jane. | He's loving Jane. | Ол Джейнді сүйеді (жақсы көреді). |
| We know your teacher. | We are knowing... | Біз сенің мұғаліміңді танимыз. |
| I don't understand him. | I'm not understanding him. | Мен оны түсінбеймін. |

III. The Simple Present Tense ешқашан өзгермейтін, яғни уақытқа тәуелді емес ұғымдарды, табиғат құбылыстары және ғылыми заңдарды, ережелерді білдіру үшін де қолданылады. Мысалы:

- | | |
|--------------------------------|---------------------------|
| The Earth goes around the Sun. | Жер Күнді айналады. |
| Water boils at 100 °C. | Су 100 градуста қайнайды. |

IV. Жиілік үстеулері (always, usually, often, sometimes, rarely, never, ever және т.б.) әдетте **Simple Present**'пен қолданылады. Мысалы:

- | | |
|---------------------------------------|--------------------------------------|
| I always get up early. | Мен әрқашан ерте тұрамын. |
| We often go to the theatre. | Біз театрға жиі барамыз. |
| They rarely visit their grandparents. | Олар ата-әжесін көруге сирек барады. |

ЕСКЕРТУ: Always жиілік үстеуі ашулану, ренжу, ызалану, кеюді білдіруде **Present Continuous Tense**-пен де қолданылады. Мысалы:

- | | |
|---|--|
| He's very forgetful. He's always losing his things. | Ол – өте ұмытшақ, әрқашан заттарын жоғалтып жүреді. |
| You should be careful. You're always making a lot of mistakes on the examination. | Ұқыпты болуың керек. Сен емтиханда әрқашан көп қате жібересің. |

THE SIMPLE FUTURE TENSE

will + V₁

Жасалуы:

The Simple Future Tense *will* көмекші етістігі мен негізгі етістіктің (V₁) тіркесуі арқылы жасалып, қазақ тіліне ауыспалы келер шақтың шақтық жұрнақтарымен (-а, -е, -й) қатар, болжалды келер шақтың жұрнақтарымен (-ар, -ер, -р) аударылады.

Ескерту: I немесе we жіктеу есімдіктерінде *shall* көмекші етістігінің қолданысын көру мүмкін. Алайда қазіргі ағылшын тілінде *shall* көмекші етістігі көбінесе ерекше жайттарда ғана қолданылады. Бұл қолданыс жайында 58-бетте сөз етіледі. Сондықтан жіктеу есімдіктерінің барлығында *will* көмекші етістігін қолданған жөн.

I will get up early tomorrow.	Мен ертең ерте тұрамын.
You will get up early tomorrow.	Сен ертең ерте тұрасың.
He / she will get up early tomorrow.	Ол ертең ерте тұрады.
We will get up early tomorrow.	Біз ертең ерте тұрамыз.
You will get up early tomorrow.	Сендер ертең ерте тұрасыңдар.
They will get up early tomorrow.	Олар ертең ерте тұрады.

I will go to work tomorrow.	Мен ертең жұмысқа барамын.
I won't go to work tomorrow.	Мен ертең жұмысқа бармаймын.
Will you go to work tomorrow?	Сіз ертең жұмысқа барасыз ба?
What time will you go to work tomorrow?	Ертең жұмысқа қаншада барасыз?

The Simple Future Tense' пен бірге қолданылатын мезгіл үстеулері:

tomorrow	→	ертең
the day after tomorrow	→	бүрсігүні
next week (next month, next year...)	→	келесі аптада (келесі айда, келесі жылы)
today	→	бүгін
tonight	→	бүгін кешке
this week (this month, this year)	→	бұл аптада (бұл айда, биыл...)
soon	→	жақында
in a week (in two months)	→	бір аптадан кейін (екі айдан кейін)

Қолданылуы:

I. The Simple Future Tense' сөйлеу сәтінен кейін жүзеге асатын іс-қимылдарды білдіру үшін қолданылады. Бұл іс-қимылдар көбінесе сөйлеу сәтінен бұрын жоспарланады.

I <u>will move</u> into my new flat next week.	Мен келесі аптада жаңа пәтеріме көшемін.
--	--

She <u>will graduate</u> from university next year.	Ол келесі жылы университетті бітіреді.
---	--

We will go on an excursion to Otyrar next weekend. Біз келесі аптаның соңында Отырарға экскурсияға барамыз.

They will learn Arabic at school this year. Олар биыл мектепке арабша үйренеді.

He will take the children to the circus the day after tomorrow. Ол бүгінгіні балаларды циркке аарады.

II. The Simple Future Tense келешекте жүзеге асуы сөйлеу сәтінде жоспарланған іс-әрекеттерді білдіру үшін де қолданылады. Мысалы:

Bolat: My car has broken down. Машинам бұзылып қалды.

Arman: Don't worry. We will help you with repairing it. Уайымдама. Біз саған машинаңды жөндеуге көмектесеміз.

Marat: Let's go to a cafe after the lesson. Сабақтан соң кафеге барайық

Damir: I can't come, because I haven't got any money with me. Мен бара алмаймын, себебі қалтамда ешқандай ақшам жоқ.

Marat: I will lend you some money. Мен саған қарызға бере тұрамын.

Saule: I have got a terrible headache. Басым қатты ауырып тұр.

Anel: I'll give you an aspirin now. Қазір саған аспириин беремін.

III. The Simple Future Tense болжамды білдіру үшін де қолданылады, яғни Simple Future-дың бұл функциясында іс-қимылдың болып болмайтындығы нақты білдірілмейді, шамалап, болжап айтылады. Сондықтан қазақ тіліндегі болжалды келер шақтағы сөйлемдерді ағылшын тіліне *Simple Future*-дың шактық көрсеткіштерінің көмегімен аударуға болады.

Мысалы:

You will be a professor one day.

Бір күн профессор боласың (боларсың).

Maybe we will meet one day.

Мүмкін бір күні кездесерміз.

ЕРЕКШЕ ЖАЙТ:

I. **Shall I + V₁ ... ? / Shall we + V₁ ... ?** ұсынысты білдіру үшін қолданылып, қазақ тілінде «-айын ба? / -сйін бе? / -айық па? / -ейік пе?» деп аударылады.

Shall I help you?

Сізге көмектессйін бе?

Shall we help you?

Сізге көмектессейік пе?

Shall I go to the market tomorrow?

Ертең базарға барайын ба?

Shall we go to the market tomorrow?

Ертең базарға барайық па?

II. **Will you + V₁ ... ?** өтінішті білдіру үшін қолданылады.

Will you turn on the light?

Жарықты жағып жібересің бе?

Will you wait for me after the lesson?

Сабақтан кейін мені күте тұрасыңдар ма?

Will you sign this document?

Мына құжатқа қол қойып жібересіз бе?

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

1. I will go to the wedding to Shymkent this Saturday. Мен бұл сенбі күні Шымкентке тойға барамын.
2. We will go to the library tomorrow afternoon. Біз ертен түстен кейін кітапханаға барамыз.
3. She will make a speech at tomorrow's meeting. Ол ертеңгі жиналыста сөз сөйлейді.
4. I will buy a new mobile phone when I get my scholarship. Стипендиямды алған кезде жаңа ұялы телефон сатып аламын.
5. The Minister of Education will visit our college tomorrow afternoon. Ертен түстен кейін біздің колледжге Білім министрі келеді.
6. They will spend their holiday in Saryagash this year. Олар биыл кезекті демалыстарын Сарыағашта өткізеді.
7. We will meet you at the railway station. Біз Сізді теміржол вокзалынан күтіп аламыз.
8. Ruslan will join the army as soon as he graduates from university. Руслан университетті бітіре салысымен, әскерге кетеді.
9. My brother will buy a computer for me when he gets his salary. Ағам айлығын алғанда, маған компьютер сатып алады.
10. They will return from holiday the day after tomorrow. Олар демалыстан бүрсігүні қайтып келеді.

Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

1. I won't go to the course tomorrow, because I must study for the exam. Ертен курсқа бармаймын, себебі емтиханға дайындалуым керек.
2. He is very angry with you. He won't never forgive you. Ол саған қатты ашуланды. Ол сені ешқашан кешірмейді.
3. We won't work next Friday, because it's a holiday. Біз келесі жұмада жұмыс істемейміз, өйткені ол күні – мейрам.
4. I won't enter tomorrow's exam, because I couldn't study for it. Мен ертеңгі емтиханға кірмеймін, себебі дайындала алмадым.
5. They won't go on holiday this year. Олар биыл демалысқа шықпайды.

- | | |
|---|--|
| 6. It won't rain today, so you needn't take an umbrella. | Бүгін жаңбыр жаумайды, сондықтан қолшатырынды алудың қажеті жоқ. |
| 7. She won't graduate from university this year. | Ол университетті биыл бітірмейді. |
| 8. We won't paint the house this summer. | Біз бұл жазда үйді боямаймыз. |
| 9. We won't attend tomorrow's conference, we have got an exam at that time. | Ертеңгі конференцияға қатыспаймыз, ол уақытта емтиханымыз бар. |
| 10. I don't feel well. I won't go to work today. | Мазам болмай тұр. Бүгін жұмысқа бармаймын. |

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

- | | |
|---|--|
| 1. Will you leave home early tomorrow? | Ертең үйден ерте шығасың ба? |
| 2. Will they move into their new flat soon? | Олар жаңа пәтеріне жақында көше ме? |
| 3. Will your brother graduate from college this year? | Інің колледжді биыл бітіре ме? |
| 4. Will the order be ready by 5 o'clock? | Тапсырыс беске дейін дайын бола ма? |
| 5. Will your sister help with writing your article? | Әпкең мақаланды жазуға көмектесе ме? |
| 6. Will they return by the end of this month? | Олар бұл айдың соңына дейін қайтып келе ме? |
| 7. Will she enter the Beauty contest this year? | Ол биыл сұлулық байқауына қатыса ма?
Браун мырза конференцияға қатыса ма? |
| 8. Will Mr Brown attend the conference? | |
| 9. Shall I paint the doors white or blue? | Есіктерді ақ түске бояйын ба, әлде көк түске ме? |
| 10. Shall I come early tomorrow? | Ертең ерте келейін бе? |
| 11. Shall I buy an English-Kazakh dictionary | Ағылшынша-қазақша сөздік сатып алайық па? |
| 12. Shall we go to Balkhash Lake next weekend? | Келесі аптаның соңында Балқаш көліне барайық па? |

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

1. What time will you get up tomorrow? Ертең сағат нешеде тұрасын?
2. How many people will they invite to the wedding? Олар тойға қанша кісі шақырады?
3. How long will your parents stay in Germany? Ата-анаң Германияда қанша уақыт болады?
4. What will you do after lunch tomorrow? Ертең түскі тамақтан кейін не істейсіңдер?
5. Where will they spend their holiday? Олар демалыстарын қайда өткізеді?
6. How many exams will you take next week? Келесі аптада қана емтихан тапсырасыңдар?
7. What time will the dinner be ready? Кешкі ас сағат нешеде дайын болады?
8. Where will you spend your summer holidays this year? Биыл жазғы каникулдарыңды қайда өткізесіңдер?
9. How many days will they stay in Sweden? Олар Швецияда қанша күн болады?
10. In what country will the next Olympic Games take place? Келесі Олимпиада қай елде өтеді?
11. When will she get her driving licence? Ол жүргізуші куәлігін қашан алады?
12. What time will they leave the hotel? Олар қонақ үйден қаншада шығады?
13. Where will you go tomorrow? Ертең қайда барасың?
14. How will you go to Taraz? By train? Таразға немен барасыз? Пойызбен бе?
15. When shall I go to Astana? Next week? Астанаға қашан барайын? Келесі аптада ма?
16. Which meal shall I cook for dinner? Кешкі асқа қандай тамақ пісірейін?
17. How many tickets shall I buy for the concert? Концертке қанша билет сатып алайын?
18. How much money will we give them? Оларға қанша ақша берейік?
19. Where shall we meet? In the library or in the canteen? Қайда кездесейік? Кітапханада, әлде асханада ма?
20. What time shall we come to work tomorrow? Ертең жұмысқа қаншада келейік?

GOING TO FUTURE

am / is / are + going + to +V₁

Жасалуы:

Going to Future *am / is / are* көмекші етістігіне **going** сөзі мен етістіктің тұйық рай формасының (**to+V₁**) тіркесуі арқылы жасалады. Бұл шақты қазақ тіліне ауыспалы келер шақтың шақтық жұрнақтарымен (-ар, -ер, -р) қатар, мақсатты келер шақтың шақтық жұрнақтарымен де (-мақ, -мек, -пак, -пек, бақ, -бек) аударуға болады.

<u>I'm going to get up</u> early tomorrow.	Мен ертең ерте тұрамын.
<u>You're going to get up</u> early tomorrow.	Сен ертенңерте тұрасың.
<u>He / she is going to get up</u> early tomorrow.	Ол ертең ерте тұрады.
<u>We're going to get up</u> early tomorrow.	Біз ертең ерте тұрамыз.
<u>You're going to get up</u> early tomorrow.	Сендер ертең ерте тұрасыңдар.
<u>They're going to get up</u> early tomorrow.	Олар ертең ерте тұрады.

<u>I'm going to buy</u> a car this year.	Мен биыл машина сатып аламын.
<u>I'm not going to buy</u> a car this year.	Мен биыл машина сатып алмаймын.
<u>Are you going to buy</u> a car this year?	Сен биыл машина сатып аласың ба?
When <u>are you going to buy</u> a car?	Сен қашан машина сатып аласың?

Going to Future'мен қолданылатын мезгіл үстеулері:

tomorrow	→ ертең
the day after tomorrow	→ бүрсігүні
next week (next month, next year)	→ келесі аптада (келесі айда, келесі жылы)
soon	→ жақында
this week (this month, this year)	→ бұл аптада (бұл айда, биыл...)

Қолданылуы:

I. Going to Future да **The Simple Future Tense** сияқты кимылдың іс-әрекеттің сөйлеу сәтінен кейін болатынын білдіреді. **Going to Future** -дың **The Simple Future Tense**-тен ең басты айырмашылығы, сөйлеу сәтінде жоспарланған іс-әрекеттерді білдіреді, сөйлеу сәтінде жоспарланған іс-әрекеттерді білдірмейді. Мысалы:

<u>I'm going to spend</u> my holiday in France this year.	Мен биыл демалысымды Францияда өткіземін.
<u>We're going to stay</u> in the hostel next year.	Біз келесі жылы жатақханада тұрамыз.
<u>Mary's going to play</u> the violin at tomorrow's concert.	Мэри ертеңгі концертте скрипка тартады.
<u>They're going to get married</u> in June next year.	Олар келесі жылы маусым айында үйленеді.

II. Going To Future жақын уақытта жүзеге асуы әбден мүмкін іс-қимылдарды да білдіреді. Мысалы:

There are too many clouds in the sky. It is going to rain today. Аспанды қара бұлт қаптап кетті. Бүгін жаңбыр жауады.

Be careful. You're going to fall into the hole. Абайла! Шұңқырға түсіп кетесің.

Look out. You're going to break the dishes. Байқа! Ыдыс-аяқты сындырасың.

Be careful. The chandelier is going to fall on your head. Абайла! Люстра басыңа түседі.

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

I'm going to get up late tomorrow, because I haven't got any lessons. Мен ертең кеш тұрамын, өйткені еш сабағым жоқ.

My sister is going to fly to America tonight. Әпкем бүгін түнде Америкаға ұшады.

You're going to make a speech at tomorrow's meeting. Сен ертеңгі жиналыста баяндама жасайсың.

We're going to move to Aktau at the end of this month. Біз бұл айдың соңында Актауға кетеміз.

They are going to spend their holiday in Switzerland next summer. Олар келесі жазда кезекті демалыстарын Швейцарияда өткізеді.

Mary is going to look after her sister's baby tomorrow. Мэри ертең әпкесінің бөпесіне қарайды.

We are going to invite twenty scientists to the conference. Біз конференцияға жиырма ғалым шақырамыз.

Dauren is going to graduate from university this year. Дәурен биыл университетті бітіреді.

I'm going to write a composition this evening. Мен бүгін кешке шығарма жазамын.

She is going to enter the TOEFL exam next month. Ол келесі айда TOEFL емтиханын тапсырады.

Есте сақтаңыз!

Go және come етістіктері **Going to Future Tense**'те қолданылмайды, оның орнына **Present Continuous**'та қолданылады. Мысалы:

He 's going to the theatre tomorrow.	Ол ертең театрға барады.
I'm coming home late tonight.	Бүгін кешке үйге кеш келемін.
We're going on an excursion this weekend.	Біз бұл аптаның соңында экскурсияға барамыз.
The Minister of Education is coming to our university next week.	Келесі аптада біздің университетке Білім министрі келеді.
They are going on holiday next week.	Олар келесі аптада демалысқа шығады.

Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

I'm not going to buy a house, I'm going to rent a flat.	Үй сатып алмаймын, пәтер жалдаймын.
Erasyl isn't going to join the army this year.	Ерасыл биыл әскерге кетпейді.
They aren't going to stay in the hostel next year.	Олар келесі жылы жатақханада тұрмайды.
She isn't going to work on Saturdays next month.	Ол келесі айда сенбі күндері жұмыс істемейді.
We aren't going to invite many people to the wedding.	Біз тойға көп адам шақырмаймыз.
The dean isn't going to attend the meeting today, because he has got a lecture at that time.	Декан бүгін жиналысқа қатыспайды, себебі ол уақытта оның лекциясы бар.
We aren't going to take tomorrow's exam, because we aren't ready.	Біз ертеңгі емтиханға кірмейміз, себебі дайын емеспіз.
She isn't going to do cleaning this Sunday, because she is going on an excursion.	Ол бұл жексенбіде тазалық жасамайды, себебі экскурсияға кетеді.
They aren't going to play football this Saturday.	Олар сенбіде футбол ойнамайды.
He isn't going to buy a car this year, because he hasn't got enough money.	Ол биыл машина сатып алмайды, өйткені жеткілікті ақшасы жоқ.

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

Are you going to have a rest after dinner?	Кешкі тамақтан кейін демаласыз ба?
Is she going to move into her new flat next month?	Ол келесі айда жаңа пәтеріне көше ме?
Are you going to watch tomorrow's competition?	Сендер ертеңгі жарысты тамашалайсындар ма?
Is your nephew going to graduate from the college this year?	Жиенің биыл колледжді бітіре ме?
Are they going to sell their house in Kaskelen?	Олар Қаскелендегі үйлерін сата ма?
Are you studying for the exam tomorrow evening?	Сендер ертең кешке емтиханға дайындаласыздар ма?
Are they going to learn French at school this year?	Олар биыл мектепке французша үйрене ме?
Is your little brother going to finish high school this year?	Інің лицейді биыл бітіре ме?
Are the foreign guests going to the National Museum tomorrow?	Шетелдік қонақтар ертең Ұлттық мұражайға бара ма?
Are you going to bed early tonight?	Сен бүгін кешке ерте жатасың ба?

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

What are you going to do on Sunday?	Жексенбі күні не істейсіңдер?
What time are you going to get up tomorrow?	Сен ертең сағат қаншада тұрасың?
When is he going to buy a new car?	Ол қашан жаңа машина сатып алады?
How many days are they going to stay in Turkey?	Олар Түркияда қанша күн болады?
Where is he going to spend his holiday this year?	Ол биыл кезекті демалысын қайда өткізеді?
How many exams are you going to enter next week?	Сендер келесі аптада қанша емтихан тапсырасыздар?
Until what time are you going to work this Saturday?	Бұл сенбі күні сағат нешеге дейін жұмыс істейсіңдер?

When is they going to move into his new house? Олар жаңа пәтеріне қашан көшеді?

How many people are you going to invite to the wedding? Тойға қанша кісі шақырасыңдар?

SIMPLE FUTURE мен GOING to FUTURE арасындағы айырмашылықтар:

Бұл екі шақтық форма да қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеу сәтінен кейін болатынын білдіреді. Бірақ **the Simple Future Tense** әрі сөйлеу сәтінен бұрын, әрі сөйлеу сәтінде жоспарланған іс-қимылдарды да білдіреді. **Going to Future** болса, сөйлеу сәтінен бұрын жоспарланған іс-қимылдарды білдіру үшін ғана қолданылады. Мысалы:

Murat: Eldos is in hospital.	Елдос ауруханада.
Zhanar: Really? I didn't know. I will visit him today. (I am going to visit him today.)	Рас па? Менің хабарым жоқ. Бүгін оның көңілін сұрауға барамын.
Aigerim: I know. I'm going to visit him today. (= I will visit him today.)	Білемін. Мен бүгін оның көңілін сұрауға барамын.

Бұл диалогта Жанар Елдостың ауруханада жатқанын сөйлеу сәтінде ғана біліп, оған баруға шешім қабылдайды. Сондықтан Жанар бұл шешімін тек қана **Simple Future**'да жеткізуге мәжбүр. **Going to Future** қолданылған жағдайда, сөйлем қате болып саналады. Ал Айгерімнің бұл оқиға жайында бұрыннан хабары бар. Сондықтан ол шешімін айтуда екі шақты да қолдана алады. Бірақ **Going to Future** қолданғаны жөн.

Мысалдар:

- Olzhas: Let's go to a cafe after the lesson. Сабактан кейін кафеге барайық.
- Nurzhan: I can't come, because I haven't got any money with me. Мен бара алмаймын, себебі жанымда мүлдем акша жоқ.
- Olzhas: I will lend you some money. Мен саған қарызға акша беремін.
(~~I'm going to lend you some money.~~)
- Aidana: Why are you boiling the water? Суды не үшін қайнатып жатырсың?
- Anel: I'm going to wash my blouses. Жейделерімді жуамын.
(= I will wash my blouses.)
- Arailym: I have got a terrible headache. Басым қатты ауырып тұр.
- Asel: I'll give you an aspirin now. Қазір саған аспирин беремін.
(~~I'm going to give you an aspirin now.~~)

THE SIMPLE PAST TENSE

V₂ (did)

Жасалуы:

The Simple Past Tense’ тің болымды түрінде көмекші етістік қолданылмайды, бастауыштан кейін тікелей етістіктің екінші формасы (V₂) қолданылады. Аталған шақтың болымсыз және сұраулы түрлерінде **did** көмекші етістігі мен етістіктің бірінші формасы (V₁) қолданылады. **The Simple Past Tense**’тің қазақ тіліндегі баламасы – анық өткен шақ.

I **went** to work yesterday.

Мен кеше жұмысқа бардым.

I **didn't go** to work yesterday.

Мен кеше жұмысқа бармадым.

Did you go to work yesterday?

Сіз кеше жұмысқа бардыңыз ба?

What time **did you go** to work yesterday?

Кеше жұмысқа қаншада бардыңыз?

Dias **worked** last Sunday.

Диас өткен жексенбіде жұмыс істеді.

Dias **didn't work** last Sunday.

Диас өткен жексенбіде жұмыс істемеді.

Did Dias work last Sunday?

Диас өткен жексенбіде жұмыс істеді ме?

How many hours **did Dias work** yesterday? Диас кеше қанша сағат жұмыс істеді?

The Simple Past Tense’пен жасалатын етістіктер дұрыс етістіктер (regular verbs) немесе бұрыс етістіктер (irregular verbs) болып екіге бөлінеді. Дұрыс етістіктердің аты аталған шақ формасындағы жасалуын үйреніп алу керек, ал бұрыс етістіктерді жаттап алған жөн.

Дұрыс етістіктердің анық өткен шақта жасалуы:

I. Дұрыс етістіктер көбінесе **-ed** жалғауымен жасалады. Мысалы:

work → worked

finish → finished

clean → cleaned

II. Ал ‘e’ әрпімен аяқталған дұрыс етістіктер тек қана **-d** жалғауын қабылдайды.

Мысалы:

live → lived

type → typed

graduate → graduated

III. ‘y’ әрпімен аяқталған және ‘y’ әрпінен бұрын дауыссыз дыбыс келген етістіктерде ‘y’ әрпі ‘i’ әрпіне ауыса отырып, **-ed** жалғауын қабылдайды.

Мысалы:

study → studied

carry → carried

cry → cried

try → tried

dry → dried

copy → copied

Ескерту: ‘y’ әрпінен бұрын дауысты дыбыс келген етістіктерге **-ed** жалғаулы жалғанады. Мысалы:

play → played

stay → stayed

enjoy → enjoyed

IV. Жалғыз, әрі бітеу буынды кейбір етістіктердің соңғы әрпі жұптаса отырып, **-ed** жалғауын қабылдайды. Мысалы:

stop → stopped

drop → dropped

clap → clapped

chat → chatted

knit → knitted

plan → planned

Төменде күнделікті сөйлеу тілінде жиі қолданылатын бұрыс етістіктердің 1-формасы (V₁) мен 2-формасын (V₂) беріп отырмыз. Алдымен осы бұрыс етістіктерді жаттап алған жөн. Бұрыс етістіктердің толық кестесі 217-бетте берілген.

IRREGULAR VERBS (БҰРЫС ЕТІСТІКТЕР):

Қазақшасы:	V ₁	V ₂
1. оқу	read	read
2. жазу	write	wrote
3. келу	come	came
4. кету, бару	go	went
5. беру	give	gave
6. алу, апару	take	took
7. әкелу	bring	brought
8. сатып алу	buy	bought
9. сату	sell	sold
10. үйрену	learn	learnt
11. үйрету	teach	taught
12. ішу	drink	drank
13. жеу	eat	ate
14. көру	see	saw
15. танысу, қарсы алу	meet	met
16. табу	find	found
17. жоғалту	lose	lost
18. тастау, шығу	leave	left
19. ұйықтау	sleep	slept
20. ояну	wake up	woke up
21. алу, сатып алу	get	got
22. жіберу	send	sent
23. қарызға беру	lend	lent
24. (демалыс т.б.) өткізу	spend	spent
25. (үй) салу	build	built
26. бастау	begin	began
27. ұтып алу	win	won
28. төлеу	pay	paid
29. айту	say	said
30. (машина) айдау	drive	drove
31. сөйлеу	speak	spoke
32. жүзу	swim	swam
33. есту	hear	heard
34. отыру	sit	sat
35. ойлау	think	thought
36. кию	wear	wore
37. кесу	cut	cut
38. қою	put	put
39. ұстау, ұстап алу	catch	caught
40. сындыру	break	broke
41. (ат т.б.) міну	ride	rode
42. білу	know	knew
43. айту	say	said
44. сақтау	keep	kept
45. жүгіру	run	ran

The Simple Past Tense'пен қолданылатын мезгіл үстеулері:

1. yesterday	→	кеше
yesterday evening (afternoon / morning)	→	кеше кешке (кеше таңетөң /түсте)
the day before yesterday	→	алдыңғы күні
2. last ...	→	өткен
last week (last month)	→	өткен аптада (өткен айда)
last night	→	кеше түнде
last year	→	былтыр
last summer (last autumn)	→	былтыр жазда (былтыр күзде)
3. ... ago	→	... бұрын
an hour ago / two days ago ...	→	бір сағат бұрын / екі күн бұрын...

I **got** a letter from my friend *yesterday*.

Мен кеше досымнан хат алдым.

We **went** on a picnic *last week*.

Біз өткен аптада пикникке бардық.

He **became** a manager *three years ago*.

Ол үш жыл бұрын директор болды.

Қолданылуы:

I. The Simple Past Tense көбінесе өткен шақта белгілі бір уақытта жүзеге асқан іс-әрекеттерді, атап айтқанда жылы, айы, күні, сағаты белгілі іс-әрекеттерді білдіру үшін қолданылады. Мысалы:

We **lived** in Kokshetau *from 1995 to 2005*.

Біз 1995 жылынан 2005 жылына дейін Көкшетауда тұрдық.

David **came** to Kazakhstan *in June*.

Дэвид Қазақстанға маусым айында келді.

They **got married** *on August 31*.

Олар тамыздың отыз бірінде үйленді.

We **went** to the theatre *on Saturday*.

Біз сенбі күні театрға бардық.

She **left** home *at eight o'clock*.

Ол үйден сағат сегізде шықты.

II. The Simple Past Tense-те баяндауышы өткен уақыт еншісінде іс әрекеттерді өз көзімен көргендей, өзі басы-қасында болғандай сеніммен білдіреді. Бұл жайт тарихи оқиғаларды баяндауда, ертегілерде және өмірбаяндарда жиі кездеседі. Мысалы:

A) Once upon a time there was a rich caliph in Baghdat. One day he sent one of his servants to the market. After a while his servant came back and told the caliph what happened to him in the market and asked him to send him to his hometown. At first, the caliph didn't want to send him, but finally he allowed him to go.

Ә) A famous Kazakh poet Magzhan Zhumayev was born in 1893. He studied in medressa (religious school). In 1913 M. Zhumabayev entered the teachers' college. In 1923-1927 he studied at Moscow Institute of Literature. From 1927 he devoted himself to the pedagogical activities.

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер)

We went to the theatre <i>yesterday evening</i> . The play was very interesting.	Біз кеше театрға бардық. Қойылым өте қызықты болды.
I read an article about the whales in a magazine <i>last week</i> .	Мен өткен аптада бір журналдан киттер туралы мақала оқыдым.
They came home very late <i>yesterday evening</i> .	Олар кеше кешке үйге өте кеш келді.
Serik did his military service <i>five years ago</i> .	Серік азаматтық борышын бес жыл бұрын өтеді.
The delegation left for Astana <i>two hours ago</i> .	Делегация екі сағат бұрын Астанаға жолға шықты.
She graduated from university <i>in 2003</i> .	Ол университетті 2003 жылы бітірді.
We had a farewell party <i>last night</i> .	Біз кеше түнде қоштасу сауық-кешін өткіздік.
They went to England <i>last week</i> . They will stay there for a month.	Олар өткен аптада Англияға кетті. Ол жерде бір ай болады.
He spent his summer holidays in the village <i>last year</i> .	Ол былтыр жазғы демалысын ауылда өткізді.
She started work in 1998.	Ол жұмысқа 1998 жылы орналасты.

Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

I didn't go to university <i>last week</i> .	Мен өткен аптада университетке бармадым.
You didn't phone me <i>yesterday</i> .	Сен кеше маған телефон соқпадың.
He didn't watch <i>yesterday's</i> match.	Ол кешегі матчты тамашаламады.
We didn't see her at the concert <i>yesterday evening</i> .	Біз кеше кешке оны концертте көрмедік.
It was very cloudy <i>yesterday</i> , but it didn't rain.	Кеше күн өте бұлтты еді, бірақ жаңбыр жаумады.
The concert didn't start on time, it started twenty minutes late.	Концерт уақытында басталмады, жиырма минут кеш басталды.
He didn't move into his new flat last Saturday, because he couldn't find a lorry.	Ол өткен сенбіде жаңа пәтеріне көшкен жоқ, өйткені көлік таба алмады.
I didn't enter yesterday's exam, because I couldn't study well for it.	Мен кешегі емтиханға кірген жоқпын, себебі жақсы дайындала алмадым.

She didn't post the letters yesterday, because she didn't have time. Ол кеше хаттарды жіберген жоқ, себебі уақыты болмады.

I didn't make many mistakes on the exam. Мен емтиханда көп қате жіберген жоқпын.

They didn't come to the concert. Олар кеше концертке келмеді.

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

Did you go to the theatre yesterday?	Кеше театрға бардың ба?
Did your sister win the competition?	Әпкең жарыста жүлделі орын алды ма?
Did you see Richard yesterday?	Сен кеше Ричардты көрдің бе?
Did they pass the exam?	Олар емтиханнан өтті ме?
Did Ermek phone you yesterday afternoon?	Ермек саған кеше түстен кейін телефон соқты ма?
Did you study well for the exam?	Емтиханға жақсы дайындалдыңдар ма?
Did she go to Greece last year?	Ол былтыр Грекияға барды ма?
Did they study German at high school?	Олар лицейде немісше үйренді ме?
Did you sleep well last night?	Сен кеше түнде жақсы ұйықтадың ба?
Did you read the novel from the beginning to end?	Романды басынан соңына дейін оқыдың ба?
Did Aidana take part in the yesterday's competition?	Айдана кешегі жарысқа қатысты ма?
Did you congratulate Mr Dosmukanov on his promotion?	Досмұқанов мырзаны қызметінде жоғарылауымен құттықтадыңыз ба?
Did they move into their new flat?	Олар жаңа пәтерлеріне көшті ме?
Did your brother finish high school?	Інің лицейді бітірді ме?
Did you go on a picnic on Sunday?	Жексенбі күні серуенге шықтыңдар ма?

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

What time did you get up this morning?	Бүгін таңертең қаншада тұрдың?
When did they finish the project?	Олар жобаны қашан бітірді?
How did she come to work today? By car?	Ол бүгін жұмысқа немен келді? Машинамен ме?
Where did you buy your blouse?	Жейдеңді қайдан сатып алдың?
How many exams did you take last week?	Өткен аптада қанша емтихан тапсырдың?
What time did the exam start?	Емтихан сағат қаншада басталды?
How many days did he stay in Italy?	Ол Италияда қанша күн болды?
What faculty did you study at?	Қай факультетте оқыдыңыз?
When did you last go to the theatre?	Театрға соңғы рет қашан бардыңыз?
Where did they spend their holiday last year?	Олар былтыр кезекті демалысын қайда өткізді?
Until what time did he work yesterday?	Ол кеше сағат нешеге дейін жұмыс істеді?
Which novels did they read last semester?	Олар өткен семестрде қандай романдар оқыды?
When did Miss Aizhan Mameshova become a rector?	Айжан Мамешова қашан ректор болды?
When and where were you born?	Сіз қашан және қайда тудыңыз?
Where did you spend your childhood?	Балалық шағыңызды қайда өткіздіңіз?
When did he finish school?	Ол мектепті қашан бітірді?
What department did you study in?	Қай бөлімде оқыдыңыз?
When did he graduate from university?	Ол университетті қашан бітірді?
How many hours did she work yesterday?	Ол кеше қанша сағат жұмыс істеді?
Where did you go for a holiday last summer?	Былыр жазда демалысқа қайда бардыңыз?

TO BE КӨМЕКШІ ЕГІСТІГІНІҢ ЖЕДЕЛ ӨТКЕН ШАҚТА (SIMPLE PAST) ЖІКТЕЛУІ

To be көмекші егістігі жедел өткен шақта (Simple Past) төмендегідей жіктеледі:

I was ...	→	Мен ...	едім.
You were ...	→	Сен ...	едің.
He / She / It was...	→	Ол ...	еді.
We were ...	→	Біз ...	едік.
You were ...	→	Сендер ...	едіндер.
They were ...	→	Олар ...	еді.

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

I was at the concert last night.	Мен кеше кешке концертте едім.
You were on holiday in June.	Сен маусымда демалыста едің.
He was very lazy at high school.	Ол лицейде өте жалқау болатын.
She was with us yesterday evening.	Ол кеше кешке бізбен еді.
It was very cold yesterday.	Кеше күн өте суық еді.
We were very hardworking at school.	Біз мектепте өте еңбекқор едік.
You were at the meeting at ten o'clock.	Сіздер сағат онда жиналыста едіңіздер.
They were at the wedding last Sunday.	Олар өткен жексенбіде тойда болатын.

Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

I wasn't at home yesterday evening.	Мен кеше кешке үйде болған жоқпын.
You weren't at work at 3 o'clock today.	Сен бүгін үште жұмыста болған жоқсың.
He wasn't a manager last year.	Ол былтыр директор емес еді.
She wasn't beautiful at high school.	Ол лицейде сұлу емес еді.
It wasn't cloudy in the morning.	Таңертең күн бұлтты емес еді.
We weren't at the hotel last night.	Біз кеше түнде қонақүйде болған жоқпыз.
You weren't in the office yesterday.	Сендер кеше кеңседе болған жоқсындар.
My parents weren't pensioners then.	Ата-анам ол кезде зейнеткер емес еді.

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

Was I spoilt when I was a child?	Мен бала кезімде ерке болдым ба?
Were you at the meeting at eleven?	Сен сағат он бірде жиналыста ма едің?
Was Mr Bekzhanov a rector then?	Бекжанов мырза ол кезде ректор ма еді?
Was Akbota at the conference at two?	Ақбота сағат екіде конференцияда ма еді?

Was it Monday yesterday?	Кеше дүйсенбі ме еді?
Were we on holiday in June?	Біз маусымда демалыста болдық па?
Were you at the wedding last night?	Сендер кеше түнде тойда болдыңдар ма?
Were the exam questions difficult?	Емтихан сұрақтары қиын болды ма?

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

<u>Where</u> were you yesterday afternoon?	Сен кеше түстен кейін қайда болдың?
<u>Where</u> was the rector yesterday? In Astana?	Ректор кеше қайда болды? Астанада ма?
<u>What time</u> were you at university yesterday?	Кеше сағат қаншада университетте едіңдер?
<u>What time</u> was the minister at your college?	Министр сағат қаншада сіздің колледжде болды?
Where were you on Sunday?	Жексенбі күні қайда болдың?
<u>Who</u> was she at the concert <u>with</u> ?	Ол концертте кіммен бірге еді?
<u>Where</u> were you this time last year?	Сен былтыр бұл уақытта қайда болдың?
<u>Where</u> were they an hour ago?	Олар бір сағат бұрын қайда еді?
<u>What</u> were the exam questions like ?	Емтихан сұрақтары қалай болды?
<u>How many libraries</u> were there in your city in 2000?	2000 жылы сіздің қалада қанша кітапхана бар еді?
<u>How much money</u> was there in the wallet?	Әмиянда қанша ақша бар еді?
<u>How many students</u> were there in the classroom when the dean came?	Декан келген кезде аудиторияда қанша студент бар еді?
<u>How many people</u> were there at the wedding?	Тойда қанша адам болды?
<u>What</u> was Almaty like thirty years ago?	Алматы отыз жыл бұрын қандай еді?
<u>What</u> was the weather like in London yesterday?	Кеше Лондонда ауа-райы қалай еді?

THE PAST CONTINUOUS TENSE

was / were + V- ing

Жасалуы:

The Past Continuous Tense to be көмекші етістігінің өткен шақта жіктелуімен (**was / were**) және негізгі етістікке **-ing** жалғауының жалғануы арқылы жасалады.

Мысалы:

I **was writing** a poem.

You **were writing** a letter.

He (she) **was writing** a novel.

We **were writing** a story.

You **were writing** a composition.

They **were writing** an article.

Мен өлең жазып отыр едім.

Сен хат жазып отыр едің.

Ол роман жазып отыр еді.

Біз әңгіме жазып отыр едік.

Сендер шығарма жазып отыр едіңдер.

Олар мақала жазып отыр еді.

Қолданылуы:

I. The Past Continuous Tense өткен шақта белгілі бір уақытта үздіксіз түрде орындалған іс-қимылдарды білдіру үшін қолданылады. Мысалы:

I **was waiting** for a bus *at four o'clock yesterday*. Мен кеше сағат төртте автобус күтіп тұр едім.

We **were going** to the language centre *at this time yesterday*. Біз кеше бұл уақытта тіл орталығына бара жатыр едік.

He **was doing** his homework between five and six o'clock yesterday. Ол кеше сағат бес пен алты арасында үй жұмысын орындап отыр еді.

I **was working** in Karaganda *this time last year*. Мен былтыр бұл уақытта Қарағандыда жұмыс істеп жүр едім.

II. The Past Continuous өткен шақта бір уақытта жасалған іс-қимылдарды, яғни өту, орындалу уақыты қиылысқан үздіксіз іс-қимылдарды білдіру үшін қолданылады.

Бағыныңқы сөйлем

While + бастауыш + was / were + V-ing
үздіксіз іс- қимыл

Басыңқы сөйлем

бастауыш + **was / were + V-ing**
үздіксіз іс- қимыл

While I **was doing** my homework, she **was watching** a film on TV.

Мен үй жұмысын орындап отырғанда, ол теледидарда кино көріп отыр еді.

While I **was studying** at high school, my brother **was writing** his dissertation.

Мен лицейде оқып жүргенде, ағам диссертациясын жазып жүр еді.

While she **was preparing** dinner, her husband **was reading** a newspaper.

Ол кешкі асты дайындап жатқанда, күйеуі газет оқып отыр еді.

They **were playing** billiards while we **were studying** for the exam.

Біз емтиханға дайындалып жатқанда, олар бильярд ойнап жатыр еді.

III. The Past Continuous Tense өткен шақта орындалып, орындалу мезгілі қиылысқан екі іс-қимылдың ішінен үздіксіздік қасиеті болғанын білдіру үшін қолданылады. Мысалы:

A) Бағыныңқы сөйлем

Басыңқы сөйлем

While + бастауыш + was / were +V-ing

бастауыш + V₂
сәттік іс- қимыл

While (as) I **was cooking**, I burnt my hand.

Тамақ пісіріп жатқанда, қолымды күйдіріп алдым.

While (as) I **was going** to the library, I came across Bekzat.

Кітапханаға бара жатқанда, Бекзатқа жолықтым.

While (as) she **was giving** a lecture, most of the students fell asleep.

Ол лекция оқып тұрғанда, студенттердің көбі ұйықтап қалды.

He broke his leg while (as) he **was playing** football.

Ол футбол ойнап жатқанда, аяғын сындырып алды.

Ә) Бағыныңқы сөйлем

Басыңқы сөйлем

When + бастауыш + V₂
сәттік іс- қимыл

бастауыш + was / were +V-ing
үздіксіз іс- қимыл

When the concert started, it **was raining** cats and dogs.

Концерт басталғанда, шелектеп жаңбыр жауып тұр еді.

When he phoned, I **was studying** for the exam.

Ол телефон соққанда, мен емтиханға дайындалып отыр едім.

When the guests came, we **were still doing** the cleaning.

Қонақтар келгенде, біз әлі тазалық жасап жатыр едік.

The boss **was talking** to his fiancee on the phone when I entered his office.

Кабинетіне кіргенімде, бастық телефонда қалыңдығымен сөйлесіп отыр еді.

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

I was studying for the exam this time last month.	Мен өткен айда бұл уақытта емтиханға дайындалып жүр едім.
We were skiing in Shymbulak this time last year.	Біз былтыр бұл уақытта Шымбұлақта шаңғы теуіп жүр едік.
Aset was sleeping while we were doing the cleaning.	Біз тазалық жасап жатқанда, Әсет ұйықтап жатыр еді.
While I was studying at college, Ronaldo was playing for Real Madrid.	Мен колледжде оқып жүргенде, Рональдо Реал Мадридте ойнап жүр еді.
The wind was blowing hard when we got on the ship.	Біз кемеге мінгенде, жел қатты соғып тұр еді.
When I met Bekdaulet, he was working as an engineer.	Мен Бекдәулетпен танысқанда, ол инженер болып істеп жүр еді.
My sister cut her finger while she was making a salad.	Әпкем салат жасап жатқанда, саусағын кесіп алды.
As the teacher was explaining the new subject, the bell rang.	Мұғалім жана тақырыпты түсіндіріп жатқанда, қонырау соғылды.

Negative Sentences (Болымсыз сөйлем):

Askar wasn't sleeping at two o'clock last night. He was watching TV.	Асқар кеше түнде екіде ұйықтап жатқан жоқ еді, кино көріп отыр еді.
I wasn't working this time last year. I was looking for a job.	Былтыр осы уақытта жұмыс істеп жүрген жоқ едім, жұмыс іздеп жүр едім.
When I arrived at the hostel, my roommates weren't sleeping.	Мен жатақханаға барғанымда, бөлмелес достарым ұйықтап жатқан жоқ еді.
I wasn't doing a test when dad entered my room.	Әкем бөлмеме кірген кезде, мен тест шешіп жатқан едім.
The baby wasn't crying when I came home.	Мен үйге келгенде, бөпе жылап жатқан жоқ еді.
When we left the hotel, it wasn't raining.	Біз қонақ үйден шыққанда, жаңбыр жауып жатқан жоқ еді.
They weren't sleeping while I was cleaning the room.	Мен бөлмені тазалап жатқанда, олар ұйықтап жатқан еді.
While I was talking, she wasn't listening to me. She was thinking.	Мен сөйлеп тұрғанда, ол мені тыңдап тұрған жоқ еді, ойланып тұр еді.

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

Was it raining when you left home?	Сіз үйден шыққанда, жаңбыр жауып тұрма еді?
Were you going to the language centre when the teacher saw you?	Мұғалім сендерді көргенде, тіл орталығына бара жатыр ма едіңдер?
When the phone rang, were you having a shower?	Телефон шылдырағанда, душ қабылдап жатыр ма едің?
Were you studying for the exam while they were playing chess?	Олар шахмат ойнап жатқанда, сен емтиханға дайындалып отыр ма едің?
Were they going to the pool when you came across them?	Сен оларға жолыққанда, олар бассейнге бара жатыр ма еді?
While you were swimming in the pool, was your brother having a rest at home?	Сендер бассейнде жүзіп жүргенде, ағаң үйде демалып жатыр ма еді?
Did she burn her hand while she was cooking?	Ол қолын тамақ пісіріп жатқанда күйдіріп алды ма?
Did you meet each other while you were studying in Scotland?	Сіз бір-біріңізбен Шотландияда оқып жүргенде таныстыңыздар ма?

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

What were you doing at nine o'clock yesterday?	Кеше сағат тоғызда не істеп жатыр едің?
Where was your brother working this time last year?	Ағаң былтыр бұл уақытта қай жерде жұмыс істеп жүр еді?
What were you writing when I came in?	Мен кірген кезде не жазып отыр едің?
Why was Saule crying when Aidos came?	Айдос келгенде, Сәуле неге жылап отыр еді?
Who were you waiting for when Thomas saw you?	Томас сені көргенде, кімді күтіп тұр едің?
What were you doing when the lights went out?	Жарық сөнгенде, сен не істеп отыр едің?
What were you doing while your classmates were translating the text?	Сыныптастарың мәтінді аударып жатқанда, сен не істеп отыр едің?
What was Erlan doing while you were doing the test?	Сен тест шешіп отырғанда, Ерлан не істеп отыр едің?

Exercise 32. Use the Simple Past or the Past Continuous Form of the verbs in brackets.

1. While he (paint) ... the windows, he (fall off) ... the chair and (break) ... his leg.
2. I (cross) ... the street when I (see) ... the accident.
3. The shopkeeper (catch) ... the thief while he (steal) ... the watches.
4. While I (make) ... a salad, I (cut) ... my finger.
5. Our car (break down) ... while we were driving to the office.
6. When we (have) ... breakfast, someone (knock) ... at the door.
7. While mum (prepare) ... the dinner, I (do) ... my homework.
8. What were you doing when the fire alarm (ring) ... ?
9. When I (see) ... them, they (go) ... to the theatre.
10. While they (watch) ... the match on TV, I (translate) ... business letters.
11. What (think) ... you ... about when the teacher asked you a question_
12. She didn't hear the doorbell, because she (listen) ... to music loudly.
13. It (rain) ... heavily when we left Almaty.
14. We (play) ... volleyball while they (swim) ... in the pool.
15. What (do) ... you ... when the fire (start) ...?

Exercise 33. Translate the following sentences into English:

1. Біз былтыр осы уақытта пәтер іздеп жүр едік.
2. Пошташы келгенде, біз таңғы асымызды ішіп отыр едік.
3. Мен былтыр бұл уақытта аудармашы болып жұмыс істеп жүр едім.
4. Жарық сөнгенде, біз шығарма жазып отыр едік.
5. Олар былтыр тамызда Көкшетауда демалып жатыр еді.
6. Мен лицейде оқып жүргенде, әпкем университетте оқып жүр еді.
7. Біз офистен шыққанда, далада жаңбыр жауып тұрған жоқ еді.
8. Мен үй жұмысымды орындап жатқанда, достарым баскетбол ойнап жүр еді.
9. Өрт басталғанда, біз кітапханада емтиханға дайындалып отыр едік.
10. Олар кино көріп отырғанда, мен компьютерде ойын ойнап отыр едім.
11. Қонақтар келгенде, біз үйден шығып бара жатыр едік.
12. Сен үйге келгенде, Динара ұйықтап жатыр ма еді?
13. Мұғалім аудиторияға кіргенде, студенттер жаттығу жасап отыр ма еді?
14. Өрт қоңырауы соғылғанда, не істеп жатыр едіңдер?
15. Сіз Мағжанды көргенде, ол қайда бара жатыр еді?

THE PRESENT PERFECT TENSE

have / has + V₃

Жасалуы:

The Present Perfect Tense *have / has* көмекші етістігі мен негізгі етістіктің 3-формасының (V₃) тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

I **have** read this book.

(V₃)

Мен бұл кітапты оқыдым (оқығанмын / оқыппын).

The Present Perfect Tense өткен шақтан осы шаққа дейін жалғасып жатқан шақтық форма, атап айтқанда, ол өткен шақ пен осы шақ арасында көпір сипатына ие. Бұл шақтық форманы қазақ тіліне -ды /-ған / -ыпты / - ып отыр (жатыр / тұр / жүр) сияқты бірнеше шақтық тұлғалардың көмегімен аударуға болады. Осы себептен де аталған шақ ағылшын тілін үйренуші қазақ жастары үшін қиындық туғызады.

Тіл үйренушілер бұл шақты көбінесе **Simple Past'**пен немесе **Present Continuous'**пен шатастырады. Бұл – заңды құбылыс. Сондықтан алдымен аталған шақты **Simple Past'**пен шатастырмау үшін қандай жайттары назар аудару керектігін қолға алайық. **Present Perfect'i** **Simple Past'**пен шатастырмау үшін, төмендегі түсініктемелер мен ережелерді көңілге ықыласпен тоқыған жөн.

Yesterday мезгіл үстеуі немесе онымен бірге қолданылған біріккен мезгіл үстеулері, **last** және **ago** сөздерімен қолданылған біріккен мезгіл үстеулері және белгілі бір уақытта (жыл, ай, күн, аптаның күні, сағат) білдіретін мезгіл көрсеткіштері болған сөйлемдер қазақ тілінен ағылшын тіліне міндетті түрде **Simple Past'** пен аударылады.

The Simple Past Tense'пен қолданылатын мезгіл көрсеткіштері:

- | | | |
|------------------------------------|---|-------------------------------------|
| 1. yesterday | → | кеше |
| yesterday evening (afternoon ...) | → | кешке (кеше түсте...) |
| the day before yesterday | → | алдыңғы күні |
| 2. last week (last month) | → | өткен аптада (өткен айда) |
| last night | → | кеше түнде |
| last year | → | былтыр |
| last summer / last autumn | → | былтыр жазда / былтыр күзде |
| 3. ...ago | → | ... бұрын |
| an hour ago / two days ago ago ... | → | бір сағат бұрын / екі күн бұрын ... |

4. белгілі уақытты (жыл, ай, күн, сағат) білдіретін мезгіл көрсеткіштері

Мысалдар:

I saw Malika at the concert **yesterday**.

We went to the theatre **last week**.

He finished the high school **two years ago**.

They moved to Aktau **in 2005**.

Мен кеше концертте Маликаны көрдім.

Біз өткен аптада театрға бардық.

Ол лицейді екі жыл бұрын бітірді.

Олар 2005 жылы Ақтауға көшті.

The Present Perfect Tense'пен бірге қолданылатын мезгіл көрсеткіштері:

A)

1. already	→ әлдеқашан	Болымды сөйлемдерде қолданылады.
2. never	→ ешқашан, еш	Болымсыздық мағына білдіргенмен, болымды сөйлемдерде қолданылады.
3. ever	→ ешқашан, еш	Болымсыз / сұраулы сөйлемдерде қолданылады.
4. just	→ жаңа ғана, қазір	Болымды сөйлемдерде қолданылады.
5. yet	→ әлі	Болымсыз / сұраулы сөйлемдерде қолданылады.

ЕСКЕРТУ: **Already, never, ever, just** мезгіл көрсеткіштері хабарлы сөйлемдерде көмекші етістіктен кейін қолданылады. Ал **yet** мезгіл көрсеткіші болса, сөйлемнің соңында қолданылады. Аталған мезгіл көрсеткіштері сұраулы сөйлемдерде бастауыш кейін қолданылады. Мысалы:

already

I have already done my homework. Мен үй тапсырмамды әлдеқашан орындадым.

never

I have **never** told a lie. Мен ешқашан өтірік айтқан емеспін.

ever

I haven't **ever** told a lie. Мен ешқашан өтірік айтқан емеспін.

Have you **ever** told a lie? Сен еш өтірік айттың ба?

Haven't you **ever** told a lie? Сен ешқашан өтірік айтқан жоқсың ба?

just

I have **just** had lunch. Мен түскі асты жаңа ғана (қазір) іштім.

yet

I haven't had lunch **yet**. Мен таңғы асты әлі ішкен жоқпын.

Have you had lunch **yet**? Сен түскі асты іштің бе?

Haven't you had lunch **yet**? Сен түскі асты әлі ішкен жоқсың ба?

Ә)

1. today	бүгін
2. this week (this month...)	бұл аптада (бұл айда...)
3. during this week (this month...)	бұл аптаның ішінде (бұл айдың ішінде...)
4. during the past weeks / months ...	соңғы апталарда (соңғы айларда...)
5. all day (all one's life)	күн бойы, өмір бойы

ЕСКЕРТУ: Бұл мезгіл көрсеткіштері әдетте сөйлемнің соңында қолданылады.

We haven't seen Abzal **today**. Біз бүгін Абзалды көрмедік. (Күн біткен жоқ.)

She has composed three songs **this year**. Ол биыл үш ән жазды. (Жыл біткен жоқ.)

I have written two articles **this month**. Мен бұл айда екі мақала жаздым. (Ай біткен жоқ.)

He has worked as an interpreter **all his life**. Ол өмір бойы аудармашы болып істеді. (Ол әлі өмір сүруде.)

Б)

1. recently	өткенде, соңғы кезде, жақында
2. lately	жақында, (соңғы кездерде)
3. until now / by now / so far	қазірге (осы уақытқа) дейін бүгінге дейін
up to now / up to the present	қазірге (осы уақытқа) дейін, бүгінге дейін

Ескерту: Бұл мезгіл көрсеткіштері әдетте сөйлемнің соңында қолданылады.

I have seen Erlan **recently**.

Мен өткенде Ерланды көрдім.

I haven't watched any films on TV **lately**.

Соңғы кезде теледидарда кино көрмедім.

He has written ten novels **so far**.

Ол қазірге дейін он роман жазды.

V.

1. since	→	- ден бері
2. for	→	- ден бері

Ескерту: Бұл мезгіл көрсеткіштері сөйлемнің соңында қолданылады.

We have known your brother *for ten years*.

Біз ағанды он жылдан бері танимыз.

He has loved Asem *since his childhood*.

Ол балалық шағынан бері Әсемді жақсы көреді.

I have hated him *since he told a lie to the teacher*.

Мен оны мұғалімге өтірік айтқан кезінен бері жек көремін.

We haven't seen the dean *since last week*.

Біз деканды өткен аптадан бері көрмедік.

I haven't visited my grandparents *for two months*.

Мен екі айдан бері ата-әжеме барған жоқпын.

Be және have етістіктерінің **Present Perfect'te** қолданылуын қарап көрейік:

Be → have / has been

She is a teacher.

Ол – мұғалім.

She has been a teacher **for ten years**.

Ол он жыл бойы мұғалім.

We are on holiday now.

Біз қазір демалыстамыз.

We have been on holiday **since last week**.

Біз өткен аптадан бері демалыстамыз.

Have → have / has had

I have (got) a flat.

Менің пәтерім бар.

I have had a flat **since last year**.

Менің былтырдан бері пәтерім бар.

He has (got) a yacht.

Оның яхтасы бар.

He has had a yacht **for a year**.

Оның бір жылдан бері яхтасы бар.

Қолданылуы:

I. The Present Perfect Tense өткен шақта болып өткен, бірақ өту, орындалу мезгілі белгісіз іс-қимылдарды үшін қолданылады

Ескерту: Өту, орындалу мезгілі белгілі іс-қимылдарды білдіруде **The Simple Past Tense** қолданылады.

Мысалдар:

I have seen this film before, it's very interesting. Мен бұл киноны бұрын көргенмін, ол – өте қызықты.

We have been to Istanbul three times. Біз Ыстамбұлға үш рет бардық (Біз Ыстамбұлда үш рет болдық).

I'm sure that we have done this test before. Анық білемін, біз бұл тестті бұрын шешкенбіз.

I haven't flown on the plane before, that's why I'm a bit excited. Мен бұрын ұшақпен ұшпап едім, сондықтан біраз қобалжып тұрмын.

We have visited the National Museum several times. Біз Ұлттық мұражайға бірнеше рет бардық.

II. The Present Perfect Tense өткен шақта болып өткен, бірақ мерзімі бітпеген іс-қимылдарды білдіру үшін қолданылады.

today бүгін
this week (this month ...) бұл аптада (бұл айда...)
during this week (this month...) бұл аптаның ішінде (бұл айдың ішінде...)
during the past weeks / months ... соңғы апталарда (соңғы айларда...)

I have translated twenty pages **today**. Мен бүгін жиырма бет аудардым.

We haven't been to the theatre **this month**. Біз бұл айда театрға бармадық.

They have built fifty houses **this year**. Олар биыл елу үй салды.

Ескерту: Бұл мысалдарда күн, ай, жыл бітпегендіктен, **Present Perfect** қолданылып отыр. Егер күн, ай, жыл біткен болса, міндетті түрде **Simple Past** қолданылуы керек.

III. The Present Perfect өткен шақта болып өткенімен, ықпалы әлі жалғасып жатқан немесе сөйлеушінің нәтижесі туралы өте сенімді болып отырған іс-қимылдарды білдіру үшін қолданылады.

Get a bandage. Aset has cut his finger. Дәке әкел. Әсет саусағын кесіп алды.

I have lost my wallet. Мен әмиянымды жоғалтып алдым. (Әмияным әлі табылған жоқ мағынасын білдіреді.)

We have cleaned the house. Біз үйді тазаладық. (Үйдің қазір таза скенін білдіреді.)

IV. The Present Perfect Tense өткен шақта басталып, сөйлеу сәтінде де жалғасып жатқан іс-қимылдарды білдіреді. Мысалы:

I have known Mr Alimzhanov for a long time. Мен Әлімжанов мырзаны ұзақ уақыттан бері танимын.

Bekzat has loved Togzhan since he first saw her. Бекзат Тоғжанды алғаш көрген сәттен бастап жақсы көреді.

We haven't heard from him since last month. Біз одан өткен айдан бері хат-хабар алған жоқпыз.

I haven't been to the theatre for a year. Мен бір жылдан бері театрға барған жоқпын.

V. The Present Perfect Tense сөйлеушінің өту, орындалу кезінде өзі басы-қасында болмаған іс-қимылдар жайында бір шешім қабылдауында, яғни іс-қимылдың, оқиғаның болғандығын қолдағы кейбір деректерге немесе нәтижелерге сүйене отырып баяндауында қолданылады.

Look! Miss Brown has gained a lot of weight. Қара! Браун ханым қатты толып кетіпті.

The hostel is dirty. The cleaners haven't cleaned it for a long time. Жатақхана өте лас. Тазалықшылар оны ұзақ уақыттан бері тазаламапты.

Gulnar has taken my briefcase by mistake. Гүлнәр менің портфелімді қателесіп алып кетіпті.

VI. Баст. + am / is / are + күшейтпелі шырай + зат есім (that) + баст. + Present Perfect

He is the laziest student (that) we have ever seen. Ол – біз қазірге дейін көрген ең жалқау студент.

It is the most delicious cake (that) I have ever eaten. Бұл – менің бүгінге дейін жеген ең дәмді тортым.

It is the best textbook (that) we have ever used. Бұл – біз бүгінге дейін қолданған ең жақсы оқулық.

VII. It (this) is the first (second) time + (that) + бастауыш + Present Perfect

This is the first time I have written an article. Бұл – менің алғаш рет мақала жазуым.

It is the first time she has ridden a horse. Бұл – оның алғаш рет атқа мініуі.

This is the second time he has received a prize. Бұл – оның екінші рет жүлде алуы.

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

We <u>have already finished</u> the cleaning.	Біз тазалықты әлдеқашан бітіріп қойдық.
They <u>have just left</u> home.	Олар үйден қазір шықты.
I <u>have read</u> an interesting article about birds <i>recently</i> .	Жақында құстар туралы қызықты мақала оқыдым.
She <u>has been</u> in hospital <i>for a month</i> .	Ол бір айдан бері ауруханада.
I <u>have known</u> Saltanat <i>since I studied high school</i> .	Мен Салтанатты лицейде оқыған кезімнен бері танимын.
The children <u>have learnt</u> a lot of songs <i>during this month</i> .	Балалар бұл айдың ішінде көп ән үйренді.
The weather <u>has changed</u> a lot in our city <i>in the past five years</i> .	Соңғы бес жылда біздің қалада ауа-райы қатты өзгеріп кетті.
We <u>have been</u> to China <i>several times</i> .	Біз Қытайға бірнеше рет бардық.
It is the most interesting film (<i>that</i>) I <u>have ever seen</u> .	Бұл – менің бүгінге дейін көрген ең қызықты кино.
It is the best washing powder I <u>have ever used</u> .	Бұл – менің бүгінге дейін қолданған ең жақсы кір жуатын ұнтақ.
It's the first time I <u>have written</u> a letter in <i>English</i> .	Бұл – менің ағылшын тілінде алғаш рет хат жазуым.
It's the third time he has received a gold medal.	Бұл – оның үшінші рет алтын медаль алуы.

Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

I <u>have never met</u> a famous person.	Мен ешқашан атақты кісімен танысқан емеспін.
The guests <u>haven't arrived yet</u> .	Қонақтар әлі келген жоқ.
I <u>haven't ever eaten</u> Indian food.	Мен ешқашан үнді тағамын жеп көрген жоқпын.
It <u>hasn't snowed</u> in Astana <i>since last month</i> .	Өткен айдан бері Астанада қар жауған жоқ.
She <u>hasn't phoned us for a long time</u> .	Ол ұзақ уақыттан бері бізге телефон соққан жоқ.

I <u>haven't heard</u> from my friend in Canada <i>lately</i> .	Соңғы уақыттарда Канададағы досымнан хат-хабар алған жоқпын.
We <u>haven't written</u> any compositions <i>this term</i> .	Біз бұл семестрде еш шығарма жазған жоқпыз.
He <u>hasn't been</u> to work <i>today</i> , because he is preparing for the conference.	Ол бүгін жұмысқа барған жоқ, себебі конференцияға дайындалып жатыр.
The police <u>haven't found</u> the robbers <i>so far</i> .	Полиция тонаушыларды осы уақытқа дейін тапқан жоқ.
I sent them a fax last week, but they still <u>haven't replied</u> to it.	Мен оларға өткен аптада факс жібердім, бірақ олар әл жауап жазған жоқ.

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

<u>Have you received</u> my parcel <i>yet</i> ?	Менің сәлем-сауқатымды алдың ба?
<u>Haven't you had</u> breakfast <i>yet</i> ?	Сен әлі таңғы асты ішкен жоқсың ба?
<u>Have you ever attended</u> Mr.Olzhas Suleimenov's lectures?	Сендер еш Олжас Сүлейменовтің лекциясына қатыстыңдар ма?
<u>Has it rained much</u> in Almaty <i>this week</i> ?	Бұл аптада Алматыда көп жаңбыр жауды ма?
<u>Have you been</u> to the cinema <i>lately</i> ?	Сендер соңғы уақытта кинотеатрға бардыңдар ма?
Aizhan: Askar and Nazgul are going to get married next weekend. Dinara: <u>Have they sent</u> you an invitation card?	Асқар мен Назгүл келесі аптаның соңында үйленеді. Олар саған шақыру билетін жіберді ме?
<u>Has Dastan worked</u> here <i>before</i> ?	Дастан бұрын осында жұмыс істеді ме?
<u>Have you seen</u> Karlygash <i>today</i> ?	Бүгін Қарлығашты көрдің бе?
Where is Malika? <u>Has she gone</u> to school?	Малика қайда? Мектепке кетті ме?
Is it the fifth time <i>she has received</i> a prize?	Бұл – оның бесінші рет жүлде алуы ма?

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

- How long have you known Mr Dosymbekov? Сіз Досымбеков мырзаны қанша уақыттан бері танысыз?
- How long has this villa belonged to your grandfather? Бұл вилла қанша уақыттан бері сенің атаңның меншігінде?
- How long have you been a doctor? Сіз қанша уақыттан бері дәрігерсіз?
- How long has your sister been in France? Әпкең қанша уақыттан бері Францияда?
- How long have you had a country house? Сіздің қанша уақыттан бері саяжайыңыз бар?
- How long has she had a driving licence? Оның қанша уақыттан бері жүргізуші куәлігі бар?
- How many poems have you written by now? Сіз қазірге дейін қанша өлең жаздыңыз?
- How many articles have you translated *this week*? Сен бұл аптада қанша мақала аудардың?
- Asan: I want to buy a house. I have been saving money for ten years. Менің үй сатып алғым келеді. Он жылдан бері ақша жинап жүрмін.
Nurali: How much money have you saved? Қанша ақша жинадың?
- How many times has he won a prize *before*? Ол бұрын қанша рет жүлде алды?
- How many times have you visited the Akhmed Yassavi Mausoleum? Сіз Ахмет Яссауи кесенесіне қанша рет бардыңыз?
- How many books has they read *since the summer holidays started*? Олар жазғы демалыс басталғаннан бері қанша кітап оқыды?
- How much money have you spent *this month*? Бұл айда қанша ақша жараттың?
- How many films has Asanali Ashimov *made so far*? Асанәлі Әшімов қазірге дейін қанша кино түсірді?
- How long haven't you seen your parents? Сен қанша уақыттан бері әке-шешенді көрген жоқсың?

TEST on PRESENT PERFECT and SIMPLE PAST

1. **I ... my family for a long time. I'm looking forward to seeing them.**
A. didn't see B. haven't seen
2. **It ... in Shymkent since last month. I hope it will rain soon.**
A. didn't rain B. hasn't rained
3. **My niece ... from college two years ago. She works in a bank now.**
A. graduated B. has graduated
4. **Doctor: How long ... you ... toothache? Patient: For three days.**
A. did / have B. have / had
5. **He has been married twice. He first ... in 1992.**
A. married B. has married
6. **How many novels ... Mukhtar Auezov ... ?**
A. did / write B. has / written
7. **I ... a terrible headache since the morning.**
A. had B. have had
1. **Dauren's aunt ... in the USA for five years. Now she lives in Japan.**
A. lived B. has lived
2. **They ... in love with each other at first sight.**
A. fell B. have fallen
3. **... he ever ... a lorry before?**
A. did / drive B. has / driven
4. **It's the second time he ... a car in the lottery.**
A. won B. has won
5. **When ... you last ... to Austria?**
A. did / go B. have / gone
6. **Everything is going well. We ... any problems so far.**
A. didn't have B. haven't had
7. **My friends are on holiday now. They ... to Switzerland.**
A. went B. have gone
8. **... you ever ... in the exam?**
A. did / cheat B. have / cheated
9. **They ... into their new flat a few days ago.**
A. moved B. have / moved
10. **My uncle has been working on a project for two years. But he ... it yet.**
A. didn't finish B. hasn't finished
11. **I ... my grandparents for ages.**
A. didn't see B. haven't seen

Exercise 34. Use the Present Perfect Form of the verb in brackets.

1. My uncle has (have) ... a country house for five years.
2. I have (see) ... Meruert Otekeshova only once.
3. My roommate has (be)... ill since Wednesday.
4. They haven't (return) ... from holiday yet.
5. We have never (sing) ... an English song before.
6. Have you ever (go) ... to the USA?
7. Our manager has (go) ... to the Textile Fair in Italy. He will be back tomorrow.
8. He has (write) ... five novels and ten stories so far.
9. Is it the first time you have (ride) ... a horse?
10. I haven't (see) ... my grandmother since I was fifteen.
11. Someone has (leave) ... the door open.
12. We haven't (eat) ... anything since the morning.
13. I have (take) ... three exams this week.
14. He has (break) ... his leg, so he won't be able to play at tomorrow's match.
15. Our company has (make) ... about five thousand washing mashines this year.

Exercise 35. Translate the following sentences into English:

1. Мен тесттерді әлдеқашан шешіп қойдым.
2. Олар ешқашан атқа мінген емес.
3. Сен еш өлең жаздың ба?
4. Біз аш емеспіз, таңғы асты жаңа ғана іштік.
5. Ол әлі үй тапсырмасын бітірген жоқ.
6. Мен оны жеті жылдан бері танимын.
7. Ол лицейді бітіргеннен бері ағаш ұстасы.
8. Бұл – менің алғаш жүлде алуым.
9. Жаннұр университетті биыл бітірді.
10. Ол жақында Ахмет Яссауи туралы кітап шығарды.
11. Біз былтырдан бері театрға барған жоқпыз.
12. Сендер бүгін Әмина апайды көрдіңдер ме?
13. Мен бұрын ұшақпен ұшып көрмедім, сондықтан біраз қобалжып отырмын.
14. Оның жұмысқа тұрғаннан бері машинасы бар.
15. Бұл – біз бүгінге дейін қолданған ең жақсы тіл үйрену әдістемесі.

THE PRESENT PERFECT CONTINUOUS TENSE

have / has + been + V-ing

Жасалуы:

The Present Perfect Continuous Tense **have / has** көмекші етістіктері мен **been** сөзінің тіркесуі және негізгі етістікке **-ing** жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Бұл шақ қазақ тіліне нақ осы шақтың жұрнақтарымен, яғни, - ып / -іп / -п отыр (жатыр / тұр / жүр) деп аударылады. Мысалы:

I have been learning English *since last year* Мен былтырдан бері (бес жыл бойы) *(for five years)*. ағылшынша үйреніп жүрмін.

Қолданылуы:

The Present Perfect Continuous Tense өткен шақта басталып, сөйлеу сәтінде де жалғасып жатқан іс- қимылдарды білдіреді. Тіл үйренушілер бұл шақты көбінесе **Present Continuous**-пен шатастырады. **Present Continuous**-тан айырмашылығы аталған шақта **-ден бері** мағынасын білдіретін **since / for** мезгіл көрсеткіштері қолданылады, сондай-ақ **The Present Continuous Tense** әдетте дәл сөйлеу сәтінде болып жатқан іс- әрекеттер мен оқиғаларды білдіру үшін қолданылады.

Салыстырыңыз:

I am writing a composition *now*. Мен қазір шығарма жазып отырмын.

I have been writing a composition *since ten o'clock*. Мен сағат оннан бері шығарма жазып отырмын.

We are waiting for a bus. Біз автобус күтіп тұрмыз.

We have been waiting for a bus *for twenty minutes*. Біз жиырма минуттан бері автобус күтіп тұрмыз.

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

I have been working as an interpreter *since last year*. Мен былтырдан бері аудармашы болып жұмыс істеп жүрмін.

We have been learning English *for two years*. Біз екі жылдан бері ағылшынша үйреніп жүрміз.

Miss Ahmetova has been teaching at our college *for a long time*. Ахметова апай біздің колледжде ұзақ уақыттан бері дәріс беріп жүр.

They have been living in this flat *since they moved to Almaty*. Олар бұл пәтерде Алматыға көшіп келгендерінен бері тұрып жатыр.

He has been working for our company *since he returned from the army*. Ол әскерден оралғаннан бері біздің компанияда жұмыс істеп жүр.

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

How long have they been studying Chinese?	Олар қанша уақыттан бері қытайша үйреніп жүр?
How long have you been writing your thesis?	Сіз диссертацияңызды қанша уақыттан бері жазып жатырсыз?
How long has she been working as a nurse?	Ол қанша уақыттан бері медбике болып істеп жүр?
How long have you been waiting for the dean?	Сендер қанша уақыттан бері деканды күтіп отырсындар?
How long have they staying in the hostel?	Олар қанша уақыттан бері жатақханада тұрып жатыр?

Есте сақтаныз!!!

Кейбір етістіктер үздіксіздікті білдіретін, яғни Continuous Tense'терде (мысалы **Present Continuous, Past Continuous, Present Perfect Continuous, Past Perfect Continuous**'та) қолданылмайды. Үздіксіздікті білдіретін, яғни Continuous Tense'терде қолданылмайтын етістіктердің тізімі 48-бетте берілген. Аты аталған етістіктер көбінесе **Simple Present, Simple Past, Present Perfect, Past Perfect** сияқты шақтарда қолданылады. Атап айтқанда, бұл етістіктерде **Present Perfect Continuous**'тың орнына **Present Perfect** қолданылады.

Мысалы:

We have known Arman for five years.

~~I have been knowing your grandparents for five years.~~

Mary hasn't liked fish soup since she was very young.

~~Mary hasn't been liking fish soup since she was very young.~~

I have hated him since he told a lie to the teacher.

~~I have been hated him since he told a lie to the teacher.~~

Beksultan has loved Aruzhan since he first saw her.

~~Beksultan has been loving Aruzhan since he first saw her.~~

I have preferred meat to fish since I was a child.

~~I have been preferring meat to fish since I was a child.~~

Біз Арманды бес жылдан бері танимыз.

Мэри кішкентай кезінен бері қызанақ сорпасын ұнатпайды.

Мен оны мұғалімге өтірік айтқаннан бері жек көремін.

Бексұлтан Аружанды алғаш көрген кезінен бері жақсы көреді.

Мен бала кезімнен бері етті балықтан артық санаймын.

THE PAST PERFECT TENSE

had + V₃

Жасалуы:

The Past Perfect Tense *had* көмекші етістігі мен *етістіктің 3-формасының (V₃)* тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

I **had done** three tests *by five o'clock* yesterday.

Мен кеше сағат беске дейін үш тест шешіп қойған едім.

When they arrived, the lecture **had already** begun.

Олар келгенде, лекция әлдеқашан басталып кеткен еді.

Қолданылуы:

I. The Past Perfect Tense өткен шақта белгілі уақытқа дейін орындалып біткен іс-қимылдарды білдіру үшін қолданылады.

We **had finished** all the preparations *by lunch*. Түскі асқа дейін барлық әзірліктерді бітіріп қойған едік.

I **had done** all the tests in this book *before the exam*. Емтиханнан бұрын бұл кітаптағы барлық тесттерді шешкен едім.

II. The Past Perfect Tense өткен шақта орындалған екі іс - қимылдың ішінен алдымен орындалғанын білдіру үшін қолданылады. Атап айтқанда, алдымен орындалған іс-қимылды білдіру үшін Past Perfect (had + V₃), ал кейіннен орындалған іс-қимылды білдіру үшін Simple Past (V₂) қолданылады. Мысалы:

A) Бағыныңқы сөйлем

After + бастауыш + had + V₃
As soon as

Басыңқы сөйлем

бастауыш + V₂

After the concert had finished, we went to the Home Furniture Fair. Концерт біткеннен кейін, біз үй жиһазы көрмесіне бардық.

She watched a film on TV *after she had done his homework*. Ол үй жұмысын орындап болғаннан кейін, теледидардан кино көрді.

As soon as the meeting had finished, they went home. Олар жиналыс біте салысымен үйлеріне қайтты.

He got married *as soon as he had graduated from university*. Ол университетті бітіре салысымен үйленді.

Ә) Бағыныңқы сөйлем

Before + бастауыш + V₂
By the time

Басыңқы сөйлем

бастауыш + **had** + V₃

*Before she entered the exam, she **had taken** private lessons from Mr Johnson.*

Ол емтихан тапсырмастан бұрын, Джонсон мырзадан ақылы сабақ алған еді.

*I **had checked** my composition twice before I handed it in.*

Мен шығармамды тапсырмастан бұрын, екі рет оқып шықтым.

*By the time we arrived at the airport, the check-in **had finished**.*

Біз әуежайға барғанға дейін, тіркелу бітіп қойған еді.

*The train **had left** by the time we arrived at the station.*

Біз вокзалға барғанша, пойыз жүріп кеткен еді.

Б) Бағыныңқы сөйлем

When + бастауыш + V₂

Басыңқы сөйлем

бастауыш + **had** + V₃
 бастауыш + V₂

*When I arrived home, mum **had prepared** the dinner.*

Мен үйге барғанда, анам кешкі асты дайындап қойған еді.

*When I arrived home, mum **prepared** the dinner.*

Мен үйге барғанда, анам кешкі асты дайындады.

*The meeting **had started** when Zhanasyl came.*

Жанасыл келген кезде жиналыс басталып кеткен еді.

*The meeting **started** when Zhanasyl came.*

Жанасыл келген кезде жиналыс басталды.

Бағыныңқы сөйлем

Until + бастауыш + V₂

Басыңқы сөйлем

бастауыш + **had** + V₃

*My brother **had worked** for a Turkish construction company until he joined the army.*

Ағам әскерге кеткенге дейін, түрік құрылыс компаниясында жұмыс істеді.

*Mrs Asem Erzhanova **had taught** chemistry at the college until she retired.*

Әсем Ержанова апай зейнетке шыққанға дейін, колледжде химиядан дәріс берді.

Назар аударыңыз!!!

Until болымсыз сөйлемдерде өзгеше формуламен жасалады. Мысалы:

The dean didn't sign the documents *until he had read them from the beginning to the end.* Декан басынан соңына дейін оқып болғанша, құжаттарға қол қойған жоқ.

The guests came very late, but we didn't have a meal *until they had come.* Қонақтар өте кеш келді, бірақ біз олар келгенге дейін тамақ ішкен жоқпыз.

III. The Past Perfect Tense өткен шақта орындалған екі іс-қимылдың ішінен алғаш орындалғанын білдіру үшін толықтауыш бағыныңқылы сөйлемдерде қолданылады

Басынқы сөйлем

бастауыш + V ₂ кейін орындалған іс-қимыл
--

Толықтауыш бағыныңқылы сөйлем

<i>that</i> + бастауыш + <i>had</i> + V ₃ алдымен орындалған іс-қимыл

He admitted *that he had stolen the money.* Ол ақшаны ұрлағанын мойындады.

The boy denied *that he had broken the window.* Бала терезені сындырғанын мойындамады.

The Prime - Minister announced *that he had signed the agreement.* Премьер-министр келісім-шартқа қол қойғанын мәлімдеді.

I realized on the bus *that I had left my mobile phone at home.* Мен ұялы телефонымды үйде ұмытып кеткенімді автобуста байқадым.

IV. The Past Perfect Tense сөйлеушінің өту, орындалу кезінде өзі басы-қасында болмаған, осы шақпен еш қатысы жоқ, өткеннің еншісінде қалған іс-қимылдар жайында деректерге немесе нәтижелерге сүйсене отырып пікірін айтуында да қолданылады. Мысалы:

I saw Jane three months ago. She **had gained** a lot of weight. Мен үш ай бұрын Джейнді көрдім. Ол қатты толып кетіпті.

The hostel was dirty. The cleaners **hadn't cleaned** it for a long time. Жатақхана өте лас еді. Тазалықшылар оны ұзақ уақыттан бері тазаламапты.

I couldn't find my briefcase that day. Gulnar **had taken** it by mistake. Ол күні портфелімді таба алған жоқпын, өйткені Гүлнәр қателесіп алып кетіпті.

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

<i>After I had finished (finished) the cleaning, I <u>had</u> a rest for a while.</i>	Тазалықты бітіргеннен кейін, біраз демалдым.
<i>My nephew <u>joined</u> the army as soon as he had finished (finished) the high school.</i>	Жиенім лицейді бітіре салысымен әскерге кетті.
<i>Before she <u>went</u> to America, she <u>had learned</u> (learnt) English in a language centre.</i>	Ол Америкаға кетпестен бұрын, бір тіл орталығында тіл үйреніп еді.
<i>By the time the rescue helicopter <u>arrived</u>, the ship <u>had sunk</u>.</i>	Құтқару тікұшағы келгенге дейін, кеме батып кеткен еді.
<i>Bekzat <u>had worked</u> as an interpreter until he <u>graduated</u> from university.</i>	Бекзат университетті бітіргенге дейін, аудармашы болып жұмыс істеген еді.
<i>When we <u>phoned</u> him, he <u>had already left</u> home.</i>	Біз телефон соққанда, ол үйден әлдеқашан шығып кеткен еді.
<i>Saule was very upset when she <u>realized</u> that she <u>had lost</u> her wallet.</i>	Сауле әмиянын жоғалтып алғанын байқаған кезде қатты мұнайды.
<i>I was very excited, because I <u>hadn't met</u> a famous person before.</i>	Мен өте қобалжулы едім, себебі бұрын атақты кісімен танысқан жоқ едім.
<i>She couldn't go to the wedding, because she <u>had caught</u> a terrible cold.</i>	Ол тойға бара алмады, себебі ол қатты суық тигізіп ауырып қалған еді.
<i>I <u>had seen</u> the film before, so I didn't want to see it again although it was interesting.</i>	Мен ол киноны бұрын көріп қойған едім. Сондықтан қызық болғанына қарамастан, қайта көргім келмеді.

Negative Sentences (Болымсыз сөйлем):

<i>When we <u>arrived</u>, the concert <u>hadn't started</u> yet.</i>	Біз барған кезде, концерт әлі басталған жоқ еді.
<i>I <u>hadn't ever seen</u> an elephant before I <u>went to India</u></i>	Үнді еліне барғанға дейін, піл көрген жоқ едім.
<i>When the guests <u>came</u>, we <u>hadn't finished</u> the preparations yet.</i>	Қонақтар келгенде, біз әлі әзірліктерді бітірген жоқ едік.
<i>She gave a wrong answer, because she <u>hadn't understood</u> the question.</i>	Ол қате жауап берді, өйткені сұрақтарды түсінген жоқ еді.
<i>Before he <u>joined</u> the army, he hadn't written any letters.</i>	Әскерге бармастан бұрын, ол хат жазып көрмеп еді.

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

Had you done your homework *before the lights went out*?

Жарық сөнбестен бұрын, үй тапсырманды орындап қойып па едің?

When you arrived home, had your mother cooked the dinner?

Сіз үйге барғанда, анаңыз кешкі асты пісіріп қойған ба еді?

Had your sister learnt French *before she went to France*?

Әпкең Францияға кетпестен бұрын, французша үйреніп пе еді?

Had they done all the tests *by the time the bell rang*?

Қоңырау соғылғанға дейін, олар барлық тесттерді шешіп қойған ба еді?

Had you let your parents know *as soon as you had found a hotel*?

Қонақ үй таба салысымен, ата-анана хабар беріп пе едің?

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

When the boss came, how many letters had you translated?

Бастық келгенде, қанша хат аударып қойған едің?

When did the Prime -Minister announced that he had signed the agreement?

Премьер-министр келісім-шартқа қол қойғанын қашан мәлімдеді?

Where had your brother worked until he went abroad to study?

Ағаң шетелге оқуға кеткенге дейін, қайда жұмыс істеп еді?

How many questions had the students answered *when the bell rang*?

Қоңырау соғылғанда, студенттер қанша сұраққа жауап берген еді?

Where had Bakytzhan lived before he moved to Almaty?

Бақытжан Алматыға көшіп келместен бұрын, қайда тұрып еді?

How many flats had the fire spread by the time the firemen arrived?

Өрт сөндірушілер келгенге дейін, өрт қанша пәтерге жайылған еді?

How long had you lived in that flat until you sold it?

Сатқанға дейін, ол пәтерде қанша уақыт тұрған едіңіздер?

When did he admit that he had stolen your wallet?

Ол сенің әмияныңды ұрлағанын қашан мойындады?

How much money had you saved to buy this house?

Бұл үйді сатып алу үшін, қанша ақша жинаған едіңіз?

How many private lessons had Maral taken before she entered the TOEFL exam?

Марал TOEFL емтиханына кірместен бұрын, қанша ақылы сабақ алған еді?

Exercise 36. Use the Past Perfect Form of the verb in brackets.

1. After he had (find) ... a job, he rented another flat.
2. They had (reach) ... the top of the mountain before the sun set.
3. The thieves denied that they had (steal) ... the car.
4. She bought a car as soon as she had (receive) ... a driving licence.
5. When the police arrived, the thieves had already (go)
6. She had (fall off) ... the bicycle many times until she learned how to ride a bicycle.
7. By the time we got to the station, the train had already (leave) ... the platform.
8. I had never (miss) ... a class before I became ill.
9. After my cousin had (do) ... his homework, he played a game on the computer.
10. I saw Serik a few days ago. He had just (come back) ... from holiday.
11. Marat suggested going to the theatre. But half of the class had (see) ... the play before.
12. When I got home, my parents hadn't (sleep) ... yet.
13. The judge had (ask) ... a lot of questions until the accused told the truth.
14. After she had (win) ... a lot of money in the lottery, she gave up working.
15. He was very nervous, because he hadn't (fly) ... on the plane before.

Exercise 37. Translate the following sentences into English:

1. Біз театрға барғанда, қойылым басталып кеткен еді.
2. Жиенім үй тапсырмасын бітіре салысымен, үйден шықты.
3. Олар Қытайға кетпестен бұрын, бес ай қытайша үйренген болатын.
4. Біз Таразға жеткенге дейін, күн әлдеқашан батып кеткен еді.
5. Әкем зейнетке шыққанға дейін, біз қала орталығында тұрған еді.
6. Олар маған сенің телефон соққаныңды айтқан жоқ.
7. Диас университетті бітіре салысымен, шетелдік компаниядан жұмыс тапты.
8. Мен бөлемді тани алмадым, себебі оны ұзақ уақыттан бері көрген жоқ едім.
9. Біз жатпастан бұрын, есікті құлыптаған едік.
10. Ол емтиханда көшіргенін мойындады.
11. Олар келгенде, той әлі басталған жоқ еді.
12. Министр келісім-шартқа қол қойғанын мәлімдеді.
13. Таксиге міне алмадым, өйткені әмиянымды үйде ұмытып кетіппін.
14. Біз әуежайға барғанда, ұшақ енді ғана қонған еді.
15. Ол ата-анасына әмиян тауып алғанын айтқан жоқ.

THE PAST PERFECT CONTINUOUS TENSE

had been + V -ing

Жасалуы:

The Past Perfect Continuous Tense *had* көмекші етістігі мен *been* сөзінің тіркесуі және негізгі етістікке -ing жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Бұл шақ қазақ тіліне -ып/-іп/ -п отыр (жатыр / тұр / жүр) еді деп аударылады

Мысалы:

When it started to rain, we **had been playing** tennis for an hour. Жаңбыр басталғанда, біз бір сағаттан бері теннис ойнап жүр едік.

Қолданылуы:

The Past Perfect Continous Tense бұрынғы өткен шақта басталып, сөйлеушінің мезгел отырған уақыт бөлігінде үздіксіз түрде орындалып жатқан іс-қимылдарды білдіру үшін қолданылады. Тіл үйренушілер бұл шақты көбінесе **Past Continuous**'пен шатастырады. **Past Continuous**'тан айырмашылығы бұл шақта -дан бері мағынасын білдіретін **since / for** мезгіл көрсеткіштері қолданылады.

Салыстырыңыз:

When I met Dias, he **was working** at the university. Диаспен танысқанымда, ол университетте жұмыс істеп жүр еді.

When I met Dias, he **had been working** at the university for five months. Диаспен танысқанымда, ол бес айдан бері университетте жұмыс істеп жүр еді.

Мысалдар:

I went to the dentist yesterday, because my tooth had been aching since Saturday. Кеше тіс дәрігеріне бардым, өйткені сенбіден бері тісім ауырып жүр еді.

When she came, we had been waiting for her for two an hour at the bus stop. Ол келгенде, біз оны бір сағаттан бері аялдамада күтіп тұр едік.

He had been looking for a job for a long time before he went to America. Ол Америкаға кетпестен бұрын, ұзақ уақыт жұмыс іздеп жүр еді.

They had been living in that villa for only three months when they decided to sell it. Сатуға шешім қабылдағанымда, ол виллада 3 айдан бері ғана тұрып жатқан еді.

How long had she been working as a guide before she went abroad? Ол шетелге кетпес бұрын, қанша уақыттан бері күтіп отыр едіңдер?

How long had you been waiting when the boss came? Бастық келгенде, сендер оны қанша уақыттан бері күтіп отыр едіңдер?

How long had you been learning German when you wrote this composition? Бұл шығарманы жазғанда, қанша уақыттан бері немісше үйреніп жүр едіңіз?

THE FUTURE CONTINUOUS TENSE

will be + V – ing

Жасалуы:

The Future Continuous Tense *will* көмекші етістігі мен *be* сөзінің тіркесуі және негізгі етістікке *-ing* жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы:

We **will be skiing** in Shymbulak *this time tomorrow*. Біз ертең уақытта Шымбұлақта шаңғы теуіп жүреміз.

Қолданылуы:

The Future Continuous Tense келешекте белгілі бір уақытта үздіксіз түрде орындалатын іс-қимылды білдіреді. Мысылы:

I **will be waiting** for you at the bus stop *at three o'clock tomorrow*. Мен сені ертен сағат үште аялдамада күтіп тұрамын.

We **will be going** to the course *at this time tomorrow*. Біз ертең бұл уақытта курсқа кетіп бара жатамыз.

Мысалдар:

We will be studying for the exam in the library at this time tomorrow. Біз ертең бұл уақытта кітапханада емтиханға дайындалып отырамыз.

Don't phone at nine o'clock. I will be sleeping at that time. Сағат тоғызда телефон соқпа. Мен ол уақытта ұйықтап жатамын.

They will be studying in America in May next year. Олар келесі жылы мамыр айында Америкада оқып жүреді.

We will be watching the competition at twelve o'clock tomorrow. Біз ертең сағат он екіде жарысты тамашалап отырамыз.

He will be teaching at the college this time next year. Ол келесі жылы бұл уақытта колледжде дәріс беріп жүреді.

We will be flying to India this time tomorrow. Мен ертең бұл уақытта Индияға ұшып бара жатамын.

What will you be doing this time tomorrow? Сендер ертең бұл уақытта не істейсіңдер?

Where will they be staying in September next year? Олар келесі жылы қыркүйек айында қайда тұрады?

THE FUTURE PERFECT TENSE

will have + V₃

Жасалуы:

The Future Perfect Tense *will* көмеші етістігі мен *have* сөзінің және негізгі етістіктің 3-формасының (V₃) тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

I **will have finished** my thesis *by next month*. Мен келесі айға дейін диссертациямды бітіріп қоямын.

Қолданылуы:

The Future Perfect Tense келешекте белгілі бір уақытқа дейін орындалатын іс-қимылдарды білдіреді.

The Future Perfect Tense'пен қолданылатын мезгіл көрсеткіштері:

by 5 o'clock / 10 o'clock	→	сағат беске дейін / онға дейін
by tomorrow / by April	→	ертеңге дейін / сәуірге дейін
by next week (month)	→	келесі аптаға (айға) дейін
by this time / by that time	→	бұл уақытқа дейін / ол уақытқа дейін

Nurai took the bus at five o'clock, she will have arrived in Almaty *by eleven o'clock*. Нұрай бестегі автобуска мінді, ол он бірге дейін Алматыға барып қояды.

She will have graduated from university *by July*. Ол шілде айына дейін университетті бітіріп қояды (бітіреді).

He will have returned from the army *by next month*. Ол келесі айға дейін әскерден оралып қояды (оралады).

Come at five o'clock. I will have translated your article *by that time*. Сағат бесте келіңіз. Ол уақытқа дейін мақалаңызды аударып қоямын.

Ескерту: Мезгіл бағыныңқылы сөйлемдерде **by the time + бастауыш + V₁** қолданылады. Мысалы:

By the time the guests come, we will have made all the preparations. Қонақтар келгенге дейін, барлық әзірлікті жасап қоямыз.

By the time the manager comes, I will have prepared the report. Директор келгенге дейін, рапортты дайындап қоямын.

*We will have memorized about two thousand words *by the time the term finishes*.* Семестр біткенге дейін, екі мың сөздей жаттап қоямын.

*We are late. The play will have started *by the time we get to the theatre.** Біз кеш қалдық. Біз театрға барғанша, қойылым басталып кететін болды.

THE FUTURE PERFECT CONTINUOUS TENSE

will have been + V -ing

Жасалуы:

The Future Perfect Continuous Tense *will* көмекші етістігі мен **have been** сөздерінің тіркесуі және негізгі етістікке **-ing** жалғауының жалғануы арқылы жасалады.

Мысалы:

Next Friday, we **will have been having** a holiday here *for a month*. Келесі жұмада бұл жерде демалып жатқанымызға бір ай болады.

Қолданылуы:

The Future Continuous Tense белгілі бір уақыт бөлігінде басталып, келешекте белгілі бір уақытқа дейін үздіксіз түрде орындалатын іс-қимылды білдіру үшін қолданылады. Тіл үйренушілер бұл шақты көбінесе **Future Continuous**'пен шатастырады. **Future Continuous**'тан айырмашылығы **Future Perfect Continuous**'та **-ден бері (бойы)** мағынасына келетін **for** мезгіл көрсеткіші қолданылады.

Салыстырыңыз:

Next year I **will be studying** in England. Мен келесі жылы Англияда оқып жүремін.

Next year, I will have been studying in England *for five years*. Келесі жылы Англияда оқып жүргеніме бес жыл болады.

Мысалдар:

*In 2015, my father will have been working as a teacher *for 40 years*.* 2015 жылы әкемнің мұғалім болып жұмыс істеп жүргеніне 40 жыл болады.

*Next month, they will have been staying in this hostel *for five years*.* Олардың келесі айда бұл жатақханада тұрып жатқанына бес жыл болады.

*In 2016, we will have been living in this house *for 20 years*.* 2016 жылы бұл үйде тұрып жатқанымызға 20 жыл болады.

*In May, she will have been working as a guide *for a year*.* Мамыр айында оның гид болып істеп жүргеніне бір жыл болады.

*At 8 o' clock, Magzhan will have been sleeping *for exactly ten hours*.* Сегізде Мағжанның ұйықтап жатқанына дәл он сағат болады.

*In five minutes, we will have been waiting for a bus *for exactly one hour*.* Бес минуттан кейін автобус күткенімізге тура бір сағат болады.

*When you return from the army, she will have been teaching at school *for one year*.* Сен әскерден оралғанда, оның мектепте дәріс беріп жүргеніне 1 жыл болады.

TEST on TENSES - 1

1. **Yesterday she ... ten business letters.**
A. have translate B. translate C. translated D. had translated
2. **According to the weather forecast, it ... sunny in the afternoon, but it ... now.**
A. will be / is going to rain B. will be / is raining
C. is / is raining D. was/ was raining
3. **They ... in the hostel since the second term began.**
A. live B. have been living C. lived D. has lived
4. **Our rector ... three languages fluently.**
A. speak B. is speaking C. speaks D. was speaking
5. **We ... a documentary film on TV at ten o'clock last night.**
A. had watched B. have watched C. were watching D. was watching
6. **She can't answer the phone now, because she ... the prayers.**
A. has been performing B. performs C. has performed D. is performing
7. **... you ever ... the Museum of Folk Music Instruments in Almaty?**
A. did / visit B. did / visited C. do / visited D. have / visited
8. **When I ... them, they ... for a bus in front of the cinema.**
A. saw / has been waiting B. saw / were waiting
C. see / wait D. was seeing / waited
9. **He is rich now. He ... 2 million dollars in the National Lottery last year.**
A. had won B. has won C. won D. would win
10. **She went abroad in 2000, I ... her since then.**
A. didn't see B. haven't seen C. couldn't see D. I hadn't seen
11. **They ... the match on TV while I ... a composition.**
A. watched / wrote B. watched / am writing
C. were watching / was writing D. had watched / wrote
12. **As soon as he ... his military service, he ... married.**
A. was doing / had got B. does / gets C. had done / got D. did / had got
13. **We ... for the exam in the library at this time tomorrow.**
A. will be studying B. are studying C. study D. would study
14. **While I ... through my old school books, I ... this photo of my you.**
A. was looking / founded B. was looking / found
C. was looking / had found D. looked / found
15. **The fire ... a lot of damage by the time the firemen**
A. had done / put it out B. did / had put it out
C. will do / puts it out D. did / were putting it out

16. **They ... in France from 1999 to 2005.**
 A. have lived B. lived C. would live D. had been living
17. **I realized on the bus that I ... my cell phone at home.**
 A. leave B. have left C. left D. had left
18. **My uncle ... Chinese for five years, but he ... it yet.**
 A. is learning / didn't learn B. has been learning / hasn't learnt
 C. is learning / hasn't learnt D. has been learning / didn't learn
19. **They ... into their new flat by the end of this month.**
 A. will be moving B. had moved C. would move D. will have moved
20. **How long ... you ... for that company?**
 A. are / working B. were / working C. have / been working D. did / work
21. **In March, we ... an English course for a year.**
 A. have been taking B. will have been taken
 C. was taking D. will have been taking
22. **When ... you ... from university?**
 A. have / graduated B. did / graduated C. did / graduate D. had / graduated
23. **It ... all day. I wonder when it will stop.**
 A. has been raining B. had rained C. is raining D. is going to rain
24. **I hope by the end of this term we ... our English.**
 A. will be improved B. improve C. will be improving D. will have improved
25. **This is the most exciting film I ... ever**
 A. saw B. had seen C. have seen D. would see
26. **She ... already ... the dinner when the guests came.**
 A. has / cooked B. was / cooking C. had / cooked D. had / been cooking
27. **They left Otyrar at two o' clock, so they ... in Aktobe by nine o' clock tomorrow.**
 A. is going to arrive B. will have arrived
 C. has arrived D. had arrived
28. **After I ... my suitcase, I called a taxi.**
 A. pack B. had packed C. have packed D. would pack
29. **The concert ... for 20 minutes when we ... at the concert hall.**
 A. has been going on / arrive B. went on / arrived
 C. had been going on / arrived D. has been going on / arrived
30. **My parents ... yet when I came back from the party.**
 A. haven't slept B. didn't sleep C. hadn't been sleeping D. hadn't slept

TEST on TENSES - 2

1. **My sister ... as a dentist since she graduated from university.**
A. works B. have worked C. worked D. has been working
2. **Bob: I have got a terrible toothache. Paul: I ... you a painkiller.**
A. am going to give B. will give
C. am giving D. give
3. **When we phoned him, he ... already ... the office.**
A. had left B. has left C. would left D. left
4. **How many times ... you ... to Switzerland?**
A. had / been B. did / go C. have / been D. would / go
5. **Look out! The chandelier ... on you.**
A. will fall B. must fall C. is going to fall D. would fall
6. **The General Manager didn't sign the document until he ... it thoroughly.**
A. had studied B. has studied C. would study D. studies
7. **She was a bit nervous, because she ... on the plane before.**
A. didn't fly B. haven't flown C. hasn't flown D. hadn't flown
8. **We ... the National Museum many times.**
A. visited B. have visited C. have been visiting D. had visited
9. **For the last three months, Maksat ... his room with his friends.**
A. is sharing B. has been sharing C. have shared D. shared
10. **How long ... you ... your parents?**
A. hadn't / seen B. didn't / see C. haven't / seen D. haven't been / seeing
11. **Water ... into ice when the temperature ... below 0.**
A. is changing / drops B. has changed / drop
C. changes / drops D. changes / dropped
12. **In 2009, they ... in their villa for a year.**
A. will be living B. will live C. will have lived D. will have been living
13. **How many countries ... you ... by now?**
A. have / visited B. did / visit C. had / visited D. will / visit
14. **The children ... in the garden when it suddenly ... to rain.**
A. played / had started B. played / started
C. was playing / started D. were playing / started
15. **Of all the short stories I ... up to now, this story is the most interesting.**
A. have been reading B. was reading C. read D. have read

16. Elvis Presley ... in 1977 , but he still ... lots of fans all over the world.
A. died / had B. died / has C. died / is having D. has died / had
17. It's the first time I ... a horse. That's why I'm a bit nervous.
A. have ridden B. rode C. ride D. had ridden
18. Because my alarm clock didn't ring, I woke up late and hurried to the station.
When I finally got there, my friends ... for me for twenty minutes.
A. have been waiting B. were waiting C. waited D. had been waiting
19. We ... dressed as soon as we ... out of bed, because we had to catch the bus.
A. has gotten / had got B. got / will get C. got / had got D. gets / got
20. When the telephone rang, I ... to bed.
A. had just gone B. just went C. have just gone D. would just go
21. They ... the hostel by the time the students ... from their summer holidays.
A. had redecorated / had returned B. have redecorated / return
C. redecorate / will return D. will have redecorated / return
22. When the boss called, I ... the report yet.
A. hadn't finished B. didn't finish C. haven't finished D. wouldn't finish
23. He ... the army as soon as he ... from university.
A. will join / graduate B. had joined / graduated
C. joined / had graduated D. will join / graduated
24. It's the best washing powder I ... ever I advise everybody to buy it.
A. used B. have / used C. will use D. had / used
25. Water ... into vapour when it is heated.
A. turns B. turned C. turn D. will turn
26. We played volleyball yesterday. When it started to rain, we ... for an hour.
A. were playing B. have been playing
C. had been playing D. will have been playing
27. He said he would phone me today, but he so far.
A. hadn't phoned B. didn't phone C. wouldn't phone D. hasn't phoned
28. ... you ever ... a kangaroo before you went to Australia?
A. had / seen B. did / see C. have / seen D. will / have seen
29. Why don't you answer my e-mails? This is the fifth e-mail I ... to you today.
A. am writing B. wrote C. have written D. had written
30. When the students heard that the concert was cancelled, they were very disappointed. Because they ... to this concert for a month.
A. were looking forward B. have been looking forward
C. looked forward D. had been looking forward

NUMERALS (САН ЕСІМДЕР)

Ағылшын тілінде сан есімдер есептік сан есімдер (cardinal numerals), реттік сан есімдер (ordinal numerals) және бөлшектік сан есімдер (fractional numerals) болып үшке бөлінеді.

CARDINAL NUMERALS (ЕСЕПТІК САН ЕСІМДЕР)

Есептік сан есімдер заттың санын, мөлшерін білдіріп, **how many?** (қанша?) деген сұраққа жауап береді. Мысалы: one school, ten teachers, one hundred students.

1. one	11. eleven	10. ten
2. two	12. twelve	20. twenty
3. three	13. thirteen	30. thirty
4. four	14. fourteen	40. forty
5. five	15. fifteen	50. fifty
6. six	16. sixteen	60. sixty
7. seven	17. seventeen	70. seventy
8. eight	18. eighteen	80. eighty
9. nine	19. nineteen	90. ninety
10. ten	20. twenty	100. a (one) hundred

Есте сақтаныз:

1-ден 12-ге дейінгі есептік сан есімдер дара сан есімдер болып саналады.

Төмендегі есептік сан есімдер де дара сан есімдер тобына жатады

1000	a (one) thousand
1000000	a (one) million
1000000000	a (one) billion

13-тен 19-ға – дейінгі есептік сан есімдер **-teen** жұрнағымен жасалады .

thirteen fourteen fifteen sixteen seventeen eighteen nineteen

Ондықтар болса, **-ty** жұрнағымен жасалады.

twenty thirty forty fifty sixty seventy eighty ninety

Ондықтар мен бірліктер арасында дефис қолданылады.

21. twenty- one	32. thirty- two
43. forty- three	54. fifty- four
65. sixty- five	76. seventy-six
87. eighty- seven	98. ninety- eight

Күрделі сан есімдерде жүздіктер мен ондықтар арасында **and** жалғаулығы қолданылады.

123 – one hundred and twenty- three
234 – two hundred and thirty- four
345 – three hundred and forty- four

Күрделі сан есімдерде ондық болмаған жағдайда, **and** жалғаулығы жүздіктер немесе мыңдықтар мен бірліктер арасында қолданылады.

101 – one hundred and one
203 – two hundred and three
1001 – one thousand and one

1234 – one thousand two hundred **and** thirty-four
 5678 – five thousand, six hundred **and** seventy- eight
 12345 – twelve thousand, three hundred **and** forty-four
 567890 – five hundred sixty- seven thousand, eight hundred **and** ninety
 1243502 – one million, two hundred and forty-three thousand, five hundred **and** two
 6230533 – six million, two hundred and thirty thousand, five hundred **and** thirty- three

Еске сақтаңыз:

Ағылшын тілінде бір санынан жоғары сандармен бірге қолданылған зат есімдер көптік жалғауын алады. Мысалы:

one book – бір кітап	two books – екі кітап	ten books – он кітап
one teacher – бір мұғалім	two teachers – екі мұғалім	ten teachers – он мұғалім

Мысалдар:

- How many hospitals are there in your city? – There are ten hospitals.
- How many brothers have you got? – I have got three brothers.
- How old are you? – I’m twenty- three.

Есте сақтаңыз!!! Ағылшын тіліндегі **-s** жұрнағы мен **of** көмекші сөзі қазақ тіліндегі -даған, -деген жұрнақтарымен бірдей мағынада қолданылады. Мысалы:

hundreds **of** doctors жүздеген дәрігер
 thousands **of** tourists мыңдаған турист
 millionth **of** people миллиондаған адам

ORDINAL NUMERALS (PETTIK SAN ЕСІМДЕР)

Ағылшын тілінде реттік сан есімдер заттың ретін білдіре отырып, **which?** (нешінші, қай?) деген сұраққа жауап береді, қазақ тіліндегі -ыншы, -інші жұрнақтарының баламасы болып саналатын **-th** жұрнағымен жасалады.

Ескерту: 1, 2, 3 сандары ережеден тыс жасалады. Мысалы:

first → бірінші **second** → екінші **third** → үшінші

Қалған сандар **-th** жұрнағымен жасалады. Мысалы:

fourth → төртінші **seventh** → жетінші **tenth** → оныншы
eleventh → он бірінші **thirteenth** → он үшінші **nineteenth** → он тоғызыншы
hundredth → жүзінші **thousandth** → мыңыншы **millionth** → миллионыншы

Реттік сандардың жасалуында төмендегі сандар өзгеріске ұшырайды. Мысалы:

fifth → бесінші **eighth** → сегізінші
ninth → тоғызыншы **twelfth** → он екінші

Ондық реттік сан есімдердің жасалуына назар аударыңыз:

ty → tie + **th**

twenty → **twentieth** **sixty** → **sixtieth**
thirty → **thirtieth** **seventy** → **seventieth**
forty → **fortieth** **eighty** → **eightieth**
fifty → **fiftieth** **ninety** → **ninetieth**

Қазақ тіліндегідей ағылшын тілінде де күрделі реттік сан есімдердің алдыңғы бөлігі есептік сан есім түрінде беріледі, соңғы бөлігі болса, реттік сан есім түрінде жасалады. Мысалы:

- | | |
|---|---|
| 21. – twenty first | 54. – fifty fourth |
| 32. – thirty second | 65. – sixty fifth |
| 43. – forty third | 79. – seventy ninth |
| 145. – one hundred and forty fifth | 238. – two hundred and thirty eighth |

Реттік сан есімдер әдетте **the** белгілілік артиклімен қолданылады. Мысалы:

- | | |
|--------------------------------------|-------------------------------------|
| – Which day of the trip is it today? | – Бүгін саяхаттың нешінші күні? |
| – It's the ninth day of the trip. | – Бүгін – саяхаттың тоғызыншы күні. |
| – What date is it today? | – Бүгін қай күн? |
| – It's the tenth of May. | – Мамырдың оны. |
| – Which floor do you live on? | – Қай қабатта тұрасың? |
| – I live on the fourth floor. | – Төртінші қабатта тұрамын. |

FRACTIONAL NUMERALS (БӨЛШЕКТІК САН ЕСІМДЕР)

Бөлшектік сан есімдер заттың сандық мөлшерін білдіріп, **how many?** (қанша?) деген сұраққа жауап береді.

Мысалы: one third – үштен бірі, one fifth – бестен бірі

- | | |
|--------------------|---------------------------|
| 1 / 2 → one half | 1 / 9 → one ninth |
| 1 / 3 → one third | 1 / 10 → one tenth |
| 1 / 4 → one fourth | 1 / 20 → one twentieth |
| 1 / 5 → one fifth | 1 / 100 → one hundredth |
| 1 / 8 → one eighth | 1 / 1000 → one thousandth |
| 2 / 3 → two third | 2 / 5 → two fifth |

Есте сақтаңыз:

% 10 → ten percent (он пайыз)

% 50 → fifty percent (елу пайыз)

- | | | |
|--------------|---|-------------------------------------|
| жарты | → | <i>half + a / an + уақыт өлшемі</i> |
| жарты сағат | → | half an hour |
| жарты ай | → | half a month |
| жарты жыл | → | half a year |

- | | | |
|--------------------|---|--|
| (бір) жарым | → | <i>(one) and a half + уақыт өлшемі</i> |
| бір жарым сағат | → | one and a half hours |
| екі жарым сағат | → | two and a half hours |
| бір жарым жыл | → | one and a half years |
| үш жарым ай | → | three and a half years |
| екі жарым ай | → | two and a half months |

They will come in **half an hour**.

They will come in **one and a half hour**.

They will come in **five and a half hours**.

Олар жарты сағаттан кейін келеді.

Олар бір жарым сағаттан кейін келеді.

Олар бес жарым сағаттан кейін келеді.

Exercise: 38. Write the following cardinal numbers in words as in the example:

Example: 25 → twenty-five

33	→	468	→	2548	→	1234567	→
47	→	579	→	3653	→	2468359	→
59	→	834	→	248567	→	12345678	→
105	→	1023	→	35 6958	→	35746829	→

Exercise: 39. Write the following ordinal numbers in words as in the example:

Example: 25st → twenty- fifth

1st	→	5th	→	20th	→	23th	→
2nd	→	8th	→	30th	→	100th	→
3rd	→	9th	→	40th	→	1000th	→
4th	→	12th	→	50th	→	1001th	→

Exercise: 40. Translate the following sentences into English:

1. Ақеркенің екі әпкесі және үш ағасы бар.
2. Бүгін – маусымның оны.
3. Нұрсұлтан Назарбаев – Қазақстан Республикасының бірінші президенті.
4. Директор жарты сағаттан кейін келеді.
5. Біздің мектепте отыз бес мұғалім бар.
6. – Жасыңыз нешеде? - Қырық үштемін.
7. Мен бір жарым айдан кейін демалысқа шығамын.
8. Бүгін – ән байқауының үшінші күні.
9. Олар тоғызыншы қабатта тұрады.
10. Ол жарыстан бір миллион төрт жүз мың теңге ұтып алды.
11. Малика Америкадан екі жарым жылдан кейін оралады.
12. Біздің зауытта үш мың бес жүз қырық сегіз жұмысшы бар.
13. Ағам әскерден бес жарым айдан кейін келеді.
14. Зейнептің туған күні ақпанның он төртінде.
15. Менің мыңға жуық кітабым бар.
16. Олар шілденің бесінде Ресейге кетеді.
17. Біз бір жарым сағаттан кейін Семейге жетеміз.
18. Мұражайымызға күн сайын жүздеген туристер келеді.
19. Ағамның кеңсесі жетінші қабатта, бірақ ол ешқашан лифт қолданбайды.
20. Ыстамбұлдағы Топкапы сарайын күн сайын мындаған туристер тамашалайды.

INDEFINITE PRONOUNS
(БЕЛГІСІЗДІК, ЖАЛПЫЛЫҚ және БОЛЫМСЫЗДЫҚ ЕСІМДІКТЕРІ)

Белгісіздік есімдіктері:

Somebody (someone)	→	біреу
Something	→	бір нәрсе
Somewhere	→	бір жерде / бір жерге

Жалпылық есімдіктері:

Everybody (everyone)	→	бәрі (әркім)
Everything	→	бәрі
Everywhere	→	барлық жерде / барлық жерге

Болымсыздық есімдіктері:

Anybody (anyone)	→	ешкім
Anything	→	еш нәрсе
Anywhere	→	еш жерде (еш жақта) / еш жерге

Nobody (no one)	→	ешкім
Nothing	→	еш нәрсе
Nowhere	→	еш жерде (еш жерде) / еш жерге

Есте сақтаңыз: Белгісіздік, жалпылық және болымсыздық есімдіктері етістіктің жекеше түрімен ғана қолданылады.

I. Somebody (someone), something, somewhere белгісіздік есімдіктері болымды сөйлемдерде қолданылады. Мысалы:

There <u>is</u> somebody at the door.	Есікте біреу бар.
There <u>is</u> something in your right eye.	Оң көзінде бір нәрсе бар.
I left my umbrella somewhere .	Қолшатырымды бір жерде ұмытып кетіппін.
Mum isn't at home. She went somewhere .	Анам үйде емес, ол бір жерге кетті.

II. Everybody (everyone), everything, everywhere жалпылық есімдіктері болымды, болымсыз және сұраулы сөйлемдерде қолданылады. Мысалы:

Everybody <u>is</u> waiting for you.	Бәрі сені күтіп отыр.
Everything <u>is</u> very expensive at that shop.	Ол дүкенде барлық нәрсе өте қымбат.
I looked everywhere , but I couldn't find my English-Kazakh dictionary.	Барлық жерді қарадым, бірақ ағылшынша-қазақша сөздігімді таба алмадым.
He has got a car, but he goes everywhere by taxi.	Оның машинасы бар, бірақ ол барлық жерге таксимен барады.

III. Anybody (anyone), anything, anywhere болымсыздық есімдіктері болымсыз және сұраулы сөйлемдерде қолданылады. Мысалы:

There isn't **anybody** at home.
There isn't **anything** in the fridge.
I couldn't find my glasses **anywhere**.
We didn't go **anywhere** yesterday.

Үйде ешкім жоқ.
Тоңазытқышта еш нәрсе жоқ.
Көзәйнегімді еш жерден таба алмадым.
Біз кеше ешқайда барған жоқпыз.

Is there **anybody** at home?
Is there **anything** in the fridge?
Have you seen my glasses **anywhere**?
Did you go **anywhere** yesterday?

Үйде біреу бар ма?
Тоңазытқышта бір нәрсе бар ма?
Көзәйнегімді бір жерден көрдің бе?
Кеше бір жерге бардыңдар ма?

Isn't there **anybody** at home?
Isn't there **anything** in the fridge?
Haven't you seen my glasses **anywhere**?
Didn't you go **anywhere** yesterday?

Үйде ешкім жоқ па?
Тоңазытқышта ештеңе жоқ па?
Көзәйнегімді еш жерден көрмедіңдер бе?
Кеше еш жакқа бармадыңдар ма?

IV. Nobody (no one), nothing, nowhere болымсыздық есімдіктері болымсыздық мағынаны білдіргенімен, болымды сөйлемдерде қолданылады. Мысалы:

There is **nobody** at home.
There is **nothing** in the fridge.
Nowhere could I find my glasses.
We went **nowhere** last yesterday.

Үйде ешкім жоқ.
Тоңазытқышта еш нәрсе жоқ.
Көзәйнегімді еш жерден таба алмадым.
Біз кеше ешқайда барған жоқпыз.

Exercise: 41. Translate the following sentences into English:

1. Мен таңғы аста ештеңе жеген жоқпын.
2. Ол барлық жерге әйелімен барады.
3. Көзімде бір нәрсе тұр, қарап жіберші.
4. Ол ақшасын осында бір жерге тығып қойды.
5. Үйде отырудан зерігіп кеттім. Ертең бір жакқа барайық.
6. Менсіз еш жерге кетпендер.
7. Қазір кеңседе біреу бар ма?
8. Бәрі оның өтірікші екенін біледі.
9. Біз өткен жексенбіде ешқайда барған жоқпыз, емтиханға дайындалдық.
10. Мен ол мектепте ешкімді танымаймын.
11. Аудиторияда ешкім жоқ па?
12. Тоңазытқышта жейтін ештеңе жоқ па?
13. Сен келгенде, кеңседе біреу бар ма еді?
14. Оның қайда тұратынын ешкім білмейді.
15. Біз бұл сөздікті еш жерден таба алмадық.

REFLEXIVE PRONOUNS (ӨЗДІК ЕСІМДІКТЕР)

myself	→ өзім	ourselves	→ өзіміз
yourself	→ өзің	yourselves	→ өздерің
herself / himself / itself	→ өзі	themselves	→ өздері

Мысалдар:

Sometimes I don't understand **myself**.

Мен кейде өзімді түсінбеймін.

You are very selfish. You only think **about yourself**.

Сен тым өзімшілсің, тек қана өзіңді ойлайсың.

She made the birthday cake **herself**.

Ол туған күн тортын өзі пісірді.

Try to understand me, put **yourself** to my place.

Сен мені түсінуге тырыс, өзіңді менің орныма қой.

A ten month-old baby can't eat **itself**.

Он айлық бала өз бетінше тамақ жей алмайды.

Do your homework **yourselves**.

Үй жұмыстарыңды өздерің орындаңдар.

They can't go to school **themselves**, because they are small.

Олар мектепке өздері бара алмайды, себебі олар әлі кішкентай.

Erbol **himself** told me that he was in love with Arailym.

Ербол Арайлымға ғашық екенін маған өзі айтты.

Есте сақтаңыз!!!

enjoy oneself	→ көңіл көтеру
teach oneself	→ өз бетінше үйрену
help oneself	→ дәм тату

Мысалдар:

Yesterday evening we went to the wedding and **enjoyed ourselves** very much.

Кеше кешке тойға бардық, өте жақсы көңіл көтердік.

Help yourselves to the salads.

Салаттардан дәм татыңыздар.

They **taught themselves** to use a computer.

Олар компьютер қолдануды өз беттерінше үйренді.

RECIPROCAL PRONOUNS (ОПТАҚ ЕСІМДІКТЕР)

We love **each other** very much.

Біз бір-бірімізді өте жақсы көреміз.

Always help **each other**.

Әрдайым бір-біріңе көмектесіңдер.

They never argue with **each other**.

Олар ешқашан бір-бірімен ұрыспайды.

Мысалдар:

We don't see **each other** at school.

Біз мектепте бір-бірімізді көрмейміз.

Always respect **each other**.

Әрқашан бір-біріңді сыйлаңдар.

They looked at **each other** in surprise.

Олар бір-біріне таңырқай қарады.

How long have you known **each other**?

Сендер қанша уақыттан бері бір-біріңді танысыңдар?

They met **each other** while they were studying at university.

Олар бір-бірімен университетте оқып жүргенде танысты.

The students cheated from **each other** on the exam.

Студенттер емтиханда бір-бірінен көшірді.

Exercise: 42. Translate the following sentences into English:

1. Ромео өзін-өзі махаббат үшін өлтірді.
2. Біз бірімізді театрдың алдында күттік.
3. Біз былтыр үйді өзіміз боядық.
4. Сендер бір-біріңді танысыңдар ма?
5. Әйгерім маған телефон нөмірін өзі берді.
6. Асқар әрқашан киімдерін өзі үтіктейді.
7. Олар бір-бірін жек көреді.
8. Ол итін барлық жерге өзімен бірге алып барады.
9. Бұл тортты өзіңіз пісірдіңіз бе?
10. Ағам гитара тартуды өз бетінше үйренді.
11. Мен кеше өзіме әдемі көйлек сатып алдым.
12. Олар алғаш көргеннен бір-біріне ғашық болды.

DEGREES OF ADJECTIVES (СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ШЫРАЙЛАРЫ)

Ағылшын тілінде де қазақ тіліндегі сияқты сын есімнің үш шырай категориясы бар. Олар: **The Positive Degree** (жай шырай), **the Comparative Degree** (салыстырмалы шырай) және **the Superlative Degree** (күшейтпелі шырай).

Ескерту: Жай шырайға қосымша жалғанбайды, өйткені ол сын есімнің өзге шырайларының жасалуына негіз болады.

Positive Degree
(Жай шырай)

Comparative Degree
(Салыстырмалы шырай)

Superlative Degree
(Күшейтпелі шырай)

I. Бір буынды және 'у әрпімен аяқталатын сын есімдер

сын есім	сын есім + - er (-r / - ier)	the + сын есім - est (-st / - iest)
a) rich бай	richer байырақ	the richest ең бай
b) large кең	larger кеңірек	the largest ең кең
c) lazy жалқау	lazier жалқауырақ	the laziest ең жалқау

II. Екі және екіден көп буынды сын есімдер

сын есім	more + сын есім	the + most сын есім
clever ақылды	more clever ақылдырақ	the most clever ең ақылды
beautiful әдемі	more beautiful әдемірек	the most beautiful ең әдемі

III. Ережеге бағынбайтын жағдай:

good жақсы	better жақсырақ	the best ең жақсы
bad жаман	worse жаманырақ	the worst ең жаман
many / much көп	more көбірек	the most ең көп
little аз	less азырақ	the least ең аз
far ұзақ	farther ұзағырақ	the farthest ең ұзақ

Мысалдар:

I. a) Nurbol is **tall**.

Нұрбол ұзын.

ә) Nurbol is **taller** than Zhandos.

Нұрбол Жандостан ұзынырақ.

б) Nurbol is **the tallest** of all his friends.

Нұрбол достарының бәрінен ұзын.

II. a) I'm **happy**.

Мен бақыттымын.

ә) I'm **happier** than him.

Мен одан бақыттырақпын.

б) I'm **the happiest person** in the world.

Мен – дүниедегі ең бақытты адаммын.

III. a) She is **patient**.

Ол - сабырлы.

ә) She is **more patient** *than* our teacher.

Ол біздің мұғалімнен сабырлылау.

б) She is **the most patient teacher** *at our faculty*.

Ол – біздің факультеттегі ең сабырлы мұғалім.

IV. a) Her voice is **good**.

Оның дауысы жақсы.

ә) Her voice is **better** *than* mine.

Оның дауысы менікінен жақсырақ.

б) Her voice is **the best** *in* our group.

Оның дауысы – біздің топта ең жақсы дауыс.

V. a) Aktau is **far** to Almaty.

Ақтау Алматыдан алыс.

ә) Aktau is **farther** to Almaty than Kyzyl-Orda.

Ақтау Алматыдан Қызыл-Ордаға қарағанда алыстау.

б) Aktau is one **the farthest** cities to Almaty.

Ақтау - Алматыдан ең алыс қалалардың бірі.

Exercise 43. Translate the following sentences into Kazakh:

1. Travelling by train is **cheaper** than travelling by bus.
2. Arailym is **the most beautiful** girl at our faculty.
3. This house is **larger** than ours.
4. February is **the coldest** month of the year.
5. He is one of **the richest man** in the world.
6. A Ferrari is **more expensive** than a Mercedes.
7. The exam was **more difficult** than we expected.
8. She is **taller** than her husband.
9. He's **the laziest** student in our group.
10. Which is **the highest mountain** in the world?
11. She is **prettier** than her sister.
12. It's **the worst holiday** we have ever had.
13. Almaty is **the most crowded city** of Kazakhstan.
14. Who is **the most hardworking student** in your group?
15. The poor are usually **more generous** than the rich.

Exercise 44. Use the Comparative or Superlative Degrees.

1. Arabic is ... (difficult) than English.
2. Victoria is ... (attractive) girl at our faculty.
3. Is London ... (big) than Paris?
4. Jack is ... (stingy) than his brother.
5. China is ... (populous) country in the world.
6. It's ... (boring) programme we have ever watched.
7. Malika's English is ... (bad) than Madina's.
8. Mr Baker is ... (intelligent) man I know.
9. Sholpan is ... (hardworking) student in our class.
10. This is ... (good) washing powder I have ever used.
11. I think Chinese is ... (difficult) of all the languages in the world.
12. Is Raymond ... (generous) than his father?
13. Marmaris is ... (exciting) city I have ever been to.
14. Diamond is ... (valuable) than gold.
15. Mr Mukatai is ... (cheerful) teacher in our department.
16. Mrs Dosymova is ... (modest) of all the teachers at our university.
17. Today the weather is ... (good) than yesterday.
18. It's ... (boring) novel I have ever read.
19. A Niva is ... (comfortable) car he has ever driven.
20. Travelling by bus is ... (economical) than travelling by train.

Exercise 45. Translate the following sentences into English:

1. Ол – біздің университеттегі ең сұлу жігіт.
2. Менің сөздігім сенікінен арзандау.
3. Бұл пәтер біздікінен кішірек.
4. Балалық шақ – өмірдегі ең бақытты шақ.
5. Ол әйелінен қысқарак.
6. Мерседес Феррариден арзанырақ.
7. Шілде - жылдың ең ыстық айы.
8. Ерсұлтан – мен бүгінге дейін көрген ең еңбекқор студент.
9. Немісше қытайшадан оңайлау.
10. Ніл – әлемдегі ең ұзын өзен.

REPITITION OF COMPARATIVES (САЛЫСТЫРМАЛЫ ШЫРАЙЛАРДЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫ)

I. Бір буынды және 'e' әрпімен аяқталған сын есімдер

get (become) + сын есім + er and сын есім + er

II. Екі және екіден көп буынды сын есімдер

get (become) + more and more + сын есім

Мысалдар:

The world is getting smaller and smaller.

Жер жүзі барған сайын кішірейіп бара жатыр.

The exams are getting more and more difficult.

Емтихандар барған сайын қиындап бара жатыр.

I'm getting fatter and fatter. I should go on a diet.

Мен барған сайын семіріп бара жатырмын. Диета ұстауым керек.

The house rents are getting more and more expensive.

Пәтерақылары барған сайын қымбаттап бара жатыр.

The patient is getting thinner and thinner.

Пациент барған сайын арықтап бар жатыр.

She was getting farther and farther from her friends.

Ол барған сайын достарынан қашықтап бар жатыр.

He was getting richer and richer, but he didn't change at all.

Ол барған сайын байып бара жатты, бірақ еш өзгермеді.

They are getting more and more selfish.

Олар барған сайын өзімшіл болып бара жатыр.

Exercise 46. Translate the following sentences into English:

1. Ауа-райы барған сайын суып бара жатыр.
2. Атамның денсаулығы күннен-күнге жақсарып келе жатыр.
3. Сендер барған сайын жалқау боп бара жатырсыңдар.
4. Соңғы кездерде жұмыс табу қиындап бара жатыр.
5. Оның әжесінің денсаулығы барған сайын нашарлап бара жатыр.
6. Мәселе күннен күнге күрделеніп барады.
7. Азық-түліктер барған сайын қымбаттап бара жатыр.
8. Балалар күннен-күнге бұзық боп бара жатыр.
9. Ол барған сайын тәжірибелі болуда.
10. Олар барған сайын сараңданып бара жатыр.

ADVERBS (ҮСТЕУЛЕР)

Қазақ тілінде сын-қимыл үстеулері әр түрлі жасалады. Ағылшын тілінде болса, сын-қимыл үстеулері сын есімдерге - *ly* жалғауы жалғануы арқылы жасала отырып, *қалай?* деген сұраққа жауап береді.

сын есімдер	үстеулер
bad	badly
shy	shyly
careful	carefully
patient	patiently
successful	successfully
happy	happily
angry	angrily
easy	easily
noisy	noisily

Ережеден тыс:

good	well (goodly)
fast	fast (fastly)
hard	hard (hardly)

The exam questions were **easy**.

We translated the text **easily**.

The boss was **angry** yesterday.

The boss looked at us **angrily**.

Our dean is a very **patient** person.

The dean listened to us **patiently**.

Jack is a **careless** driver.

Jack always drives **carelessly**.

Jane is a very **good** cook.

Jane cooks **very well**.

Be **quick**.

Come **quickly**.

Be **careful**.

Listen to me **carefully**.

Be **patient**.

Listen to the students **patiently**.

Емтихан сұрақтары оңай ма?

Біз мәтінді оңай аудардық.

Бастық кеше ашулы еді.

Бастық бізге ашуланып қарады.

Біздің декан – өте сабырлы кісі.

Декан бізді сабырлы пішінде тыңдады.

Джек – ұқыпсыз шофер.

Джек әрдайым машинаны ұқыпсыз айдайды.

Джейн – өте жақсы аспаз.

Джейн тамақты өте жақсы пісіреді.

Тез бол!

Тез кел!

Мұқият болындар!

Мені мұқият тыңдандар!

Сабырлы бол!

Студенттерді сабырлы түрде тыңда!

Exercise: 47. Cross out the wrong one.

1. Sheila is a ... (careful / carefully) typist.
2. She looked at us ... (sad / sadly).
3. This arm-chair is very ... (comfortable / comfortably).
4. Are you ... (angry / angrily) with me?
5. Does your boss speak Spanish ... (fluent / fluently)?
6. You look very ... (sad / sadly). What's wrong with you?
7. Ann: How are you? Laura: Thank you, I'm very ... (good / well).
8. He opened the door ... (slow / slowly) and took his seat.
9. Robert always drives ... (dangerous / dangerously).
10. Barbara is a ... (quiet / quietly) student.
11. Our manager's English is ... (terrible / terribly).
12. They were late for class. They entered the classroom ... (quiet / quietly).
13. Mr Brown always dresses ... (smart / smartly).
14. You must study ... (hard / hardly), or else you will fail the exam.
15. He studied hard for the exam, so he could answer the questions ... (easy / easily).
16. We had a ... (good / well) holiday.
17. He is a gentleman. He is always ... (polite / politely) to everybody.
18. She usually sings well. But she sang ... (bad / badly) at the concert.
19. Our rector's English is ... (fluent / fluently).
20. Pop drummers always play ... (loud / loudly).

Exercise: 48. Translate the following sentences into English:

1. Шэрон Стоун – өте әдемі актриса.
2. Зейнеп іс-хаттарын ағылшыншаға оңай аудара алады.
3. Менің анам – өте жақсы аспаз.
4. Әпкемнің қайын сіңлісі өте әдемі би билейді.
5. Алдымен оңай сұрақтарға жауап беріңіздер.
6. Олар әнді өте жақсы айтады.
7. Мені күтіндер. Мен тез шығамын.
8. Нұрлыбек – өте сыпайы жігіт.
9. Ерлан жылдам жүгіре ала ма?
10. Мен кейде оны түсінбеймін.

DEGREES OF ADVERBS (ҮСТЕУЛЕРДІҢ ШЫРАЙЛАРЫ)

Positive Degree (Жай шырай)	Comparative Degree (Салыстырмалы шырай)	Superlative Degree (Күшейтпелі шырай)
сын-қимыл үстеуі slowly carefully quickly	more +сын-қимыл үстеуі more slowly more carefully more quickly	the most + сын-қимыл үстеуі the most slowly the most carefully the most quickly
Ережеден тыс:		
well жақсы	better жақсырақ (жақсылау)	the best ең жақсы
badly жаман	worse жаманырақ (жамандау)	the worst ең жаман
fast жылдам	faster жылдамырақ (жылдамырақ)	the fastest ең жылдам

Мысалдар:

- I. a)** Richard drives a car **carefully**. Ричард машинаны мұқият айдайды.
- ә) Richard drives **more carefully** than Robert. Ричард машинаны Роберттен мұқияттай айдайды.
- б) Richard drives **the most carefully** of all his friends. Достарының ішінде машинаны ең мұқият Ричард айдайды.
- II. a)** Diana cooks **well**. Диана тамақты жақсы пісіреді.
- ә) Diana cooks **better** than Jane. Диана тамақты Джейнге карағанда жақсырақ пісіреді.
- б) Diana cooks **the best** in our hostel. Жатақханамызда тамақты ең жақсы Диана пісіреді.
- III a)** John runs **fast**. Джон жылдам жүгіреді.
- ә) John runs **faster** than Jack. Джон Джектен жылдамырақ жүгіреді.
- б) John runs **the fastest** of all his classmates. Сыныптастарының ішінде ең жылдам Джон жүгіреді.

**DEGREES OF NOUN DETERMINERS
(ЗАТ ЕСІМ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ШЫРАЙЛАРЫ)**

Positive Degree (Жай шырай)	Comparative Degree (Салыстырмалы шырай)	Superlative Degree (Күшейтпелі шырай)
a lot of / many + зат есім көп	more + зат есім көптеу (көбірек)	the most + зат есім ең көп
a lot of / much + зат есім көп	more + зат есім көптеу (көбірек)	the most + зат есім ең көп
few + зат есім аз	fewer + зат есім аздау (азырақ)	the fewest + зат есім ең аз
little + зат есім аз	less + зат есім аздау (азырақ)	the least + зат есім ең аз

Мысалдар:

- I. a) Nurai has got a lot of (many) dresses.** Нұрайдың көп көйлегі бар.
 ә) Nurai has got **more dresses than** Arai. Нұрайдың Арайдан көбірек көйлегі бар.
 б) Nurai has got the most dresses *of all* her friends. Достарының ішінде ең көп Нұрайдың көйлегі бар.
- II. a) You have a lot of (much) free time.** Сенің көп бос уақытың бар.
 ә) You have **more free time than** me. Сенің менен көбірек бос уақытың бар.
 б) You have **the most free time of all** us. Ішімізде ең көп сенің бос уақытың бар.
- III. a) Moldir has got few lessons this term.** Мөлдірдің бұл семестрде аз сабағы бар.
 ә) Moldir has got **fewer lessons than** Marzhan this term. Мөлдірдің бұл семестрде Маржаннан азырақ сабағы бар.
 б) Moldir has got **fewest lessons of all my classmates** this term. Бұл семестрде топтағы достарымның ішінде ең аз Мөлдірдің сабағы бар.
- IV. a) Tom has got little money in the bank** Томның банкіде аз ақшасы бар.
 ә) Tom has got **less money in the bank than** John. Томның банкіде Джоннан аздау ақшасы бар.
 б) Tom has got **the least money in the bank of all** his friends. Достарымның ішінде банкіде Томның ең аз ақшасы бар.

EQUALITY in ADJECTIVES, ADVERBS and NOUN DETERMINERS
(СЫН ЕСІМДЕР, ҮСТЕУЛЕР және ЗАТ ЕСІМ КӨРСЕТКІШТЕРІНДЕ ТЕҢЕУ)

I. EQUALITY in ADJECTIVES (СЫН ЕСІМДЕРДЕ ТЕҢЕУ)

as + сын есім **as + бастауыш**

Kazakh is **difficult**.

Kazakh is **as difficult as Arabic**.

Қазақша қиын.

Қазақша арабшадай қиын.

England isn't **big**.

England isn't **as big as Russia**.

Англия үлкен емес.

Англия Ресейден үлкен емес.

Is ruby **valuable**?

Is ruby **as valuable as gold**?

Жақұт құнды ма?

Жақұт алтындай құнды ма?

Exercise: 49. Translate the following sentences into Kazakh:

1. Her sister is **as beautiful as a film star**.
2. Today the weather isn't **as cold as yesterday**.
3. Is the Kazakhstan Hotel **as expensive as the Otyrar Hotel**?
4. My boss's house is **as big as a palace**.
5. The Amazon isn't **as long as the Nile**.
6. Are you **as hardworking as your sister**?
7. Her brother is **as strong as Arnold Schwarzenegger**.
8. His salary isn't **as high as his wife's**.
9. Is Balkhash Lake **as deep as Lake Baikal**?
10. Your arm-chair isn't **as comfortable as the boss's**.

Exercise: 50. Translate the following sentences into English:

1. Оның күйеуі Билл Гэйтстей бай.
2. Астана Алматыдай үлкен емес.
3. Арабша қытайшадай қиын ба?
4. Біздің мұғаліміз Дженнифер Лопестей әдемі.
5. Джек Давидтей күшті емес.
6. Тойота Мерседестей қымбат па?
7. Олардың ас бөлмесі біздің қонақ күтетін бөлмедей кең.
8. Күміс алтындай құнды емес.
9. Азамат ағасындай табысты ма?
10. Назгүл әпкесіндей сараң емес.

II. EQUALITY in ADVERBS (ҮСТЕУЛЕРДЕ ТЕҢЕУ)

as + үстеу

as + бастауыш + (көм. етістік)

Arman speaks English **fluently**.

Арман ағылшынша еркін сөйлейді.

Arman speaks English **as fluently as his English teacher**.

Арман ағылшын тілінде ағылшын пәні мұғаліміндей еркін сөйлейді.

Мысалдар:

Maral dances **as beautifully as her ballet teacher**.

Марал балет мұғаліміндей әдемі би билейді.

My cousin runs **as fast as Pele**.

Белем Пеледей жылдам жүгіреді.

He doesn't work **as hard as his father**.

Ол әкесіндей қатты жұмыс істемейді.

Can Azhar play chess **as well as her brother**?

Ажар шахматты ағасындай жақсы ойнай ала ма?

III. EQUALITY in NOUN DETERMINERS (ЗАТ ЕСІМ КӨРСЕТКІШТЕРІНДЕ ТЕҢЕУ)

as + many / much + зат есім

as + бастауыш + (көм. етістік)

I have got **a lot of (many) books**.

Менің көп кітабым бар.

I have got **as many books as a scientist**.

Менің *бір ғалымдай* көп кітабым бар.

I haven't got **much free time**.

Менің көп бос уақытым жоқ.

I haven't got **as much free time as you**.

Менің *сендей* көп бос уақытым жоқ.

Мысалдар:

We went fishing yesterday. I caught **as many fish as my brother (did)**.

Кеше балық аулауға бардық. Мен ағамдай көп балық ауладым.

She is an engineer, too. But she doesn't get **as much salary as her husband (does)**.

Ол да – инженер, бірақ күйеуіндей көп айлық алмайды.

I haven't got **as many foreign friends as Aigerim (has)**.

Менің Әйгерімдей көп шетелдік досым жоқ.

Mira didn't spend **as much money as her sister** during summer holidays.

Мира жазғы демалыста әпкесіндей көп ақша жаратқан жоқ.

TEST on ADJECTIVES / ADVERBS and NOUN DETERMINERS

1. **Spanish is ... than French.**
A. as easy B. easy C. the easiest D. easier
2. **A train is ... than a bus.**
A. comfortabler B. more comfortable C. as comfortable D. comfortable
3. **Australia is ... continent in the world.**
A. small B. smaller C. as small as D. the smallest
4. **Abzal swims ... of all his friends.**
A. faster B. as fast as C. the fastest D. fast
5. **Do you type ... than your sister?**
A. carefully B. more careful C. less careful D. more carefully
6. **Men don't live ... women.**
A. longer B. as long C. as long as D. longest
7. **It's ... novel I've ever read.**
A. interesting B. less interesting C. more interesting D. the most interesting
8. **Dinara doesn't speak Russian as ... as her sister.**
A. better B. good C. well D. goodly
9. **Bob has got ... than Mike.**
A. fewer books B. few books C. less books D. many books
10. **Today the weather is ... than yesterday.**
A. cold B. the coldest C. as cold D. colder
11. **This apple-pie tastes more delicious ... the one you made yesterday.**
A. of all B. as C. than D. among
12. **I think climbing is ... than swimming.**
A. the most dangerous B. more dangerous C. as dangerous D. much dangerous
13. **I arrived ... than them.**
A. as early B. earlier C. early D. very early
14. **This hotel is ... the Eiffel Tower.**
A. as high B. higher C. as high as D. very high
15. **Gulnaz cooks ... than her sister.**
A. good B. better C. well D. as well as
16. **David is not ... polite ... his brother.**
A. as / as B. less / as C. the / most D. more / as
17. **A kangaroo jumps ... of all animals.**
A. the highest B. higher C. the higher D. very high
18. **Almaty is ... city we have ever been to.**
A. the beautiful B. more beautiful C. less beautiful D. the most beautiful

19. Hills aren't ... high ... mountains.
A. less / as B. more / as C. the / most D. as / as
20. Diana sang ... of all the contestants.
A. better B. good C. the best D. well
21. Does Sheila type as ... as Barbara?
A. quick B. quickly C. more quickly D. less quickly
22. Mr Baker is ... person I know.
A. more intelligent B. less intelligent C. the most intelligent D. very intelligent
23. The food was really bad. It was ... than the food I cooked for the first time.
A. the worst B. worse C. badly D. bad
24. Who is ... person in your country?
A. rich B. richer C. as rich as D. the richest
25. Can a cat run ... than a rabbit?
A. fast B. as fast C. faster D. fastly
26. There are ... people in Russia than in China.
A. the most B. less C. more D. fewer
27. I went to bed late last night. My roommates went to bed ... than me.
A. later B. the latest C. lately D. very lately
28. Saule translated the article ... than other students.
A. more easily B. the most easily C. very easily D. easy
29. Michael has got ... free time than you (have).
A. the most B. less C. the least D. fewer
30. I think mathematics is ... than chemistry.
A. more difficult B. the most difficult C. very difficult D. as difficult
31. My niece won the grand prize in the competition by answering ... questions.
A. the least B. less C. the most D. fewer
32. Health is ... important ... wealth.
A. so / as B. more / than C. the most / of all D. fewer / than
33. Hillary is ... successful ... her colleagues.
A. more / as B. much / than C. the most / of all D. fewer / than
34. The final question was ... difficult of all the questions in the competition.
A. more B. less C. much D. the most
35. Erzhan can run five kilometres an hour. But Serik can run ... than him.
A. as far B. the farthest C. very far D. farther

ARTICLES (АРТИКЛЬДЕР)

Ағылшын тілінде әдетте зат есімдердің алдынан артикль қолданылады. Артикльдер–зат есімдердің алдына қойылатын қызметші сөздер. Артикльдердің дербес лексикалық мағынасы жоқ, олар тек зат есімдердің тіркесе отырып, олардың грамматикалық белгісі ретінде ғана қолданылады. Сондықтан ағылшын тілінің грамматикалық құрылысында артикльдер ерекше орын алып, затқа қосымша сипаттама, қосымша ақпарат береді. Қазақ тілінде артикльдер жоқ. Артикльдер белгілілік және белгісіздік ұғымдарының көрсеткіші болып саналады, сондай-ақ белгілілік артикль (the **Definite Article**) және белгісіздік артикль (the **Indefinite Article**) болып екіге бөлінеді.

THE INDEFINITE ARTICLE (БЕЛГІСІЗДІК АРТИКЛІ)

A / an белгісіздік артикль белгісіздік мағынаны білдіріп, саналатын зат есімдердің (countable nouns) тек жекеше түрімен қолданылады. Жазылуымен қатар, оқылуы да дауыссыз дыбыспен басталған сөздермен **a** белгісіздік артикль қолданылады. Сондай-ақ, жазылуымен қатар, оқылуы да дауысты дыбыспен басталған сөздермен **an** белгісіздік артикль қолданылады. Мысалы:

1) Дауыссыз дыбыспен басталатын сөздерге мысалдар:

a book	a student
a mosque	a dictionary
a university	a uniform
a union	a European
a famous writer	a beautiful girl

2) Дауысты дыбыспен басталатын сөздерге мысалдар:

an apple	an orange
an umbrella	an elephant
an engine	an inspector
an hour	an heir
an honest man	an ugly prince

БЕЛГІСІЗДІК АРТИКЛІ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ҚОЛДАНЫЛАДЫ:

I. Бір зат (нәрсе немесе кісі) туралы алғаш рет әңгіме қозғалғанда, яғни ол туралы бұрыннан хабарымыз болмаған жағдайда немесе затқа байланысты нақтылық көрсетілмеген жағдайда, **a/an** белгісіздік артикль қолданылады.

Мысалы:

This is an apple .	Мынау – алма.
That is a pear .	Анау – алмұрт.
I met an Englishman at the wedding.	Мен тойда бір ағылшынмен таныстым.
We saw a bear in the forest.	Біз орманда аю көрдік.
It is an interesting film .	Бұл – қызық кино.
He is a very hospitable man .	Ол – өте қонақжай кісі.
She works in a factory .	Ол бір фабрикада жұмыс істейді.
Write a composition about your friend.	Досыңыз туралы шығарма жазыңыз.

II. A / an белгісіздік артиклі бір кісінің мамандығы немесе қызметі туралы сөз қозғалғанда қолданылады. Мысалы:

Meruert is **a nurse**.

Меруерт – медбике.

Mukhtar is **an engineer**.

Мұхтар – инженер.

His fiancée is **a good lawyer**.

Оның қалыңдығы – жақсы адвокат.

Saken's father-in-law is **a manager**.

Сәкеннің қайынатасы – директор.

Mr Nurakhmetov is **a dean**.

Нұрахметов мырза – декан.

ЕСКЕРТУ: Егер кісінің мамандығы немесе қызметі айқындаушы роль атқарып тұрған жағдайда **the** белгілілік артиклі қолданылады. Мысалы:

Saken's father-in-law is **the manager** of the "Kazygurt" Hotel.

Сәкеннің қайынатасы – “Қазығұрт” қонақүйінің директоры.

Mr Nurahmetov is **the Dean** of the Faculty of International Relations.

Нұрахметов мырза – Халықаралық қатынастар факультетінің деканы.

III. A / an артиклі белгісіздікпен қатар, жалқылық ұғымын білдіріп, заттың жеке скенін көрсету үшін де қолданылады. Мысалы:

She has got **a daughter**.

Оның бір қызы бар.

There is **a hotel** next to the post-office.

Поштаның жанында бір қонақүй бар.

Can I ask you **a question**?

Сізге бір сұрақ қоюға бола ма?

IV. Жекеше түрдегі заттарды жалпылап атауда қолданылады. Мысалы:

A baby must sleep at least twelve hours a day.

Сәби күнде кем дегенде он екі сағат ұйықтау керек.

A child learns a foreign language faster than an adult.

Бала шет тілін ересек кісіден жылдамырақ үйренеді.

A kangaroo jumps the highest of all animals.

Жан-жануарлардың ішінде ең биікке кенгуру секіреді.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:

Саналмайтын зат есімдер ешқашан белгісіздік артиклін қабылдамайды.

Мысалы:

Time is money.

Уақыт – ақша.

Love is blind.

Махаббат – көзсіз көбелек.

Cotton grows in the South of Kazakhstan.

Мақта Қазақстанның оңтүстігінде өседі.

No **news** is good news.

Хабардың болмауы – жақсы хабар.

Life is short, **art** is long.

Өмір – қысқа, өнер – мәңгілік.

Gold is a valuable metal.

Алтын – құнды металл.

Қараңыз: 10-бетте саналмайтын зат есімдердің тізімі берілген.

DEFINITE ARTICLE (БЕЛГІЛІЛІК АРТИКЛІ)

I. 'The' белгілілік артиклі белгілі нәрсе немесе лауазым туралы сөз қозғалғанда қолданылады. Мысалы:

The rector will come at eleven o'clock.	Ректор сағат он бірде келеді.
The children are playing in the garden.	Балалар бақшада ойнап жүр.
Where is the new computer ?	Жаңа компьютер қайда?
Where are the chairs ?	Орындықтар қайда?
Open the windows .	Терезелерді аш.
Wait for the boss .	Бастықты күтіндер.
Did you clean the balcony ?	Балконды тазаладың ба?

II. Заттың аты қайталана отырып, нақтылық, белгілік көрсетілген жағдайда немесе аталған зат туралы бұрыннан хабарымыз болған жағдайда 'the' белгілілік артиклі қолданылады. Бұл ереже қатыстық есімдікті сөйлемдерді де қамтиды. Мысалы:

I bought a blouse and a skirt yesterday. The blouse was expensive and the dress was cheap.	Кеше бір жейде және бір юбка сатып алдым. Жейде қымбат, көйлек арзан еді.
I met a girl at the wedding. The girl was very beautiful.	Мен тойда бір қызбен таныстым. Қыз өте сұлу еді.
We went to the theatre yesterday evening. The play was very interesting.	Біз кеше кешке театрға бардық. Қойылым өте қызықты болды.
The students who won the competition will go to America tomorrow.	Жарыста жүлделі орын алған студенттер ертең Америкаға кетеді.
The bus which goes to the airport runs every twenty minutes.	Әуежайға қатынайтын автобус жиырма минут сайын жүреді.

III. Мұхит, теңіз, өзен, бұғаз, шығанақ, канал, шөл және тау тізбектерінің аттарының алдынан 'the' белгілілік артиклі қолданылады. Мысалы:

the Pacific Ocean	Тынық мұхиты
the Indian Ocean	Үнді мұхиты
the Caspian Sea	Каспий теңізі
the Mediterranean Sea	Жер орта теңізі
the Syrdaria	Сырдария теңізі
the Thames	Темза өзені
the Bosphorus (Strait)	Босфор бұғазы
the Gulf of Mexico	Мексика шығанағы
the Sahara Desert	Сахара шөлі
the Gobi Desert	Гоби шөлі
the Panama Canal	Панама каналы
the Urals	Орал тауы
the Himalayas	Гималай тауы

Ескерту: Жалғыз тау және шың аттарының алдында **'the'** белгілілік артиклі қолданылмайды. Мысалы:

Everest is the highest mountain in the world. Эверест – әлемдегі ең биік тау.

The highest peak of Kazakhstan is **Khan Tengri Peak** in the Tian- Shan Mountains. Қазақстанның ең биік шыңы – Тянь-Шань тауындағы Хан тәңірі шыңы.

IV. Сын есім зат есім ретінде қолданылғанда **'the'** белгілілік артиклі қажет. Мысалы:

The rich cry too. Байлар да жылайды.
We must respect **the old**. Біз қарияларды сыйлауымыз керек.
The injured were taken to hospital. Жаралылар ауруханаға жеткізілді.

V. Отбасының барлық мүшесі туралы айтылғанда да **'the'** белгілілік артиклі қолданылады. Мысалы:

The Johnsons are very rich. Джонсондар өте бай.
He's staying with **the Browns**. Ол Браун отбасымен бірге тұрып жатыр.

VI. Ұлттарда көптік ұғымды көрсету үшін де **'the'** белгілілік артиклі қажет. Мысалы:

The Kazakhs are very hospitable. Қазақтар өте қонақжай.
The Japanese are very hardworking. Жапондар өте еңбекқор.

VII. Аспан, жер, күн, ай сияқты дара кездесетін зат есімдер жайында сөз қозғалғанда, **'the'** белгілілік артиклін қолдануға тура келеді. Мысалы:

The sky is full of black clouds today. Бүгін аспанды қара бұлт қаптап кетіпті.
The Earth travels around the Sun. Жер күнді айналады.
The Sun is a source of light and energy. Күн – жарық және энергия көзі.
The Moon is very far from the Earth. Ай – Жерден өте ұзақ.

VIII. Реттік сан есімдермен бірге де **'the'** белгілілік артиклі қолданылады. Мысалы:

I live on **the third** floor. Мен үшінші қабатта тұрамын.
Can you repeat **the fifth** question? Бесінші сұрақты қайталай аласыз ба?

IX. Сын есімдерді күшейтпелі шырайды көрсету үшін **'the'** белгілілік артиклі қолданылады. Мысалы:

The Nile is **the longest** river in the world. Ніл – әлемдегі ең ұзын өзен.
He is **the most handsome** of all the actors. Ол – актерлердің ішіндегі ең сұлуы.
I'm the happiest person in the world. Мен – әлемдегі ең бақытты жанмын.

X. Күнді (уақытты) білдіру үшін **'the'** белгілілік артиклі қолданылады.

Today is **the twelfth** of December. Бүгін – желтоқсанның он екісі.
His birthday is on **the first** of March. Оның туған күні – наурыздың бірінде.
The Book Fair opens on **the fifth** of May. Кітап көрмесі мамырдың бесінде ашылады.

XI. Музыкалық аспаптардың аттарында **'the'** белгілілік артиклі қолданылады.

He plays **the piano** very well. Ол пианинода өте жақсы ойнайды.
We want to learn to play **the dombra**. Біз домбыра тартуды үйренгіміз келеді.
I can play **the violin**. Мен скрипка тарта аламын.

XII. Саналмайтын зат есімдер негізінен белгілілік артиклін қабылдамайды, бірақ айқындаушы қызметте қолданысында, ‘the’ белгілілік артиклін қажет етеді.

Мысалы:

Milk is essential for small children.

Сүт кішкентай балалар үшін өте маңызды.

The milk on the table is Zeinep’s.

Үстелдің үстінде сүт – Зейнептікі.

Water is necessary for all living things.

Су бүкіл жандылар үшін өте қажетті.

The water in the kettle isn’t hot.

Шәугімдегі су ыстық емес.

XIII. Кинотеатр, театр, қонақүй, кітапхана, мейрамхана, мұражай, галерея, көрме, аурухана, мұнара сияқты зат есімдердің алдында да the қолданылады.

Мысалы:

the Arman Cinema

the Auezov Theatre

the Kazakhstan Hotel

the National Library

the Karatau Restaurant

the Museum of Folk Music Instruments

the Gallery of Modern Art

the Atakent Exhibition

the Royal Hospital

the Eiffel Tower

Артикль қолданылмайтын жағдайлар:

I. Қала, құрлық және мемлекет аттарында:

London is the capital of England.

Лондон – Англияның астанасы.

Australia is the smallest continent in the world.

Австралия – әлемдегі ең кіші құрлық.

Kazakhstan is one of the richest countries in the world.

Қазақстан – әлемдегі ең бай мемлекеттердің бірі.

Ескерту: Кейбір мемлекет аты ‘the’ белгілілік артиклімен қолданылады. Мысалы:

the United States of America

the United Kingdom of England

the Netherlands

the Ukraine

the Republic of Kazakhstan (Turkey...)

the People’s Republic of China

II. Көл, көше, алаң, аллея және парк аттарында:

How deep is **Balkhash Lake**?

Балқаш көлі қаншалықты терең?

I live in **Abai Street**.

Мен Абай көшесінде тұрамын.

Where is **Independence Square**?

Тәуелсіздік алаңы қайда?

Let’s meet on **Samal Avenue** at five o’ clock.

Бесте Самал аллеясында кездесейік!

My house is near **Recreation Park**.

Үйім демалыс саябағының маңында.

III. Ұлт және тіл атауларында:

I’m **Kazakh**.

Мен – қазақпын

They are **English**.

Олар – ағылшын.

We will learn **German** at school this year.

Биыл мектепте немісше үйренеміз.

Chinese is one of the most difficult languages.

Қытайша – ең қиын тілдердің бірі.

IV. Саналмайтын зат есімдерде:

Rice grows in Kyzyl-Orda.

Күріш Қызылордада өседі.

Life is wonderful!

Өмір – тамаша!

Silver isn’t as valuable as gold.

Күміс алтындай құнды емес.

Knowledge is a treasure.

Білім – қазына.

Ескерту: Саналмайтын зат есімдер әдетте артикль қабылдамайды, бірақ айқындаушы қызмет атқарып тұрған кезде белгілілік артиклін қажет етеді. Мысалы:

The rice you brought is very good. Сен әкелген күріш өте жақсы.
The life of a butterfly is very short. Көбелектің өмірі өте қысқа.

V. Көпше түрдегі заттарды жалпылап атағанда:

Women live longer than **men**. Әйелдер еркектерден ұзағырақ өмір сүреді.
Tigers are very savage animals. Жолбарыстар – өте жыртқыш жануарлар.

VI. Спорт және ойын аттарында:

My nephew plays **chess** very well. Жиенім шахматты өте жақсы ойнайды.
My favourite sport is **volleyball**. Менің сүйікті спортым – волейбол.

VII. Have breakfast (lunch, dinner), watch television, on television (on TV) listen to music сияқты сөз тіркестерінде:

Linda is **having breakfast** now. Линда қазір таңғы асын ішіп отыр .
I usually **have lunch** in the canteen. Мен түскі асымды көбінесе асханада ішемін.
Is **dinner** ready? Кешкі ас дайын ба?
Tom's **watching television** now. Том қазір теледидар қарап отыр.
What's **on television (on TV)** tonight? Бүгін кешке теледидарда не бар?
Diana likes **listening to music**. Диана музыка тындағанды ұнатады.

Ескерту:

1. Television сөзі жиһаз аты ретінде қолданылғанда, белгілілік немесе белгісіздік артиклін талап етеді. Мысалы:

There is **a television** in my room. Бөлмемде теледидар бар.
The television is very old. Теледидар өте ескі.

2. Music сөзі, негізінен, белгілілік артиклін қабылдамайды, алайда айқындаушы қызмет атқарып тұрған кезде **'the'** белгілілік артиклі қолданылуы керек.

The music of the film was fascinating. Киноның музыкасы өте тартымды еді.

VIII. School, college, university, mosque, church, hospital, prison, bed сияқты есімдерде кей жағдайларда артикль қолданылмайды. Нақтылап айтқанда, егер кісі **мешіт немесе шіркеуге құдайға құлшылық ету, ауруханаға емделу, түрмеге қылмысын өтеу, мектепке немесе университетке білім алу үшін барған болса**, белгілілік артиклі де, белгісіздік артиклі де қолданылмайды. Егер кісі бұл жерлерге басқа мақсаттармен (яғни *жұмыс істеу, көру* т.б мақсаттармен барса, міндетті түрде **the** белгілілік артиклі қолданылады. Мысалы:

Салыстырыңыз:

–Where is your little brother? – He's **at school**. – Where is your grandfather? – He's **at the school**.

Samantha studies **at university**, in addition she works as a guide in her free time. My uncle works as a history teacher **at the university**.

They're **in mosque** now. They're performing the prayers. The French tourists are **in the mosque**. They are looking around it.

She has been **in hospital** since last week. She has been working **at the hospital** for three years.

Аты аталған зат есімдерде кейде, яғни затқа байланысты нақтылық көрсетілмеген жағдайларда, **a / an** белгісіздік артиклі қолданылады. Мысалы:

My neighbour works **at a school**.

Her sister works as a nurse **at a hospital**.

Назар аударыңыз!!!

Home (үй) және **work** (жұмыс), **class** (сабақ) сияқты сөздермен артикль қолданылмайды. Мысалы:

– Where is your grandmother?

– She is **at home**.

– Where is your father?

– He is **at work**.

– Where is Mrs Saule Zhumaly?

– She is **in class** now.

Exercise: 51. Put in the definite or indefinite articles where necessary.

1. My niece studies in ... United States of America.
2. Her sister is ... air-hostess.
3. We went to the cinema yesterday. ... film was very boring.
4. August is ... eighth month of the year.
5. Akmaral has got ... new car.
6. France and Italy are in ... Europe.
7. Which is ... capital of Germany now? Berlin or Bonn?
8. He is ... manager of the construction company.
9. A giraffe is ... animal.
10. ... students are waiting for the dean to come.
11. Almaty is beautiful city.
12. He can play ... basketball very well.
13. Write ... article about air pollution.
14. ... Volga is one of the longest river in the world.
15. He bought ... bicycle for his son yesterday. ... bicycle is red.
16. Can you play ... violin?
17. I have got ... uncle and three aunts.
18. ... thief who stole my wallet was caught by the police yesterday.
19. We will go for a holiday to ... Alakol Lake this summer.
20. ... Germans are very punctual.
21. ... detective stories are more exciting than love stories.
22. Has she got ... driving licence?
23. – Where is ... key? – It's under the doormat.
24. Honesty is ... best policy.
25. ... students who won the competition were sent to Egypt.

26. What time do you usually have ... breakfast?
27. She lives on ... fifth floor.
28. Have you got ... flat?
29. ... Urals are one of the greatest mountain range in the world.
30. There is ... bookshop next to our university.

Exercise: 52. Put in the definite article (the) where necessary.

1. He goes to ... work six days a week.
2. Mr Parker: Where is the manager? Secretary: He has gone ... home.
3. Her uncle works as an accountant at ... hospital.
4. My aunt is in ... hospital now. He will have an operation next week.
5. He's at ... hospital now. He went there to visit her brother who had an operation.
6. My mother will go to ... school tomorrow to attend the meeting.
7. They go to ... school five days a week.
8. My brother studies at ... university.
9. His son-in-law works at ... university.
10. They usually go to ... church on Sundays.
11. We would like to go to ... church tomorrow to look around it.
12. He walked over to ... bed and sat down on it.
13. I usually go to ... bed late.
14. Her daughter studies at ... Robert College.
15. Mrs Taylor is at ... college now. She went there to learn about her son's grades.
16. He is in ... prison for his debts.
17. Tom is in ... prison now. She went there to visit her a friend of hers.
18. I wasn't at ... home last night.
19. I'm at ... work now. I'll come home late tonight.
20. – Where is Mrs Karlygash Kurmanalieva? – She is in ... class.

TEST on ARTICLES

1. **What is ... biggest city in Kazakhstan?**
A. – B. the C. a D. an
2. **... Astana is the new capital of Kazakhstan.**
A. an B. the C. – D. a
3. **He likes playing ... guitar.**
A. a B. the C. an D. –
4. **... students are in the classroom.**
A. an B. – C. a D. the
5. **... Amazon is a river.**
A. the B. an C. a D. –
6. **Is there anything on ... television tonight?**
A. the B. an C. a D. –
7. **I need ... dictionary.**
A. an B. the C. a D. –
8. **We're looking for ... "Dostyk" Hotel.**
A. a B. the C. an D. –
9. **Can you play ... chess?**
A. – B. the C. a D. an
10. **Where do you usually have ... lunch?**
A. the B. an C. a D. –
11. **... students are happy people.**
A. – B. the C. an D. a
12. **Which is ... best restaurant in Almaty?**
A. – B. the C. an D. a
13. **... life of a butterfly is very short.**
A. – B. a C. an D. the
14. **She likes writing ... letters.**
A. – B. the C. a D. an
15. **My uncle's office is on ... twelfth floor.**
A. – B. an C. the D. a
16. **Is there ... post-office near here?**
A. an B. a C. the D. –
17. **– Where is Julia? – She is in ... bed.**
A. – B. the C. an D. a
18. **She is ... most hardworking student in our group.**
A. a B. – C. an D. the

19. He wants to be ... architect.
A. a B. an C. - D. the
20. You mustn't laugh at ... old. We will be old one day.
A. an B. a C. the D. -
21. Who is ... Minister of Health now?
A. a B. the C. an D. -
22. She plays ... basketball very well.
A. an B. the C. - D. a
23. ... Pacific Ocean is between the USA and Japan.
A. the B. a C. an D. -
24. We have got ... country house in Talgar.
A. an B. a C. an D. the
25. My niece studies in ... USA.
A. an B. a C. - D. the
26. Teacher: Where is Michael? Sheila: He is in ... hospital. He is very ill.
A. - B. the C. a D. an
27. ... Otyrar is a five-star hotel.
A. an B. the C. a D. -
28. ... Nile flows into the Mediterranean Sea.
A. - B. a C. the D. an
29. Put ... milk into the fridge.
A. - B. the C. a D. an
30. Do you think he is ... honest man?
A. the B. - C. a D. an
31. - Where is your mother? - She has gone to ... school.
A. - B. the C. an D. a
32. Mr Atkins went to ... prison this morning to visit his friend.
A. the B. - C. an D. a
33. ... coffee is imported from Brazil.
A. a B. the C. an D. -
34. ... Chinese invented the printing.
A. - B. the C. a D. an
35. ... sun shining today.
A. an B. - C. a D. the

MODAL VERBS (МОДАЛЬ ЕТІСТІКТЕР)

Модаль етістіктер іс-қимылды тікелей білдірмейді. Олар сөйлеушінің іс-қимылға қатысын білдіреді. Ағылшын тілінде модаль етістіктер негізгі етістіктермен (**V1**) немесе тұйық рай формасындағы етістіктермен (**to+V1**) бірге қолданылады.

CAN + V₁

Can + V₁ қабілеттілікті, жасай алу мүмкіншілігін, болжамды, өтінішті және рұқсат сұрауды білдіреді

1) қабілеттілік

She can speak English.

Ол ағылшынша сөйлей алады.

She can't speak English.

Ол ағылшынша сөйлей алмайды.

Can she speak English?

Ол ағылшынша сөйлей ала ма?

Which languages can she speak?

Ол қай тілдерде сөйлей алады?

2) жасай алу мүмкіншілігі

I can translate this article today.

Мен бұл мақаланы бүгін аудар аламын.

I can't translate this article today.

Мен бұл мақаланы бүгін аудар алмаймын.

Can you translate this article today?

Сіз бұл мақаланы бүгін аудар аласыз ба?

When can you translate this article?

Сіз бұл мақаланы қашан аудар аласыз?

3) болжам

We can go to Astana tomorrow.

Біздің ертең Астанаға кетуіміз мүмкін.

We can't go to Astana tomorrow.

Біздің ертең Астанаға кетпеуіміз мүмкін.

Can you go to Astana tomorrow?

Сіздің ертең Астанаға кетуіңіз мүмкін бе?

When can you go to Astana?

Сіздің қашан Астанаға кетуіңіз мүмкін?

4) өтініш

Can you help me?

Сіз маған көмектесе аласыз ба?

Can you lend me some money?

Маған қарызға біраз ақша бере аласыз ба?

5) рұқсат сұрау

Can I ask you a question?

Сізге бір сұрақ қоюға бола ма?

Can I use your telephone?

Телефоныңызды қолдануыма бола ма?

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

I can use a computer very well.

Мен компьютерді өте жақсы қолдана аламын.

Malika can speak four languages fluently.

Малика төрт тілде еркін сөйлей алады.

We can translate this article without a dictionary.

Біз бұл мәтінді сөздіксіз аудар аламыз.

We can move to Almaty this year.

Біз биыл Алматыға көшуіміз мүмкін.

Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

I can't come to tomorrow's meeting.	Мен ертеңгі жиналысқа келе алмаймын.
I can't read his handwriting at all.	Мен оның қол жазуын тіпті оқи алмаймын.
I'm sorry, I can't help you.	Өкінішке орай, сізге көмектесе алмаймын.
I can't promise, but I'll do my best.	Уәде бере алмаймын, алайда қолымнан келгенін жасаймын.

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

Can you translate business letters into German?	Іскерлік хаттарын немісшеге аударасыз ба?
Can they play chess?	Олар шахмат ойнай ала ма?
Can I borrow your dictionary?	Сөздігіңізді ала тұруыма бола ма?
Can you take us to the airport?	Сіз бізді әуежайға апара аласыз ба?

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

How many languages can you speak?	Сіз қанша тілде сөйлей аласыз?
Which musical instruments can she play?	Ол қандай музыкалық аспаптарда ойнай алады?
What time can they leave work today?	Олар бүгін жұмыстан қаншада шыға алады?
How many articles can you translate a day?	Бір күнде қанша мақала аударасыз?

COULD + V₁

Could + V₁ өткен шақта қабілеттілікті, өткен шақта бір істі орындай алу мүмкіншілігін, шындыққа қарама-қайшы мүмкіншілікті және сыпайы өтінішті білдіреді. Мысалы:

I. өткен шақта қабілет

1. He could drive a car when he was fifteen. Ол он бес жасында машина айдай алатын.
2. I couldn't use a computer when I finished high school. Лицейді бітірген кезімде компьютер қолдана алмайтынмын.
3. They could speak three languages fluently when they graduated from university. Олар университетті бітірген кездерінде үш тілде еркін сөйлей алатын.

4. She couldn't speak any Kazakh when she came to Kazakhstan for the first time. Ол Қазақстанға алғаш рет келген кезінде қазақша мүлдем сөйлей алмайтын.

II. өткен шақта жасай алу мүмкіншілігі

1. We could read the Arabic texts easily in class yesterday. Біз кеше дәрісте арабша мәтіндерді оңай оқи алдық.
2. I'm very pleased, because I could translate the article without dictionary. Өте қуаныштымын, өйткені мақаланы сөздіксіз аударар алдым.
3. He couldn't pass the TOEFL exam. Ол TOEFL емтиханынан өте алмады.
4. We couldn't sleep because of the noise last night. Біз кеше түнде айқай-шудан ұйықтай алмадық.

III. шындыққа қарама-қайшы мүмкіншілік

1. If the weather were fine tomorrow, we could go for a picnic. Ертең ауа-райы жақсы болғанда, пикникке бара алатын едік.
2. If Meruert were here, she could translate this article quickly. Меруерт осында болғанда, бұл мақаланы жылдам аударар алушы еді.

IV. сыпайы өтініш

1. Could you lend me some money? Маған қарызға біраз ақша бере аласыз ба?
2. Could you take us to the airport? Бізді әуежайға апара аласыз ба?
3. Could you send us your biography by fax? Өмірбаяныңызды бізге факспен жібере аласыз ба?

MAY + V₁

May + V₁ рұқсат білдіру (яғни рұқсат беру, рұқсат бермеу немесе рұқсат сұрауда) және болжамды білдіру үшін қолданылады. Мысалы:

I. рұқсат беру, рұқсат бермеу, рұқсат сұрау

You **may smoke** on the balcony. Балконда темекі шегуіңізге болады.
You **may not smoke** in here. Бұл жерде темекі шегуіңізге болмайды.
May I smoke in here? Бұл жерде темекі шегуіме бола ма?
Where **may I smoke**? Қайда темекі шегуіме болады?

Еске сақтаңыз: **May + V₁** рұқсат сұрауда өте жиі қолданылады.

May I come in? Кіруіме бола ма?
May we ask you a question? Сізге бір сұрақ қоюға бола ма?

II. болжам

It **may rain** tonight.

Бүгін кешке жаңбыр жаууы мүмкін.

It **may not rain** tonight.

Бүгін кешке жаңбыр жаумауы мүмкін.

Мысалдар:

You may watch TV only when you do your homework.

Үй жұмысында орындап болған соң ғана, теледидар көруіне болады.

You may use these computers whenever you want.

Қалаған уақыттарында мына компьютерлерді қолдануларыңа болады.

I may be late. Don't wait for me.

Мен кешуігім мүмкін. Мені күтпеңдер.

We may go on holiday in July this year.

Биыл демалысқа шілде айында шығуымыз мүмкін.

You may not use dictionaries during the exam.

Емтиханда сөздік қолдануларыңа болмайды.

She may not come to the meeting.

Ол жиналысқа келмеуі мүмкін.

May I come in?

Кіруіме бола ма?

May we leave work early today?

Бүгін жұмыстан ерте шығуымызға бола ма?

MIGHT + V₁

Might модаль етістігі болжам және шындыққа қарама-қайшы мүмкіншілікті білдіру үшін қолданылады.

I. болжам

It **might rain** tonight.

Бүгін кешке жаңбыр жаууы мүмкін.

It **might not rain** tonight.

Бүгін кешке жаңбыр жаумауы мүмкін.

Can және **may** модаль етістіктері де болжамды білдіреді, бірақ **might** оларға қарағанда жүзеге асу мүмкіншілігі өте аз іс-қимылды білдіреді.

Төменде берілген үш сөйлем де қазақ тіліне “Бүгін кешке жаңбыр жаууы мүмкін” деп аударылады. Алайда әрқайсысының жүзеге асу мүмкіншіліктері өзгеше.

It **can rain** tonight. 70-80 % It **may rain** tonight. 50 % It **might rain** tonight. 30 %

II. шындыққа қарама-қайшы мүмкіншілік

If the weather were fine tomorrow, we might go for a picnic.

Ертең ауа-райы жақсы болғанда, пикникке бара алатын едік.

If Meruert were here, she might translate this article quickly.

Меруерт осында болғанда, бұл мақаланы жылдам аударушы еді.

Мысалдар:

I <u>might visit</u> my grandparents next Sunday.	Мен келесі жексенбіде ата-әжеме баруым мүмкін.
They <u>may sell</u> their house.	Олар үйлерін сатуы мүмкін.
We <u>might go</u> to Taraz next week.	Біз келесі аптада Таразға баруымыз мүмкін.
It <u>might snow</u> tomorrow afternoon.	Ертен түстен кейін қар жаууы мүмкін.
We <u>might not go</u> to the course tomorrow.	Біз ертең курсқа баруымыз мүмкін.
They <u>might not come</u> to the wedding.	Олар тойға келмеуі мүмкін.
It <u>might not rain</u> tonight.	Бүгін кешке жаңбыр жаумауы мүмкін.
He <u>might not go</u> to Italy for his holiday this year.	Ол биыл демалысқа Италияға бармауы мүмкін.

MUST + V₁

Must + V₁ қажеттілік, міндеттілікті, парызды білдіру үшін қолданыла отырып, қазақ тіліне жасауы керек деп аударылады. Болымсыз сөйлемдерде әдетте тыйым салуды білдіру үшін қолданылады. Мысалы:

You must use this entrance.	Сендердің бұл есікті қолдануларын керек.
You mustn't use this entrance.	Сендердің бұл есікті қолданбауларын керек.
Must we use this entrance?	Біздің бұл есікті қолдануымыз керек пе?
Which entrance must we use ?	Біздің қай есікті қолдануымыз керек?

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

We <u>must always</u> tell the truth.	Біз әрқашан шындықты айтуымыз керек.
I <u>must study</u> for the exam this weekend.	Бұл аптаның соңында емтиханға дайындалуым керек.
We <u>must buy</u> the tickets for the concert in advance.	Концертке билетті алдын ала сатып алуымыз керек.
They <u>must pay</u> their house rent by the end of this week.	Олар пәтерақыларын бұл аптаның соңына дейін төлеулері керек.
He <u>must take</u> this medicine three times a day.	Ол мына дәріден күніне үш рет ішуі керек.

Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

You <u>mustn't speak</u> loudly in the library.	Сендердің кітапханада дауыстап сөйлеспеулерің керек.
You <u>mustn't drive</u> too fast.	Сенің тым жылдам машина айдамауың керек.
I <u>mustn't be late</u> for work, otherwise the boss will fire me.	Жұмысқа кешікпеуім керек, әйтпесе бастық жұмыстан шығарып жібереді.
You <u>mustn't speak</u> to each other during the exam.	Сендер емтиханда бір-біріңізбен сөйлеспеулерің керек.
We <u>mustn't make a noise</u> , otherwise the neighbours will make a complaint.	Шуламауымыз керек, әйтпесе көршілер шағым жасайды.

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

Must you go to work on Saturdays?	Сенбі күндері жұмысқа баруыңыз керек пе?
Must he stay in the hostel every day?	Ол күнде жатақханада қалуы керек пе?
Must I prepare the dinner every day?	Күнде кешкі тамақты дайындауым керек пе?
Must we enter the TOEFL exam?	TOEFL емтиханына кіруіміз керек пе?
Must we fill in the form in block letters?	Мына форманы үлкен әріптермен толтыруымыз керек пе?

Interrogative Sentences (Сұраулы сөйлемдер):

Which exams must I enter?	Қандай емтихандарға кіруім керек?
How many hours must a baby sleep a day?	Сәби күніне қанша сағат ұйықтауы керек?
Which days of the week must you go to the course?	Курсқа аптаның қай күндері баруларың керек?
What time must you be at the airport?	Әуесжайда сағат қаншада болуыңыз керек?
When must she hand in her thesis?	Ол диссертациясын қашан өткізуі керек?

SHOULD + V₁

Should + V₁ ақыл-кеңес беруде, қазақ тіліне «жасауы керек» деп аударылады, бірақ ‘жасағаны жөн’ деген мағынасы да бар. Тіл үйренушілер бұл модаль етістікті көбінесе **must** модаль етістігімен шатастырады. **Must + V₁** қажеттілікті, міндеттілікті және парызды білдіру үшін қолданылады, **should + V₁** болса, ақыл-кеңес беруде қолданылады. Мысалы:

You **should go** on a diet.

Сіздің диета ұстауыңыз керек.

You **shouldn't go** on a diet.

Сіздің диета ұстамауыңыз керек.

Should I go on a diet?

Менің диета ұстауым керек пе?

What kind of diet **should I go**?

Менің қандай диета ұстауым керек?

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

I'm very tired. I should rest for a while.

Қатты шаршап тұрмын. Біраз демалуым керек.

He should pay his debt back to bank this month.

Оның бұл айда банкке қарызын төлеуі керек.

We should keep our hostel clean.

Жатақханамызды таза ұстауымыз керек.

She should see the optician soon.

Оның жақын уақытта көз дәрігеріне көрінуі керек.

You should consult a lawyer about this matter.

Сіздің бұл мәселе бойынша бір адвокатпен кеңесуіңіз керек.

Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

Parents shouldn't spoil their children very much.

Ата-аналар балаларын қатты сркелетпеуі керек.

You shouldn't eat fatty meals.

Сізге майлы тамақтар жеуге болмайды.

The children shouldn't watch TV too much.

Балалар көп теледидар караулары керек.

I'm getting fat. I shouldn't eat too much.

Мен семіріп бара жатырмын. Көп тамақ жемеуім керек.

You shouldn't wear that dress. It doesn't suit you at all.

Сенің ол көйлекті кимеуің керек. Ол саған тіптен жараспайды.

HAD BETTER + V₁

Had better + V₁ кеңес беруде қолданылады отырып, қазақ тіліне «істегені дұрыс (жөн)» деп аударылады. Мысалы:

We had better <u>tell</u> him the truth.	Оған шындықты айтқанымыз дұрыс.
We had better <u>not tell</u> him the truth.	Оған шындықты айтпағанымыз дұрыс.
Had we better <u>tell</u> him the truth?	Оған шындықты айтқанымыз дұрыс па?
When had we better <u>tell</u> him the truth?	Оған шындықты қашан айтқанымыз дұрыс?

Affirmative Sentences (Болымды сөйлемдер):

We had better <u>hurry</u> , or we will be late for class.	Асықсақ дұрыс болады, әйтпесе сабаққа кеш қаламыз.
You had better <u>finish</u> your homework instead of watching TV.	Теледидидар қарағанның орнына, үй жұмысыңды бітіргенің жөн болады.
We had better <u>take</u> a taxi, or we will be late for the concert.	Таксиге мінгеніміз дұрыс болады, әйтпесе концертке кеш қаламыз.
You had better <u>explain</u> it to the chairman of your department.	Мұны бөлім меңгерушіңізге түсіндірсеңіз дұрыс болады.
I had better <u>lose</u> some weight, or I can't get on my trousers soon.	Арықтасам жөн болады, әйтпесе жақында шалбарларым сыймай қаламын.

Negative Sentences (Болымсыз сөйлемдер):

You had better <u>not disturb</u> him.	Оны мазаламағаныңыз дұрыс болады.
We had better <u>not miss</u> the lessons.	Сабақтардан қалмасак дұрыс болады.
You had better <u>not drive</u> in the snow. It's very dangerous.	Қарда машина айдамасаң дұрыс болады. Бұл өте қауіпті.
We had better <u>not park</u> here.	Машинаны мұнда қоймасак дұрыс болады.
You had better <u>not sell</u> your flat. The flats will be expensive soon.	Пәтерінді сатпағаның дұрыс. Жақында пәтерлер қымбаттайды.

NEEDN'T + V₁

Needn't + V₁ тек қана болымсыз сөйлемдерде қолданыла отырып, қазақ тіліне «керек емес (қажет емес), керегі жоқ (қажеті жоқ)» деп аударылады. Мысалы:

We **needn't hurry**, because we have got a lot of time.

Асығуымызға керек жоқ, өйткені көп уақытымыз бар.

Мысалдар:

I **needn't buy** a dictionary, because my sister has got a lot of dictionaries. Менің сөздік сатып алуымның қажеті жоқ, себебі әпкемнің көп сөздігі бар.

He **needn't attend** lessons every day, but he has to pass the exams. Оның күнде сабаққа баруы керек емес, бірақ емтихандардан өтуге тиісті.

She is thin, so she **needn't go** on a diet. Ол арық, сондықтан диета ұстауы қажет емес.

He **needn't work**, because his father is a millionaire. Оның жұмыс істеуіне керегі жоқ, себебі әкесі – миллионер.

You **needn't attend** this conference. Сендердің бұл конференцияға қатысуларына керек жоқ.

DAREN'T + V₁

Daren't + V₁ тек қана болымсыз сөйлемдерде қолданылады және қазақ тіліне «батылы жетпейді, дәті бармайды» деп аударылады.

Мысалы:

I **daren't drive** in the fog. Менің тұманда машина айдауға батылым жетпейді.

Мысалдар:

He can swim in the pool, but he **daren't swim** in the sea. Ол бассейнде жүзе алады, бірақ теңізде жүзуге батылы жетпейді.

She **daren't cheat** in the exam. Оның емтиханда біреуден көшіруге батылы жетпейді.

I **daren't tell** a lie to my parents. Менің ата-анама өтірік айтуға батылым жетпейді.

She **daren't go out** alone in the evening. Оның кешке көшеге жалғыз шығуға батылы жетпейді.

They **daren't give** their opinion frankly. Олардың пікірлерін ашық айтуға батылдары жетпейді.

WOULD + V₁

Would + V₁ өткен шақта дағдылы орындалып, ал қазір орындалмайтын іс-қимылдарды білдіру үшін қолданылады. Бірақ бұл сөйлемдерде өткен шақтың мезгіл көрсеткіштері міндетті түрде қолданылуы қажет. **Would + V₁** мұнымен қатар сыпайы өтінішті білдіруде де қолданылады.

I. өткен шақта дағдылы орындалған істер

He would smoke a lot in the past.

Ол бұрын көп темекі шегетін.

She would sing English songs at the concerts when she studied at high school.

Ол лицейде оқып жүрген кезінде концерттерде ағылшынша әндер айтатын.

II. сыпайы өтініш

Would you complete this form?

Мына бланкті толтырып жібересіз бе?

Would you give us some information about your university?

Бізге университетіңіз жайында мағлұмат бересіз бе?

WOULD RATHER + V₁

Would rather + V₁ қалауды, артық санаушылықты білдіреді және қазақ тіліне “қалайды, артық санайды” деп аударылады.

Мысалдар:

I would rather swim than play tennis.

Теннис ойнағанша, жүзгенді қалаймын.

We would rather tell him the truth than tell a lie.

Оған өтірік айтқанша, шындықты айтқанымыз артық.

I would rather not tell her the truth for now.

Оған әзірше шындықты айтпағанды қалаймын.

He would rather walk to work rather than take a bus.

Ол автобуска мінгеннен гөрі, жұмысқа жаяу барғанды қалайды.

BE ABLE + to +V₁

I. Am / is / are able to +V₁ = can + V₁

Am / is / are able + V₁ модаль етістігі осы шақта қабілеттілікті және де жасай алу мүмкіншілігін білдіреді, бірақ жиі қолданылмайды. **Can + V₁** модаль етістігі **am / is / are able + V₁** модаль етістігіне қарағанда ауқымдырақ. **Can + V₁** қабілеттілік және істей алу мүмкіншілігімен қатар болжамды, өтінішті және рұқсат сұрауды да білдіреді. Сондықтан ауызекі тілде **can + V₁**’ді қолданған жөн.

Мысалдар:

I ’m able to translate scientific articles.
(= I can translate scientific articles.)

Мен ғылыми мақалалар аудара аламын.

Mary is able to play draughts very well although she is five. Мәри бес жаста болғанына қарамастан, дойбыны өте жақсы ойнай алады.

Although my niece is ten, she is able to speak three languages fluently. Жиенім он жаста болғанына қарамастан, үш тілде еркін сөйлей алады.

They type very quickly. They are able to type two hundred words a minute. Олар өте жылдам жазады, бір минутта екі жүз сөз жаза алады.

II. Was / were able to +V₁ = could + V₁

Was / were able to +V₁ модаль етістігі өткен шақта жасай алу мүмкіншілігін білдіреді. **Could + V₁** модаль етістігі **was / were able to +V₁** модаль етістігіне қарағанда ауқымдырақ. **Could + V₁** өткен шақта жасай алу мүмкіншілігімен қатар, өткен шақта қабілеттілік, шындыққа қарама-қайшы мүмкіншілік және сыпайы өтінішті білдіреді. Сондықтан сізге ауызекі тілде **could + V₁**'ді қолдануыңыз жөнінде кеңес береміз. Алайда **was / were able to +V₁** модаль етістігінің де жиі қолданылатынын ескертеміз.

Мысалдар:

A boy fell into the lake. Fortunately we were able to rescue him. Бір бала көлге түсіп кетті. Шүкіршілік, оны құтқара алдық.

Despite the storm, the plane was able to land on time. Ұшақ боранға қарамастан, уақытында қона алды.

Unfortunately, he wasn't able to beat his opponent. Өкінішке орай, ол қарсыласын жеңе алмады.

The police weren't able to catch the robbers. Полиция тонаушыларды ұстай алмады.

III. Will be able to +V₁ = can + V₁

Will be able to +V₁ модаль етістігі келер шақта қабілеттілікті және жасай алу мүмкіншілігін білдіреді. Ауызекі тілде **can + V₁**'ді қолданған жөн. Алайда **will be able to +V₁** модаль етістігінің де жиі қолданылатынын ескерткіміз келеді.

Мысалдар:

I hope, I will be able to pass the exam this time. Бұйыртса, бұл жолы емтиханнан өте аламын.

I'm sorry I won't be able to help on this matter. Кешіріңіз, бұл мәселеде сізге көмектесе алмаймын.

IV. Have / has been able to +V₁

a) I can use a computer.

Мен компьютер қолдана аламын.

ә) I have been able to use a computer for five years.

Мен бес жылдан бері компьютер қолдана аламын.

a) Tom can drive a car.

Том машина айдай алады.

ә) Tom has been able to drive a car since he was fifteen.

Том он бес жасынан бері машина айдай алады.

Мысалдар:

My sister has taken the driving test three times, but she hasn't been able to pass it yet. Әпкем жүргізуші емтиханына үш рет кірді, бірақ әлі өте алған жоқ.

He hasn't been able to find a job since he graduated from university. Ол университетті бітіргеннен бері жұмыс таба алмады.

Have you been able to save enough money to buy a car? Машина сатып алу үшін жеткілікті ақша жинай алдыңыз ба?

How long have you been able to drive a car? Сіз қанша уақыттан бері машина айдай аласыз?

HAVE + to +V₁

I. Have / has + to +V₁ осы шақта міндеттілікті, парызды білдіру үшін қолданыла отырып, қазақ тіліне **тиісті, міндетті, мәжбүр** деп аударылады.

I <u>have to get up</u> early every day.	Мен күнде ерте тұруға тиістімін.
I <u>don't have to get up</u> early every day.	Мен күнде ерте тұруға тиісті емеспін.
<u>Do you have to get up</u> early every day?	Сен күнде ерте тұруға тиістісің бе?
What time <u>do you have to get up</u> every day?	Сен күнде қаншада тұруға тиістісің

Мысалдар:

You have to renew your passports soon. Ең қысқа уақытта төлқұжаттарыңыздың мерзімін ұзартуға тиістісіздер.

She has to live on her pension. Ол зейнетақысына күнелтуге мәжбүр.

I don't have to work on Saturdays. Мен жексенбі күндері жұмыс істеуге мәжбүр емеспін.

He doesn't have to help you every time. Ол әрқашан саған көмектесуге тиісті емес.

II. Had + to +V₁ өткен шақта міндеттілікті білдіру үшін қолданыла отырып, қазақ тіліне **тиісті еді, тура келді, мәжбүр болды** деп аударылады

I <u>had to get up</u> early yesterday.	Мен кеше ерте тұруға тиісті едім.
I <u>didn't have to get up</u> early yesterday.	Мен кеше ерте тұруға тиісті емес едім.
<u>Did you have to get up</u> early yesterday?	Сен кеше ерте тұруға тиісті ме едің?
What time <u>did you have to get up</u> yesterday?	Сен кеше қаншада тұруға тиісті едің?

Мысалдар:

I lost my dictionary, so I had to buy a new one. Сөздігімді жоғалтып алдым, сондықтан жаңасын сатып алуға тура келді.

We had to postpone the meeting until next week. Жиналыста келесі аптаға қалдыруға мәжбүр болдық.

I didn't have to work last Saturday.

Мен өткен сенбіде жұмыс істеуге тиісті емес едім.

We were lucky, because we didn't have to wait very long for the dean.

Жолымыз болды, өйткені деканды көп күтуімізге тура келген жоқ

III. Will have + to + V₁ келер шақта міндеттілікті білдіру үшін қолданылады. Қазақ тіліне «тиісті, тура келеді, мәжбүр болады» деп аударылады

I'll have to get up early tomorrow.

Мен кеше ерте тұруға тиістімін.

I won't have to get up early tomorrow.

Мен кеше ерте тұруға тиісті емеспін.

Will you have to get up early tomorrow?

Сен кеше ерте тұруға тиістісің бе?

What time will you have to get up tomorrow?

Сен кеше қаншада тұруға тиістісің?

Мысалдар:

I will have to work on Saturdays next year.

Келесі жылы сенбі күндері жұмыс істеуге тиістімін.

We will have to hire an interpreter if Zhanar doesn't come.

Жанар келмесе, аудармашы табуымызға тура келеді.

Mum, you won't have to wash the dishes by hand. I will buy you a dishwasher soon.

Анашым, ыдыс-аяқты қолыңмен жууға мәжбүр болмайсың. Жақында сізге ыдыс жуатын машина сатып аламын.

We won't have to attend lectures next year.

Біз келесі жылы лекцияларға қатысуға тиісті емеспіз.

USED + to + V₁

Used to + V₁ өткен шақта дағдылы орындалып, қазір орындалмайтын іс-қимылдарды білдіру үшін қолданылады. Мысалы:

I used to eat ten ice-creams a day when I was a child.

Мен бала кезімде күнде он балмұздақ жейтінмін.

I didn't use to eat any ice-creams when I was a child.

Мен бала кезімде еш балмұздақ жемейтінмін.

Мысалдар:

My father gave up smoking last month. He used to smoke two packets of cigarettes a day.

Әкем өткен ай темекі шегуді тастады. Ол күніне екі қорап темекі шегетін.

She used to spend his holiday in Balkash until she got married.

Ол үйленгенге дейін, демалысын Балқашта өткізетін.

You didn't use to play with toys when you were a child.

Сен бала кезінде ойыншықтармен ойнамайтынсың.

He didn't use to smoke at all when he studied at university.

Ол университетте оқып жүргенде, еш темекі шекпейтін.

NEED + to + V₁

Need to + V₁ қажеттілікті білдіреді, көбінесе Simple Present пен Simple Past'ta қолданылады. Мысалы:

You need to go on a diet.	Сенің диета ұстауың керек.
You don't need to go on a diet.	Сенің диета ұстауына керек жоқ.
Do you need to go on a diet?	Сенің диета ұстауың керек пе?
What kind of diet do you need to go on?	Сенің қандай диета ұстауың керек?

Мысалдар:

You need to get a visa to go to Russia.	Ресейге бару үшін виза алуыңыз керек.
He needs to enter the TOEFL exam.	Оның TOEFL емтиханын тапсыруы керек.
She doesn't need to work on Saturdays.	Оның сенбі күндері жұмыс істеуі керек емес.
We didn't need to attend the conference, so we didn't.	Конференцияға қатысуымызға керек емес еді, сондықтан қатыспадық.

OUGHT TO + V₁

Ought to + V₁ ақыл-кеңес беруде қолданылады, оның **should + V₁** модаль етістігімен мағынасы бірдей. Алайда **should + V₁** жиі қолданылады. Мысалы:

You ought to go on a diet.	Сіздің диета ұстауыңыз керек
You ought not to go on a diet.	Сіздің диета ұстамауыңыз керек.

Мысалдар:

You ought to change your job.	Сізге жұмысыңызды ауыстыру керек.
